Компрессорлық бөлшектер біріктірілген жолмен майлайды. Май сорғысы 20 құрған қысыммен (3.2-суретті қараңыз) майлау кранкфельдің кранкпиніне, қосылғыш шыбықтардың саусақтарына және поршеньдік біліктеріне беріледі. Қалған бөліктер қарсы майлармен және қосымша кронштейннің баланстары бар маймен бүркіп кетеді. Май резервуары - компрессорлық кранды. Май түтік 9 арқылы жанармай құйылады және оның деңгейі мұнай индикаторы (зонд) арқылы өлшенеді. Май деңгейі мұнай индикаторының тәуекелдері арасында болуы керек. Май сорғысына кіретін майды тазалау үшін, 25 май сүзгісі краны қолданылады.

Май сорғысы (3.8 сурет) ұшты басу және роликтің саңылауын орналастыру үшін төртбұрыш тесікшеге ұшырап, кранкфильден жүргізіледі. Май сорғысы 1 қақпағы, корпусы 2 және фланец 3 төрт саңылаумен байланыстырылған 12 Қақпақ 1, корпус 2 және фланец 3 екі шұңқырлармен 11 ортаға салынады. Роликте 4 екі серіппелі диск бар, оған 5 серіппелі 6 тетік кіргізілген. Сәл сығымдалған корпус пен ролик дискінің арасында тегіс жер бар.



3.8-сурет. Майлау сорғысы:

1 – қақпа; 2 – сорғы корпусы; 3 – фланец; 4 – білікше; 5, 9 – серіппе; 6 – қалақ; 7 – қысқарту клапанының корпусы; 8 – шар типті клапан; 10 – реттеуіш винт; 11 – сұққыш; 12 – түйреуіш; А, В – келтеқосқыш; С – желі

Кранның білігі айналған кезде, пышақтар 6 центрифугалық күшіне байланысты серіппелі 5 корпусының қабырғаларына қарсы басылады. Май кранкасынан А сұйықтығы арқылы сорылады және пышақпен

алынған сорғы корпусына кіреді. Майды сығымдау пышақтардың айналуы кезінде орақ тәрізді қуысты азайтады. Сығымдалған май С-арнасы арқылы компрессордың мойынтіректеріне бағытталады.

Манометрден жасалған құбыр В орнатымына қосылған. Сорғы мен манометр арасындағы құбырдағы майдың берілуіне байланысты манометрдің 15 көрсеткішінің (3-суретті қараңыз) тербелістерін түзету үшін диаметрі 0,5 мм, сыйымдылығы 0,25 л-ден 17 резервуары және ажыратқыш клапаны бар

Манометрден жасалған құбыр В орнатымына қосылған. Сорғы мен манометр арасындағы құбырдағы майдың берілуіне байланысты манометрдің 15 көрсеткішінің (3-суретті қараңыз) тербелістерін түзету үшін диаметрі 0,5 мм, сыйымдылығы 0,25 л-ден 17 резервуары және ажыратқыш клапаны бар.



Кранкаптың жылдамдығы артады, центрифугалық күштердің әсерінен орынға қарсы клапанды басқан күш күшейіп, клапанды 8 ашу үшін үлкен май қысымын қажет етеді.

400 айналымның айналу жылдамдығы кезінде майдың қысымы кемінде 1,5 кгс / см² болуы керек.

КТ-7 компрессоры КТ-6 компрессорының оң жағында емес, кернеудің сол жақ айналуын (дискінің жағынан қараған кезде) алады. Бұл жағдай желдеткіштің конструкциясының салқындатқыш ауа ағынының алдыңғы бағытын, сондай-ақ мұнай сорғысын ұстап тұруын өзгертуге әкеледі. КТ-6Э1 компрессорының клапан қораптарында жүктеу құрылғылары жоқ, себебі ол тегіс жұмыс режиміне кірмейді, бірақ тоқтайды. Бұл компрессордың майлау тетігінің пульсациясын өшіруге арналған резервуардың қажеті жоқ, өйткені компрессордың салыстырмалы түрде төмен қозғалтқыш жылдамдығы мен май сорғышының ролі көрсеткішінің елеулі импульсіне ие емес және бұл жиіліктегі компрессордың дірілі іс жүзінде айнамайды

3.3. ПК-5,25 және ПК-3,5 компрессорлары

ПК-5,25 компрессоры – қос сатылы, алты цилиндрлі, цилиндрлері V-тәріздес поршеньдер, ауа салқындатқышымен және түтік тәріздес тоңазытқышта сығылған ауаны аралық салқындатуы бар. Компрессордың жетегі электрқозғалтқыштан, сондай-ақ дизельден де жүзеге асырыла алады.



3.9-сурет.ПК-5,25 компрессоры:

I – майды электр жылытқыш; 2 – майкөрсеткіш (куыс бұрғы); 3 – ЖҚЦ; 4 – ЖҚЦ клапан қорабы; 5 – сақтандырғыш клапан; 6 – тоңазытқыш; 7 – ТҚЦ клапан қорабы; 8 – ТҚЦ; 9 – сорғыш ауа сүзгісі; 10 – май сүзгісі;
II – иінді білік; 12 – май айдайтын сорғы; 13 – ауа шығарғыш; 14 – корпус; 15 – желдеткіш; 16 – жетдеткіш тіреуі; 17 – сына-белдікті беріліс; 18 – қапак; 19 – жалғастырғыштың тісі; 20 – жетектегі жартылай жалғастырғыш; 21 – жетекші жартылай жалғастырғыш; 22 – ағызғыш тығыны

ПК-3,5 компрессорының ПК-5,25 компрессорынан цилиндрлерінің санымен (алтауының орнына төртеу), өнімділігімен және тұтынатын қуатымен ерекшеленеді.

ПК-5,25 компрессорларын негізінде ТЭП70 және ТЭМ7тепловоздарында қолданылады, ал ПК-3,5компрессорларын – гидроберілісі бар өнеркәсіптік көлік тепловоздарында қолданылады.

ПК-5,25 компрессорының шойын корпусы 14 (3.9-сурет) оған түйіндер мен бөлшектерді бекітуге қызмет етеді және бір мезгілде қартер болып табылады. Корпустың алдыңғы бөлігі қақпақпен 18 жабылған, онда иінді білік мойынтірегінің бірі орнатылған. Корпустың бүйір беттерінде, қартердің ішінде орналастырылған бөлшектерге қолжеткізуге арналған төрт люк (әр жағынан екеуден) және қуыс бұрғыға арналған құйылыс 2 орнатылған.

Қартердің түбінде майлы сүзгі 10 және электржылытқыш 1 орнатылған.

Корпусына түйреуіштермен алты шойын цилиндрлер бекітілген: үш ТКЦ 8 және үш ЖҚЦ 3. Барлық цилиндрлердің жылу бергіштігін жақсартуға арналған қабырғалауы бар. Корпустың ішкі қуысы атмосферамен конструкциясы бойынша КТ-6 компрессорының ауашығарғышына ұқсас, бірақ өлшемі кішкентай ауашығарғыш 13 арқылы байланысады.


Болат иінді біліктің 11 аурлықтары бар алты бұлғақты мойыны бар және үш шарикті мойынтіректерде айналады. Әрбір бұлғақты мойында екі бұлғақтан орналасқан. Иінді білік бүйіржағына майлы сорғының жетегін орнатуға арналған шаршы тәріздес саңылауы бар төлке престелген. Иінді білік денесінде бұлғақты мойынтіректерге майды жеткізуге арналған саңылаулар бар.

ТКЦ поршеньдері алюминий қорытпасынан, ал ЖҚЦ поршеньдері – шойыннан жасалған. Әрбір поршеньде екі қыспа және екі май сылғыш сақиналар орнатылған.

Цилиндрлердің жоғарғы цилиндрлеріне түйреуіштермен бірінші сатылы клапан қораптары 7 және екінші сатылы клапан қораптары 4 бекітілген, онда сору және айдау клапаны орналастырылады. Әрбір клапан қорабы аралықпен сору және айдау қуыстарына бөлінген.

Клапан 2 және 5 екі тақтадан (3.10-сурет) және өздгінен серпімді клапанды пластиналардың 3 екі тобынан тұрады. Тақталар бір-бірімен бұрандамамен 6 байланыстырылады және сомынмен 7 бекітіледі. Сыналар 4 платиналарды бойлық қозғалудан сақтайды. Тақтайлардың әрқайсысы бір мезгілде ершіктері бар пластиналардың бір тобына, ал екіншісіне – көтерілу шектеуіші ретінде қызмет көрсетеді. Осылайша, клапан тақтайларының бір жұбы жиынтықта бір цилиндрдің сору және айдау клапандарын біріктіреді.

Поршень төмен қозғалған кезде сору клапанының пластиналары төменгі тақтайдың 5 шұңқырының доғалы (ұяшық) бойынша майысады, олар сол сәтте (клапан жүрісінің) көтерілу шектеуіштері болып табылады, ал айдау клапанының пластиналары төменгі плитаға



3.10-сурет. ПК-5,25 компрессорының клапандары:

1 – клапан қорабының корпусы; 2, 5 – клапан тақтайлары; 3 – клапан пластинасы; 4 – сына; 6 – бұрандама; 7 – сомын

жабыстырылады 5, ол олар үшін бұл жағдайда ершік болып табылады. Поршень жоғары қозғалған кезде сору клапанының пластиналары жоғарғы тақтайға 2 жабыстырылады, ол бұл жағдайда ершіктің қызметін атқарады, ал айдау клапанының пластиналары жоғарғы тқтадың 2 шұңқырының (ұяшық) доғалы бойынша майысады, олар осы сәтте көтерілу шектеуіштері (клапан жүрісі) болып табылады.

ЖҚЦ әрбір клапан қорабында он-оннан сору және айдау пластиналары бар, ал ЖҚЦ клапан қорабында – төрт-төрттен сору және айдау пластиналары бар.

Компрессормен сорылатын ауа, ЖҚЦ клапан қораптарымен 7 байланыстырылған ауа сүзгілерінде 9 тазартылады (3.9-суретті қараңыз). Қысу сатыларының арасында ауа, $3,5 \text{ кгс/см}^2$ қысымға ретке келтірілген сақтандырғыш клапаны 5 бар аралық тоңазытқышта 6 салқындайды.

Тоңазытқыш, клапан қораптары және цилиндрлер, тіреуде 16 орнатылған желдеткішпен 15 үрленеді және иінді біліктен сына-белдікті беріліс 17 арқылы тартылады.

Майлау материалын беру майлау сорғысымен 12 жүзеге асырылады, ол конструкциясы бойынша КТ-6 компрессорының майлы сорғысына ұқсас, тек қана сорғының корпусы, қалақшалар және жетек білікшенің дискілері жіңішкерек жасалған, бұл иінді біліктің 1450 айн/мин айналу жиілігінде сорғының қажетті өнімділігін қамтамасыз ету мақсатында жасалған. Редукциялық клапан арқылы артық майды шығару компрессордың қартерінде жүзеге асырылады.

ПК-5,25 және ПК-3,5 компрессорлары жетектегі төлкелі-тісті жалғастырғышпен жабдықталған. Тістермен 19 байланыстырылған жетекші 21 және жетектегі 20 жартылай жалғастырғыштардың арасында, компрессор немесе қозғалтқыштың орналастырылуын бұзбастан, желдеткіштің сына-белдікті берілісінің белдігін 17 ауыстыруды қамтамасыз етуге арналған саңылау қарастырылған.

ПК типті компрессорлар бос жүріс режиміне ауысуға арналған жеңілдеткіш құрылғылармен жабдықталмаған. Дизельді жетегі бар тепловоздардағы олардың жұмысын қамтамасыз ету үшін бос жүрістің арнайы клапандары қарастырылған, олардың конструкциясы және әрекет ету принципі бұдан әрі қарастырылатын болады.

3.4. ЭК-7Б және ЭК-7В компрессорлары


ЭК-7Б және ЭК-7В компрессорлары – бір сатылы, цилиндрлері көлденеңінен орналасқан қосцилиндрі бар, сәйкесінше тұрақты және айналымы тоқты электрпойыздарда қолданылады. Олар бір бірінен тек қана жетекті электрқозғалтқыш түрімен ғана ерекшеленеді.

Компрессордың шойын корпусының 1 (3.11-сурет) екің қуысы бар: қуыстың сол бөлігінде қосатылы бәсеңдеткіш орнатылған, ал оң жақ бөлігінде – екі бір қатарлы 19 және 21 шарикті мойынтіректері бар иінді білік 2 орналастырылған.

Бәсеңдеткіш тегершіктерден 26және 27 және тегершік блоктарынан 12 және14тұрады, олар эксцентрікті өсте 16 айналады,олардың ұштарында тіреу мойындары18бар.Өстің қалпы 16 тоқтатқыш бұрамамен 11 бекітеледі. Жақсы майлануы үшін эксцентрікті өс 16 төрт өтпелі майлы каналдары 17 бар қуыс түрінде орындалған. Тегершікке 14 қола төлке 13 престелген. Электрқозғалтқыштың білігіне 28 орнатылған тегершік 27, тегершік блоктары 12 және 14 арқылы, компрессордың иінді білігінде орнатылған тегершікке 26 айналым береді. Бәсеңдеткіш тегершіктері ішінара майлы ваннаға салынған және бәсеңдеткішті тұтастай майлайды.

1 корпуста 22 және 25 қақпақтармен жабылған терезелер бар. Қақпақта 25 ауашығарғыш 24орнатылған. Копустың фланеціне қақпақпен 9 жабылған цилиндрлер блогі 7 бекітілген.Цилиндрлердің арасында аралық бөліктің 8 корпусы орнатылған. Цилиндрлердің блогі және қақпақтың жылуберілісін жақсартуға арналған қабырғалаулары бар. Аралық бөліктің корпусында, ПК-5,25 компрессорының клапандарының конструкцияларына ұқсас пластиналы серіппелі сору және айдау клапандары бар. Әрбір цилиндрге алты-алты пластинадан жұмыс істейді: үшеуі соруға және үшеуі айдауға.

Шойын поршеньдерббұлғақтармен 10 поршень сұққыларының 5 көмегімен байланыстырылған. Бұлғақтардың артқы бастиектерінің (иінді білік жағынан) ашпалы қақпақтары 23 бар алмалы мойынтіректері 3 бар;



3.11-сурет. ЭК-7Б және ЭК-7В компрессорлары:

1 – корпус (картер); 2 – иінді блік; 3 – сырғыма мойынтірек; 4, 13 – қол төлкелер; 5 – поршень сұққысы; поршень 6 – поршень; 7 – цилиндрлер блогі; 8 – аралық бөлік корпусы; 9, 22, 23, 25 – қақпақтар; 10 – бұлғақтар; 11 – стоктатқыш бұрама; 12, 14, 26, 27 – тегершіктер; 15 – ағызу тығыны; 16 – өс; 17 – майлы канал; 18 – тіреу мойыны; 19, 21 – шарик мойынтіректер; 20 – шашыратқыштар; 24 – ауашығарғыш; 28 – электрқозғалтқыш

Бұлғақтардың алдыңғы бастиектеріне қола төлкелер 4престелген. Әрбір поршеннің төрт жылғалары бар: қыспа сақиналарын орнаутға арналған екі жоғарғы және екі төменгісі – май сылғыш сақиналарға арналған. Бұлғақтарда 10 шашыратқыштар 20бекітілген, олар иінді білік айналған кезде, бөлшектердің жұмыс бетерінде шөгетін майлы тұман түзеді.

Майдың деңгейін арнайы қуыс бұрғымен бақлайды, ал майдың қартерден түсуі, тығынмен 15 жабылатын ағызу саңылауы арқылы жүргізіледі.

Компрессордың жұмыс барысында иінді біліктің бір айналымына әрбір цилиндрде алма кезек ауаның сорылу және айдаудың толық циклі іске асырылады.

3.5. К-2 компрессоры


К-2 компрессорлары – қос сатылы, цилиндрлерінің W-тәріздес орналасуы бар үш цилиндрлі, чех өндірісінің локомотивтерінде – ЧС электровоздарында және чмэ тепловоздарында орнатылған.

К-2 компрессоры (3.12-сурет) корпустан 6, цилиндр өстерінің арасындағы құлау бұрышы 60° тең болатын екі ТКЦ 37 және бір ЖКЦ 2 тұрады. Корпустың жоғарғы бөлігінде цилиндрлерді орнатуға арналған үш аялдау фланецтері және бір ауашығарғыш 5 бар, корпустың бүйірінде орналасқан фланецтер қақпақтарды 12 (электрқозғалтқыш жағынан) және 18 (майлы сорғының корпусының 20 жағынан) орнатуға қызмет етеді, төменгі фланец майлы ваннаны 13 бекітуге арналған.

Цилиндрлерде клапан қораптары 1 және 38 орнатылған, оларда бір сору және бір айдау клапандары 16 орнатылған. Клапандарды бекіту стақанмен 15 және қақпақпен 39жүзеге асырылады. К-2 компрессорының клапандары (3.13-сурет) өз конструкциясы бойынша КТ-6 компрессорының клапандарына ұқсас.

Болат иінді білік, қақпақтарында орнатылған 12 (3.12-суретті қара) және 18 екі тірек екіқатарлы роликті мойынтіректерде айналады. Иінді білік беттеріне 10 түйреуіштердің 9 және тәжді сомындардың 7 көмегімен ауырлықтар 8бекітілген. Иінді біліктің артқы ілмегі қақпақпен 23 жабылған. Бұлғақтардың жоғарғы бастиектері 17 қола төлкемен престелген алынбайтындар, ал төменгі бастиектері – қақпақтары 33 мен тайғанау мойынтіректері бар алынбалы. Қақпақ 33 бұлғаққа бұрандалармен 32 бекітіледі.

Силуминді поршеньдер3 және 36 бұлғақтармен поршень сұққыларымен 4 жалғастырылады. Поршеньдердің үш-үштен қыспа сақиналары 35 және екі-екіден май сылғыш 34сақиналары бар. Майдың ағып кетуін болдырмау үшін иінді білік 10 қақпаққа 12 тығыздамамен 11 тығыздалған.




3.12-сурет. К-2 компрессоры

1, 38 – клапан қораптары; 2 – ЖҚЦ; 3, 36 – поршеньдер; 4 – поршень сұққысы; 5 – ауа шығарғыш; 6 – корпус; 7 – тәжді сомын; 8 – ауырлық; 9 – түйреуіш; 10 – иінді білік; 11 – тығындама; 12, 18, 23, 27, 33, 39 – қақпақтар; 13 – майлы ванна; 14, 30 – ағызу тығындары; 15 – стакан; 16 – айдау клапаны; 17 – бұлғақтар; 19 – редукциялық клапан; 20 – майлы сорғының корпусы; 21 – майлы канал; 22 – сақиналы қырнау; 24 – қозғалтқыш тегершік; 25, 26, 29 – тегершіктер; 28 – аралық фланец; 31 – жалғама құбыр; 32 – бұранда; 34 – май сылғыш сақиналар; 35 – қыспа сақиналар; 37 – ТҚЦ

Компрессорды майлау қиыстырылған тәсілмен жүзеге асырылады: цилиндрлер, поршень сақиналары және роликті мойынтіректерді компрессордың айналмалы бөліктерімен шашыратылатын маймен майлайды; поршень сұққысы, бұлғақ мойынтіректері және иінді білік мойындары – тегершікті типтегі майлы сорғымен жасалатын қысыммен майланады.

Аралық фланеці 28 және қақпағы 27 бар майлы сорғының корпусы 20 қақпаққа 18 бекітілген. Компрессордың иінді білігінде қозғалтқыш тегершік 24 орналасқан, ал сорғының білігінде 25, 26 және 29 тегершіктер орналастырылған. Май ваннадан 13 жалғама құбырдың 31 бойымен сорғыға келіп түседі және иінді біліктің денесіндегі сақиналы қырнау 22 және канал 21 арқылы бұлғақты мойынтіректерге және редукциялық клапанға 19 келіп түседі. Жұмыс істеп тұрған компрессор майының қысымы 2,5 ... 3,0 кгс/см² құрайды.



3.13-сурет. К-2 компрессорының клапандары:

a – сору; *б* – айдау

Осы мәннен асырған жағдайда редукциялық клапан 19 майдың бір бөлігін қартерге лақтырады.


К-2компрессорының жұмысы КТ-6 компрессорының жұмысына ұқсас.

3.6. Қысымды реттегіштер

Қысымды реттегіштері компрессордың электрқозғалтқышын автоматты түрде іске қосуға және ажыратуға немесе басты сұйық қоймалардағы қысымға байланысты, компрессорды бос жүріс режиміне және кері ауыстыру үшін қызмет етеді.

Қысымды реттегіш ЗРД компрессордың жетегі дизельден болатын тепловоздарда қолданылады. Ол корпустан 9 (3.14-сурет) тұрады, онда үлгілем сомындары 8 бар екі бұранда өзегі 5, қарсысомындар 7 жәнреттеуші серіппелер 4 және10бар.Үлгілем сомындарының шығынқылары корпустың 9 тік ойығында орналастырылады, бұл олардың бұранда өзектерінде 5 айналуларын болдырмайды.

Серіппе 4 ажырату клапанына 3 тіреледі, ал серіппе 10 – қосу клапанына 11. 3 және 11 клапандарының төменгі қапталды беттері қиыстырылған күйінде жасалған – жұмыс және үзілулік (сақиналы) аландар түрінде. 3 және 11 клапандарының 2 және 12бағыттауыштарында (ұяшықтарында) тігінен орын ауыстыру мүмкіншіліктері бар.



3.14-сурет. ЗРД қысымды реттегіші:

1 – кері клапан; 2, 12 – бағыттауыштар; 3 – ажырату клапаны; 4, 10 – серіппелер; 5 – бұранда өзегі; 6 – сүзгі; 7 – қарсы сомын; 8 – үлгілем сомын; 9 – корпус; 11 – қосу клапаны; 13 – кері клапанның ершігі

Бағыттауышқа 12 серіппеленген кері клапанның 1 ершігі 13 бұралған. Реттегішкорпусының ішкі қуысы аралықтармен үш камераға бөлінген: ажырату клапаны (сол жақ), бас сұйық қойма (орта) және қосу клапаны (оң жақ). Корпустың орталық камерасында ат қылымен толтырылған толтырындысы бар сүзгі 6 орналастырылған.

Ажырату клапанының 4 серіппесін $8,5 \text{ кгс/см}^2$ қысымға ретке келтіреді – $7,5 \text{ кгс/см}^2$. Серіппелердің 4 және 10 күштеуі бұрандаөзектерінің айналуымен өзгертеді, онда үлгілем сомындар 8 тік бағытта орын ауыстырады. Бос жүріске аыстыру қысымын солжоқ бұранда өзегін 5 айналдыра отырып реттейді, ал юұмыс жүрісіне – оңжақ өзекпен. Реттегеннен кейін 5 өзектерді қарсы сомындармен 7 бекітеді.

Корпустың төменгі бөлігіне (аялдау плитасына), сору клапандарында орнатылған РУК компрессорының жүктеме түсіру құрылғысынан бұрандасының диаметрі $У_2''$ түтіктер байланыстырылған. Реттегіштің корпусында атмосфералық кіру Ат бар.

Компрессордың қуатпен жұмыс барысында сығылған ауа ГР қысымды реттегіштің орта бөлігіне өтеді, ол жерден сүзгі 6 арқылы өшіру клапанына 3 келіп түседі, оның жұмыс алаңына әсерін тигізеді, және кері лқапанға 1 келіп түседі. Сол сәтте қосу клапанының камерасы, РУК құбыр желісі компрессордың жүктеме түсіру құрылғысына және, сәйкесінше, қуыс

диафрагманың үстіне 14 (3.4-суретті кара) АТ саңылауы арқылы атмосферамен байланысқан. ГР қысымы $8,5 \text{ кгс/см}^2$ дейін артқан кезде, өшіру клапаны 3 (3.14-суретті кара) өз ершігінен жоғары шығып кетеді. Сонымен бірге ауа қысымы клапанның көп (үзілулік) алаңына таратылады, бұл оның нық көтерілуін туындатады. Өшіру клапанын 3 ашу ауаның қосу клапанынан 11 өтуін қамтамасыз етеді, ол да ашылады (жоғары көтеріледі), себебі оның серіппесі $7,5 \text{ кгс/см}^2$ қысымға реттелген. Қосу клапаны, бағыттаушының (ұяшықтың) 12 жоғарғы қапталды бөлігіне сүйене отырып, реттеуіштің оң жақ камерасын РУК каналынан бөлектейді. Сонымен бірге РУК каналы атмосферамен байланысуын тоқтатады, ал реттегіштің оң жақ камерасы Ат байланысын жалғастырады.

Жоғары көтеріле отырып, қосу клапаны 11 ГР ауаның, ертеректе ашылған өшіру клапаны 3 арқылы РУК каналына өтуін қамтамасыз етеді және кері клапанды 1 босатады, ол өз серіппесімен жоғары көтеріледі (ашылады) және ГР ауаны РУК каналына және бір мезгілде төменгі көлденең канал бойымен аялдау бөлігіне – өшіру клапанының сол жақ камерасына өткізуді бастайды. Реттегіштің сол жақ камерасындағы жоғары қысым серіппенің 4 күшімен бірге өшіру клапанының 3 ершігіне отырғызуды (жабу) қамтамасыз етеді. Клапанның осындай қалпында 3 ауа РУК каналына тек қана ашық кері клапан 1 арқылы өтетін болады.

РУК каналынан ауа қуысқа компрессордың жүктеме түсіру құрылғыларының диафрагмасының 14 үстінен өтеді. Сонымен бірге диафрагма 14 төмен майысады және поршеньге 13 әсер етеді, ол 10 және 12 серіппелерінің күшін тойтара отырып, өзекті 11 және тіреуішті 9 төмен қозғалтады. Соңғысы өз тістерімен ершіктен сору клапандарының клапандық пластиналарын сығады және оларды осы қалыпта (ашық) ұстап тұрады. Компрессор бос жүріс режиміне өтеді, онда ТҚЦ ауаны атмосферадан сорып алады және оны сору сүзгілері арқылы кері итереді, ал ЖҚЦ тоназытқышта қалған ауаны сорады, және оны қайтадан тоназытқышқа итереді.

ГР қысымы $7,5 \text{ кгс/см}^2$ дейін төмендегеннен кейін, серіппе 10 ершікке қоса клапанын 11 түсіреді (3.14-суретті кара), ол кері клапанды 1 төмен қозғалтады (жабады). Сонымен бірге ГР ауаның компрессордың жүктеме түсіру құрылғысына келіп түсуіне кедергі келтіріледі, ал өшіру клапанының камерасы және РУК каналы қосу клапанының камерасымен және одан әрі Ат байланысады. Сығылған ауа, жүктеме түсіру құрылғысының диафрагмасының үстіндегі қуыстан қысымды реттегіш арқылы атмосфераға шығады. Сонымен бірге серіппе 10 (3.4-суретті кара) жоғары қарай тіреуішті 9 сығады, ал серіппе 12 – поршеньді 13. Сору клапандарының клапан пластиналары өздерінің конус тәріздес серіппелерімен ершікке қыспақталады, және компрессор қайтадан жұмыс режиміне өтеді.

Қос секциялы тепловоздарда, қос секцияның компрессорларының жұмысын басқаратын қысымды реттегіш, тек бір секцияда қосылады, ал екіншісінде оны ГР және жүктеме түсіру құрылғыларымен байланыстыратын құбыр желілеріндегі ажыратылған қранды жабумен өшіріледі.

АК-11Б қысымды реттегішін компрессорының жетегі электрқозғалтқыштан болатын жылжымалы құрамда қолданады. Реттегіш



пластмасса негізден – фланеці 4 және қаптамасы 10 бар плиталардан 6 (3.15, а - сурет) тұрады.

Фланецпен негіздің арасында резеңке диафрагма 3 орнатылған. Плитада 6 бұрандасы 11 бар кронштейн 9, қозғалмайтын байланыс 8, метал жұқа тақтайшалары 14 бар екі тіреуіштер 17 және пластмасса бағыттаушы 19 бекітілген. Негізіне пластмасса сояуыш 1 орналастырылған, ол бір ұшымен резеңке диафрагмаға 3 тіреледі, ал екіншісімен – реттеу серіппесіне 18, ол өз кезегінде пластмассада жасалған жұқа тақтайшаға 16 тіреледі. Метал жұқа тақтайшада 14 бұрандама 15 бар, оның айналуымен жұқа тақтайшаны 16 жылжытуға болады және онысымен серіппенің 18 тартылысын өзгертуге болады. Иінтіректің 13 екі өсі бар: сояуыш 1 арқылы өтетін қозғалмалы 2, және бағыттаушыдағы 19 қозғалмайтын 5. Иінтірекке 13 серіппенің 7 көмегімен жылжымалы байланыс 12 тақастырылған.

Электровоздарда қысымды реттегіш, басты сұйыққоймадағы қысым $9,0 \text{ кгс/см}^2$ болғанда компрессордың электрқозғалтқышының өшуіне және $7,5 \text{ кгс/см}^2$ қысымда қосуға орнатылады, ал электрпойыздарда сәйкесінше – $8,0$ және $6,5 \text{ кгс/см}^2$.

ГР қысым болмаған жағдайда реттегіштің бөлшектері 3.15, б – суретте көрсетілген қалыпта болады. Реттегіш серіппенің 18 күшімен сояуыш 1 шеткі сол жақ қалыпта болады, ал иінтіректің 13 қозғалмайтын өсіне 5 қатысты $a = 9^\circ$ бұрышымен орналасқан серіппе 7, жылжымалы бацланысты 12 жылжымайтын байланысқа 8 сенімді қыспақтайды, яғни компрессордың электрқозғалтқышының қуаттану тізбегі тұйықталған.

ГР қысым жоғарылаған жағдайда сояуыш 1 жылжымалы өсімен 2 бірге оң жаққа жылжи бастайды, ал иінтірек 13 жылжымайтын өсті 5 айнала бұрылады. Осындай жылжуда *абұрышы* кішірейе бастайды, және ол нөлге теңесе салысымен, яғни серіппенің 7 өсі жылжымалы байланыстың 12 өсімен сәйкес келгенде, жүйе тұрақсыз қалыпта болады (3.15, в - сурет). Кейінгі сояуыштың 1 мардымсыз жылжуында серіппе 7 лезде жылжымалы байланысты 12 жылжымайтын байланыстан 8 бұрандамаға 11 лақтырып тастайды (3.15, г - сурет), яғни, компрессор электр қозғалтқышының электр тізбегінің үзілуі орын алады.



3.15-сурет. АК-11Б қысымды реттегіш:

1 – сояуыш; 2 – жылжымалы өсі; 3 – резеңке диафрагма; 4 – фланец; 5 — жылжымайтын өсі; 6 – негіз (плита); 7, 18 – серіппелер; 8 – жылжымайтын байланыс; 9 – кронштейн; 10 – қаптам; 11, 15 – бұрандамалар; 12 – жылжымалы байланыс; 13 – иінтірек; 14, 16 – жұқа тақтайшалар; 17 – тіреуіш; 19 – бағыттауыш

Компрессорды өшіру қысымын (қысымды реттегіштің түйіспелерән ажырату) бұрандамамен 15 және сояуышқа 1 әсер ететін серіппенің 18 тартылысын өзгертумен реттейді. Серіппенің 18 күші қаншалықты жоғары болса, соншалықты ГР қысымы жоғары болған кезде реттегіштің түйіспелерінің ажырауы болады. Бұрандаманың 15 бір айналымы қысымды шамамен $0,4 \text{ кгс/см}^2$ өзгертеді.

Компрессорды қосу қысымы, дәлірек компрессорды қосу және өшіру қысымдарының ауытқуы, түйіспелер С ерітіндісіне байланысты, ол бұрандамамен 11 өзгертіле алады. Түйіспелердің ерітінділері қаншалықты аз болса, соншалықты ГР жоғары қысымында компрессор қосылады. Осылайша, $C = 5 \text{ мм}$ тең болған кезде, қосу және өшіру қысымының айырмашылығы шамамен $1,4 \text{ кгс/см}^2$ құрайды, $C = 15 \text{ мм}$ тең болған кезде – $1,8...2,0 \text{ кгс/см}^2$.

ЧС жолаушылар электровоздарында TSP-2B (TSP-11) қысымды реттегіштер қолданылады. Оның АК-11Б реттегішінен принципті ерекшелігі, сезімтал элемент ретінде диафрагманың орнына сильфон қолданылатындығында, ал электр тізбегінің коммутациясы үшін түйіспелердің екі жұбы қызмет етеді. Осы реттегіштің әрекет ету принципі АК-11Б реттегішінің әрекет ету принципіне ұқсас.

3.7. Басты резервуарлар


Басты резервуарлар сығылған ауа қорын жасауға, оны салқындатуға және ауадан конденсат пен майды бөлуге арналған.

Басты сұйық қойма (3.16-сурет) қалыңдығы 5 . 6 мм табақ болаттан жасалған цилиндрлік бөліктен 1, және қалыңдығы 6.8 мм болатын екі дөңес табандардан 2 тұрады. Құбыржолдардың қосылуы үшін дөңесшелер 3, ал шығару кранын орнату үшін – дөңесшелер 4 қарастырылған. Дөңесшелердің саны және олардың сұйыққоймадағы орналасуы басты резервуардың локомотивтегі монтаждау тәсіліне байланысты болады. Метал паспорт тақтайшасында 5 сұйық қойманы дайындаушы зауыт, зауыттық нөмірі, жасалған жылы, рұқсат етілген ең жоғарғы қысым және резервуардың көлемі көрсетіледі.

Басты резервуарлардың саны және олардың жалпы көлемін, компрессорлардың өнімділігін ескере отырып, жылжымалы составтың түріне қарай және пойыз тежеуіштерінің шығару және зарядтаудың оңтайлы шарттарына қол жеткізуіне қарай таңдайды.

Жылжымалы құрамның ауа резервуарларын қадағалау ережелеріне (ЦТ-ЦВ-ЦП-581) сәйкес басты резервуарлар, пайдалану барысында техникалық куәландырудың келесі түрлеріне ұшыратылады:

а) алғашқы – пайдалануға енгізу барысында;



3.16-сурет. Басты резервуарлар

а – ВЛ80^с, ВЛ11 және басқа электровоздар үшін көлемі 300 л; б – 2ТЭ10М, 2ТЭ116 және басқа тепловоздар үшін көлемі 250 л; в – электрлі және дизель пойыздар үшін көлемі 170 л; 1 – цилиндрлік бөлік (ернеуше); 2 – түбі; 3, 4 – дөңесшелер; 5 – паспорт тақтайшасы

б) кезенді – тікелей пайдалану барысында;

в) кезектен тыс – технологиялық режим бұзылған жағдайда;

г) апатты – резервуарлардың пішіні өзгерген немесе зақымданған жағдайларда.

Техникалық куәландыру (ТК) ішінара немесе толық болуы мүмкін.

Ішінара ТК жылжымалы құрамның кезекті жоспарлы жөндеу барысында 2 жылда 1 реттен жиі емес орындайды. Ішінара ТК өзіне техникалық құжаттаманы тексеру, сыртқы тексеру, сұйыққойманы ыстық сумен булау және жууды қамтиды. Сыртқы тексерудің міндеті оның механикалық және жемірулілік зақымдарын визуалды анықтау болып табылады.

Толық ТК өзіне ішінара ТК мөлшерін және гидравликалық сынау үшін резервуардың демонтажын қамтиды, ол тек сыртқы тексеру қанағаттанарлықтай болған жағдайда ғана жүргізіледі. Толық ТК 4 жылда 1 реттен жиі емес ТР-2, ТР-3, КР-1, КР-2 кезекті жөндеуден өткізген кезде, соның ішінде кезекті толық ТК-ға 1,5 жылдан аз уақыт қалған кезде өткізіледі.

Гидравликалық сынақтар өткізген кезде, қысымды бір типті, бір дәлдік класының (1,5 төмен емес), бір өлшеу диапазонында және юір бөлу бағасындағы екі манометр бойынша бақылау қажет. Сынау қысымын жұмыс плюс 5,0 кгс/см² тең деп, ал сынау уақытын – 10 мин кем емес деп алады.

Гидравликалық сынаулардың нәтижелері келесілер анықталмаған жағдайда қанағаттанарлықтай деп танылады:

негізгі металда және дөнекерлеп байланыстырылған жерлердегі ағулар, сызаттар;

бақылау операциясын орындау үшін қажетті уақытта манометр бойынша қысымның құлауы.

Басты сұйыққойманы тексеру және сынау туралы мәліметтерді оның техникалық паспортына енгізеді. Корпусына красками трафарет бойынша ішінара немесе толық өткізілген ТК күні мен орны жазылады.

Бақылау сұрақтары

1. Локомотивті компрессорлық қондырғының мақсаты қандай?
2. Жылжымалы құрамды қолданылатын компрессорлар қандай белгілері бойынша жіктеледі?
3. Компрессор жұмысының негізгі көрсеткіштері қандай?
4. КТ-6, КТ-7 және КТ-6Эл компрессорлары конструкцияларының айрықша ерекшеліктері қандай?
5. Локомотивті компрессорларда түйіндерді және бөлшектерді майлаудың қандайтәсілдері қолданылады?
6. ЗРД және АК-11Б қысымды реттегіштерінің құрылысы қандай және қалай жұмыс істейді?
7. Басты резервуарлардың мақсат-міндеті қандай?
8. Пайдалану барысында басты резервуарлар қандай техникалық куәландыру түрлерінен өтеді?

ТЕЖЕУІШТЕРДІ БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ

4.1. Машинисттің крандары. Машинист крандарының мақсаты мен түрлері

Машинисттің крандары жылжымалы құрамның тікелей әрекет етуші және тікелей әсер етпейтін тежеуіштерін басқаруға арналған.

Локомотивтерде екі типті крандар қолданылады:

уақытша;

бұрыштық.

Уақытша крандардың градациялық секторы бар, онда тұтқаның жұмыс қалыптары белгіленеді. Осы қалыптардағы кран тұтқасын ұсталымы сәйкес әрекетті алуды анықтайды. Осы түрдегі машинист крандарының бөліп таратқышы бар, ол тежеуіш магистралін (ТМ) басты сұйыққоймамаен (ГР) және атмосферамен (Ат) байланыстырады.

Бұрыштық крандардың әрекеті кран тұтқасының бастапқы қалыптан бұру бұрышына байланысты болады.

Машинист кранының конструкциясына келесі техникалық талаптар қойылады:

тежеуіштерді зарядтау және жіберу процестерін жылдамдату үшін басты резервуарлардың қысымдары қолданылуы тиіс ;

кран тежеуіш магистраліндегі кез келген жоғары зарядты қысымнан қарқынмен реттелетін зарядтау деңгейіне автоматты түрде өтуі тиіс;

тұтқаның пойыздық қалпында кран тежеуіш магистраліндегі талап етілген берілген қысымды сақтауы тиіс;

кранның қайта жабу қалпы болуы тиіс; дұрысы, екі қалыпты: тежеуіш магистралінен жылыстауларды қуаттандырумен және қуатандырусыз;

қызметтік тежеуді кран зарядтау қысымының кез келген деңгейінен белгілі қарқынмен қамтамсыз етуі тиіс, толық және сатылы;

тежеуіштерді босату толық немесе сатылы болуы тиіс;

кранның тұтқасын пойыздық жағдайда босатқан кезде тежеу магистраліндегі басты қысым секірісінің мәні мен тежеудің алдыңғы сатысындағы мәндерінің арасында автоматты түрде байланыс болуы тиіс;

шұғыл тежелу кезінде кран тежеу магистралінің атмосферамен тікелей байланысын қамтамсыз етуі тиіс.


4.2. Шарт. № 395 машинисттің пойыздық краны

Кранның конструкциясы. Пойыздық кран бес пневматикалық бөліктерден тұрады: төменгі бөлігінің корпусы 1 (4.1-сурет), зарядтау қысымын бәсеңдеткіш 2, орта бөлігі 3, қақпағы 4, жоғары зарядты қысымның 8 қарқынын және электрлік конторллерді 6 тұрақтандырғыштан тұрады.

Пневматикалық бөліктерінің конструкциясы шарт. № 395-000-2 машинист кранының мысалында түсіндіріледі. Кранның жоғарғы бөлігінде (4.2, а –сурет) өзекпен 3 кранның тұтқасымен 2 жалғастырылған бөліп таратқыш 6 бар. Кранның тұтқасы қарсы сомынмен 1 бекітілген және жоғарғы бөлігінің қақпағында 7 жеті белгіленген қалыптары бар. Өзек жоғарғы бөлігінде көмкерме-қақпақпен 4 тығыздалған.


Орта бөлігі 9 шойын құймасын білдіреді, оның жоғарғы бөлігі бөліп таратқыштың айнасы болып табылады. Орта бөлігінің корпусында қола төлке престелген, ол алюминийден жасалған кері клапанның 22 ершігі болып табылады.

Корпустың төменгі бөлігінде 14 қуыс денелі енгізу клапаны 16 және теңестіргіш поршень 11 бар, оның артқы ілмегі шығару клапанын түзеді. Теңестіргіш поршень резеңке көмкермемен 13 және жезді сакинамен 12 тығыздалған.



4.1-сурет. Шарт. № 395-000-2 машинистінің пойыздық краны:


1 – төменгі бөлігінің корпусы; 2 – бәсеңдеткіш; 3 – орта бөлігі; 4 – қақпақ; 5 – кранның тұтқасы; 6 – контроллер; 7 – кабелді бекітуге арналған жалғастық; 8 – тұрақтандырғыш



4.2-сурет. Шарт.Ж№ 395-000-2 машинист краны (а), оның бәсеңдеткіші (б)

және тұрақтандырғыш (в)

1 — контрсомын; 2 — тұтқа; 3 — өзек; 4 — өзектің көмкермесі; 5 — үлгілем тығырық; 6 — бөліп таратқыш; 7 — қақпақ; 8, 10 — төсемелер; 9 — орта бөлік; 11 — теңестіру поршні; 12 — жезді сақина; 13 — резеңке көмкерме; 14 — корпустың төменгі бөлігі; 15 — енгізу клапанының ершігі; 16 — енгізу клапаны; 17, 24, 31, 34, 39 — серіппелер; 18 — резеңке көмкерме; 19 — цоколь; 20 — бөліп таратқыш серіппесі; 21 — сүзгі; 22 — кері клапан; 23 — бітеуіш; 25 — қоректендіру клапаны; 26 — бәсеңдеткіш қақпақшасы; 27 — қоректендіру клапанының ершігі; 28, 36 — металдиафрагмалар; 29 — тіреуіш тығырық; 30 — бәсеңдеткіш корпусы; 32 — реттеуші стақан; 33 — тұрақтандырғыш қақпағы; 35 — қозғаушы клапан; 37 — тіреуіш тығырық; 38 — тұрақтандырғыштың корпусы; 40 — контрсомыны бар реттеуші стақан.



Енгізу клапаны серіппмен 17 ершікке 15 қыспақталады. Енгізу клапанының артқы ілмегі цоколда 19 орнатылған резеңке манжетамен 18 тығыздалған. Корпустың төменгі бөлігіне төрт түйреуіш түйрелген, олар кранның барлық үш бөлігін де 8 және 10 резеңке төсемелер арқылы, сондай-ақ торлы сүзгіні 21 бекітеді.


Зарядтау қысымының бәсеңдеткіші және жоғары зарядты қысымды жою қарқынын тұрақтандырғышы кранның төменгі бөлігіндегі корпуста бекітіледі.

Бәсеңдеткіш (4.2, б -сурет), тұтқаның пойыздық қалпында белгілі бір зарядтау қысымын кранның теңестірілген көлемінде ұстап тұруға арналған. Бәсеңдеткіш екі бөліктен тұрады: жоғарғы – қақпақтан 26 жәнет өменгі – корпустан30, олардың арасында метал диафрагма 28 қысылған. Корпустың жоғарғы бөлігінде қоректендіру клапанының 25 ершігі 27, серіппе 24 және бітеуіш 23 орналасқан. Төменгі бөлігіне реттеуіш стақан 32 бұралған, оның көмегімен реттеуші серіппенің 31 тірек тығырығына 29 күші өзгереді.

Тұрақтандырғыш (4.2, в -сурет) кранның теңестіруші көлемінен жоғары зарядты қысымды, тұтқаның пойыздық жағдайында автоматты түрде жоюға арналған. Тұрақтандырғыш диаметрі 0,45 мм калибрленген саңылауы бар қақпақтан 33, серіппесі 34 бар қоздырғыш клапаннан, метал диафрагмадан36, пластмасса тіреуіш тығырықтан 37, корпустан 38, реттеуіш серіппеден 39 және қарсы сомыны бар реттеуіш стақаннан 40 тұрады.


Кранның қолданылуы. Босату және зарядтау (4.3-сурет). Сығылған ауа қоректендіру магистралінен бөліп таратқыш камераның үстінен және екі кең каналмен тежеу магистраліне өтеді. Бірінші жол – бөліп таратқыш ойығымен 6, екіншісі – ашық енгізу клапаны16бойынша. Енгізу клапаны теңестіру поршенінің 11 артқы ілмегімен ашылған, оған теңестіру поршенінің үстіндегі У1 камерасының ауасы қысым көрсетеді. У1 камерасына ауа басты резервуарлардан екі жолмен өтеді: біріншісі – бөліп таратқыш каналы бойынша, екіншісі – бөліп таратқыш 6, сүзгі 21 және зарядтау қысымын бәсеңдеткіштің ашық қоректендіру клапаны 25 арқылы. Диаметрі 1,6 мм канал бойымен камерада теңестіру поршеньнің үстінен теңестіру сұйыққоймасы зарядталады. Теңестіру сұйыққоймасының қоректендіру каналы, бір мезгілде екі кең жолы бар қоректендіру магистралін тежеу магистралімен байланыстыра отырып, кранның тұтқасын І-қалыпта ұзақ уақыт бойы ұстап тұруға болатындай тартылған.

Кран тұтқасының І-қалпында теңестіру сұйыққоймасының манометрі бойынша қысымның мәнін таңдау мүмкін болса, ол тежеу магистралінде кран тұтқасын ІІ-қалыпқа ауыстырғаннан кейін орнатылады.



4.3-сурет. Тұтқаның алғашқы қалпында шарт. № 395 кранның қолданылуы (белгілерді 4.2-суреттің жазбаларында қараңыз)

Жоғары зарядты қысымды автоматты түрде жою. Машинист краны тұтқасының пойыздық жағдайында теңестіру сұйыққоймасы УР (4.4-сурет) және У1 теңестіру поршенінің үстіндегі камера бәсеңдеткіштің метал диафрагмасының 28 үстіндегі У2 камерасымен және тұрақтандырғыштың қоздыру клапанының 35 камерасымен байланысады. Серіппенің 39күшімен диафрагма 36жоғары майысады және қоздыр клапанын 35 ашады. Теңестіру сұйыққоймасындағы ауа диафрагмой 36 үстіндегі У3 камерасына өтеді және диаметрі 0,45 мм калибрленген саңылауы бойынша (4.2, в –суретті кара)атмосфераға шығады.



4.4-сурет. Тұтқаның алғашқы қалпында шарт. № 395 қранның қолданылуы (белгілерді 4.2-суреттің жазбаларында қараңыз)

УЗ камерасындағы ауаның қысымы серіппенің 39 күшіне сәйкес тұрақты сақталады. Теңестіру көлемінен ауаның атмосфераға шығуы УЗ камерасындағы тұрақты қысымда үнемі болып тұрады, бірде тұрақтандырғыш теңестіру көлемінен жоғары зарядты қысымын жоюдың тұрақты қарқынын қамтамасыз етеді. УР ауасының және тежеу магистралінің қысымында болатын теңестіру поршені 11 жоғары көтеріледі және шығару клапанын ашады, ол бойынша ТМ ауа атмосфераға шығады. Тежеу магистралінен жоғары зарядты қысымды жою қарқыны одан шығатын жылыстауларға байланысты емес.

Тежеу магистралінде зарядтау қысымын автоматты түрде ұстап тұру. Теңестіру камерасындағы және У1 камерасындағы қысым теңестіру поршенінің үстінде зарядтаушыға дейін төмендеген кезде, онда диаметрі 0,45 мм болатын саңылау арқылы ауаның атмосфераға үздіксіз шығуына қарамастан, бәсеңдеткіш серіппемен 31 орнатылған қалыпты зарядтау қысымын теңестіру көлемінде ұстап тұратын болады.

УР ауа қысымын зарядтаудан төмен төмендету бәсеңдеткіштің метал диафрагмасының 28 үстіндегі У2 камерасындағы қысымның төмендетуіне алып келеді. Серіппенің 31 күшмен диафрагма 28 жоғары майысады және қоректендіру клапанын 25 көтереді. Ауа басты сұйыққоймадан бөліп таратқыштағы тік канал 6, сүзгі 21 және ашық қоректендіру каналы 25 арқылы теңестіру поршенінің 11 үстіндегі У1 камерасына келіп түседі.

У1 камерасынан диаметрі 1,6 мм калибрленген саңылау арқылы ауа УР және У2 камерасына өтеді. Ауаның қысымы және серіппенің 31 диафрагмаға 28 түсіретін күші теңескен кезде, ол көлденең қалыпқа түседі және қоректендіру клапаны 25 ершікке серіппемен қысылады.


Егер жылыстаудың нәтижеінде тежеу магистралінің қысымы құлаған жағдайда, теңестіру поршені теңестіре көлемі ауасының қысымымен төмен түседі, ершіктен енгізу клапанын 16 сығады және ГР ауа ТМ өтеді. ТМ қысым зарядты деңгейге жеткен кезде (У1 камерасындағы қысымға тең болғанда), серіппе теңестіру поршенін көтереді және енгізу клапанын жабады. ТМ жылыстауын қуаттау тоқтатылады.

Кран тұтқасын II-қалыппен босату. Машинист кранының тұтқасының II-қалпында бөліп таратқыш бәсеңдеткіштің У2 камерасын теңестіру сұйыққоймасымен байланыстырады. Егер кранның тұтқасын тежегеннен кейін II-қалыпқа қойса, онда У2 камерасында зарядтан төмен, яғни тежеу қысымы орнатылады. Металдиафрагмаға 28 төменнен зарядты қысымға сәйкес келетін күшпен серіппе 31 қысады, сол себептен диафрагма 28 жоғары майысады және қуаттандыру клапанын 25 ашады. Ауа ГР бөліп таратқыштың тік каналының бойымен сүзгі 21 арқылы, ашық қуаттандыру клапаны 25 кең каналмен теңестіру поршенінің У1 үстіндегі камераға келіп түседі, ал одан диаметрі 1,6 мм тар каналы арқылы УР және У2 камерасына шығып кетеді. У1 камерасында жоғары қысым пайда болады. Оның әсерімен теңестіру поршені төмен жылжиды және өзінің артқы ілмегімен толығымен енгізу клапанын 16 ашады, ол тежеу магистраліне теңестіру поршенінің үстіндегі қысымға тең қысыммен ауа өткізеді. УР және У2 камерасындағы қысым біртіндеп өседі, сол себептен диафрагма түзуленеді, ал қуаттандыру клапаны 25 ершікке қысылады.

Теңестіру поршенінің үстіндегі У1 камерасындағы қысым УР қысыммен теңескен сәттен бастап, яғни зарядты болған кезден бастап,


ауа ГР арқылы ТМ енгізу клапаны бойынша тек зарядты қысыммен өтеді.

Тежеу магистралінің жылыстауларын қоректендірусіз қайта жабу. Бөліп таратқыш теңестіру поршенінің үстіндегі камераны тежеу магистралімен кері клапан 22 арқылы байланыстырады (4.5-сурет). Тежеу магистраліндегі қысым теңестіру сұйыққоймасындағыға УР қарағанда жылдамырақ төмендейді, сол себептен теңестіру көлемнің ауасы кері қалапанды көтереді және ТМ ағып өтеді. Теңестіру поршеніне 11 ауа қысымы жоғарыдан және төменнен теңестіріледі, енгізу және шығару клапандары жабық күйінде қалады.




4.5-сурет. Тежеу магистралінен жылыстауларды қоректендірусіз қайта жабу кезіндегі шарт. № 395 кранының әрекеті (белгілерді 4.2-суреттің жазбаларында қараңыз)

Тежеу магистралінен жылыстауды қоректендіруімен қайта жабу. Теңестіру сұйыққоймасы, тежеу магистралі және басты сұйыққойма өзара бөліп таратқышпен ажыратылған. Теңестіру сұйыққоймасында оның жоғары тығыздығына қарай тұрақты қысым сақталады. Жылыстаулардың салдарынан тежеу магистраліндегі қысым төмендеген жағдайда теңестіру поршені 11 (4.6-сурет) У 1 камерасының қысымымен төмен түсіріледі және енгізу клапанын 16 ашады. Ауа ГР-ден ТМ өтеді және ондағы қысымды теңестіру сұйыққоймасындағы қысымның деңгейіне дейін қалпына келтіреді. Осыдан кейін енгізу клапаны өз серіппесімен жабылады және жылыстауларды қоректендіру тоқтатылады.



4.6-сурет. Тежеу магистралінен жылыстауларды қоректендіруімен қайта жабу кезіндегі шарт. № 395 кранының әрекеті (белгілерді 4.2-суреттің жазбаларында қараңыз)


Қызметтік тежеу. Тұтқаның V және VA қалыптарында бөліп таратқыш 6 теңестіру сұйыққоймасын атмосферамен диаметрі 2,3 мм канал бойынша байланыстырады (4.7-сурет). У1 теңестіру поршенінің үстіндегі камерадағы қысым секундына 0,2...0,25 кгс/см² қарқынмен құлдырайды. Теңестіру поршені тежеу магистралінің қысымымен жоғары көтеріледі, және поршеньнің артқы ілмегі (шығару клапаны) енгізу клапанындағы 16 өзінің ершгінен алшақ кетеді. Ауа тежеу магистралінен каналдың өстік каналы 16 бойымен атмосфераға шығады.



4.7-сурет. Қызметтік тежеу кезіндегі шарт. № 395 кранының әрекеті (белгілерді 4.2-суреттің жазбаларында қараңыз)

ВА-калыпы ұзын құрамды пойыздарды тежеу кезінде теңестіру сұйыққоймасын диаметрі 0,75 мм бөліп таратқыштағы канал бойынша баяу бәсеңдету үшін қарастырылған. Машинисттің краны тұтқаның V-қалпындағыдай әрекет етеді, бірақ бәсеңдету қарқыны 15...20 с ішінде 0,5 кгс/см² құрайды.

Шұғыл тежеу. Бөліп таратудың кең ойығымен 6 тежеу магистралі, теңестіру сұйыққоймасы УР және У1 камерасы теңестіруі поршенінің үстінде атмосферамен байланысады (4.8-сурет). Тежеу магистралінің көлемімен салыстырғанда теңестіру поршенінің үстіндегі У1 камерасының көлемі төмен, сол себептен У1 камерасы атмосфераға жылдам ажыратылады.



4.8-сурет. Шұғыл тежеу барысындағы шарт. № 395 кранының әрекеті (белгілерді 4.2-суреттің жазбаларында қараңыз)

Пайда болған қысым ауытқуларының салдарынан теңестіру поршені 11 жоғары көтеріледі және шығару клапанын ашады. Тежеу магистралі атмосфераға екі жолмен ажыратылады: бөліп таратқыштағы кең ойық бойынша 6 және енгізу калапанының 16 өстік каналы бойынша.

4.3. Шарт. № 395 машинист крандарының электрконтроллерлері

Шарт. № 395 машинист крандарының барлық түрлерінің ерекшелігі контроллердің болуы болып табылады, ол № 395-000, 395-000-4 және 395-000-5 крандарында бір мезгілді пневматикалық және электропневматикалық тежеуіштерді басқаруға қызмет етеді. Шарт. № 395-000-4 кранында контроллер, электропневматикалық тежеуіштерді басқарудан басқа сүйрегіш қозғалтқышжы өшіруге және шұғыл тежеу кезінде пневматикалық құмсалғышты қосуға қызмет етеді, ал № 395-000-3 кранында – тек сүйрегіш қозғалтқыштарды өшіру үшін және шұғыл тежеу кезінде құмсалғышты қосуға қызмет етеді.


Шарт. № 395 машинист крандарының контроллерінің конструкциялары шағын ауыстырып-қосқыштардың санымен, олардың орналасуымен, сымдар санымен және ашалық ағытпа түрімен ерекшеленеді. № 395-000-3 крандарында контроллердің сыртқы диаметрі басқа түрлердегі крандағыларға қарағанда кіші.

Екі шағын ауыстырып-қосқыштары бар № 395-000 жәнеушеуі бар № 395-000-4 машинистінің крандары жолаушылар локомотивтерінде қолданылады. № 395-000 кранының сызбасынан өзгеше сызбасы бойынша қосылған, екі шағын ауыстырып-қосқыштары бар № 395-000-5 машинист краны электрлі және дизель-пойыздарда, ал бір шағын ауыстырып-қосқышы бар № 395000-3 машинист краны – жүк локомотивтерінде қолданылады.

№ 395-000, 395-000-4 және 395-000-5 машинист крандарында V3 және VA қалыптары біріктірілген. Тұтқаның VA-қалыпында электропневматикалық тежеуіштерді басқарудан басқа, теңестіру сұйыққоймасын 15...20 с ішінде 0,5 кгс/см² қарқынмен бәсеңдету орын алады.


Шарт. № 395-000 машинист кранының бөліп таратқышының диаметрі 0,75 мм саңылауы жоқ, сол себептен V3-қалпында теңестіру сұйыққоймасын және тежеу магистралін бәсеңдету орын алмайды.

№ 395-000 машинист кранының контроллері (4.9-сурет) қақпақтың кронштейніне 2 бекітіледі. Кран тұтқасының өзекшесі 1 ұзартылған және оған кранның тұтқасы және жұдырықшасы 13 кигізілген, оған жалпақ серіппемен ұстауыштарда 19 бекітілген шарикті мойынтіректер 17 қысылады. Дискіде 3 бұрандамалармен шағын ауыстырып-қосқыштары 20 бар панельдер 22 бекітілген. Дискіге 3 дәнекерленген сомын 10 арқылы, резеңке сақинамен 11 бекітілген және төлкемен 14 қысылған кабель өткізілген. Сымдар дискіге 3 үш қысқышпен бекітіледі. Қақпақ 6 үш бұрандамамен ұсталынады.




4.9-сурет. Шарт. № 395-000 машинист кранының контроллері:

1 – өзекше; 2 – қақпақтың кронштейні; 3 – диск; 4, 7, 9 – бұрандалар; 5, 10 – сомындар; 6 – қақпак; 8 – ажыратып-қосқыштар; 11 – резеңке сакина; 12 – тығырық; 13 – жұдырықша; 14 – төлке; 15 – кранның тұтқасы; 16 – төртжелілік кабель; 17 – шарикті мойынтірек; 18, 23 – өстер; 19 – ұстағыш; 20 – шағын ажыратып-қосқыш; 21 – жалпақ серіппе; 22 – панель; 24 – бөгет



4.10-сурет. Шарт. № 395-000-5 машинист кранының контроллеріндегі пойыздық қалыпта (а), қайта жабуда (б) және тежеу кезінде (в) электр тізбектерінің байланысу сызбалары



4.11-сурет. Шарт. № 395-000-5 машинист кранының контроллеріндегі пойыздық қалыпта (а), қайта жабуда (б) және тежеу кезінде (в) электр тізбектерінің байланысу сызбалары

Контроллер электропневматикалық тежеуіштің аппаратурасымен ашалық ағытпамен байланыстырылады.


Шарт. № 395-000 машинист кранының контроллерінің шағын ажыратып-қосқыш байланыстарының сызбаларында кран тұтқасының әртүрлі қалыптарында (4.10-сурет) сандармен келесі сымдар белгіленген: 1 – плюстік, 2 – СК үзілулік клапан релесіне (бос), 3 – қайта жабу бұрандасының релесіне және 4 – тежеу бұрандасының релесіне.

Шарт. № 395-000-5 машинист кранының екі шағын ажыратып-қосқышы бар контроллер және электрлік және дизель-пойыздарда ЭПТ басқаруға арналған өзгертілген электр сызбалары (4.11-сурет) бар.

4.4. Шарт. № 254 қосымша локомотив тежеуішінің краны

Шарт. № 254 қосымша тежеуіш краны (КВТ) локомотив тежеуіштерін басқаруға арналған. Ол өзіне келесі бөліктерді қамтиды: жоғарғы (реттеуіш), ортаңғы (қайталағыш реле) және төменгі (аялдау тақтайы).

Жоғарғы бөлігі сол жақ екікірмелі бұрандасы бар реттеуіш стақан 1, реттеуіш серіппесі 6 және реттеуіш бұрандасы 2 орналасқан корпустан 5 (4.12-сурет) тұрады. Стақанның төменгі бөлігінде тоқтатқыш сақинамен 9 тіреу тығырығы 8 бекітілген.



4.12-сурет. Шарт. № 254 қосымша локомотив тежеуішінің қраны:

1 – реттеуіш стакан; 2 – реттеуіш бұранда; 3, 7 – орталықтандырушы (тіреу) тығырықтары; 4 – стакандағы тұтқаны бекіту бұрандасы; 5 – жоғарғы бөлігінің корпусы; 6 – реттеуіш серіппе; 8, 17 – тіреу тығырықтары; 9 – тоқтатқыш сакина; 10 – бағыттаушы диск; 11 – жоғарғы поршень; 12 – төменгі (қосарлы) поршень; 13 – орталық бөлігінің корпусы; 14 – бағыттаушы төлке; 15 – қосарлықты клапан; 16 – төменгі бөлігінің корпусы; 18 – көлемі 0,3 л камера; 19 – ажыратып-қосқыш поршенінің ершігі; 20 – ажыратып-қосқыш поршень; 21 – босату буферінің төлкесі; 22 – босату клапаны; 23 – тұтқа

Тұтқа 23 стақанда бұрандамен 46 екітілген. Реттеуіш серіппе орталықтандыратын (тіреу) тығырықтарында 3 және 7 қысылған. Жоғарғы бөлігі корпусының артуында босату буфері орналасқан, ол атмосфералық саңылаулары бар жылжымалы төлкеден 21 және сәйкес серіппелермен жүктелген босату клапанынан 22 тұрады.

Орталық бөлігінің корпусында 13 резеңке манжеттермен тығыздалған жоғарғы жалғыз поршень 11, бағыттаушы диск 10 және төменгі қосарлы поршень 12 бар. Кран тұтқасының пойыздық жағдайында жоғарғы поршеннің артқы ілмегі мен орталықтандырушы тығырықтың 7 (тіреуішпен бағытталатын) арасында саңылау бар. Төменгі поршеннің қуыс сояуышы және дискілерінің арасында бірқатар радиалды саңылаулар бар. Төменгі поршеннің дискілерінің арасындағы қуыс атмосферамен байланыстырылған. Төменгі поршеннің астындағы қуыс ТЦ байланыстырылған.

Төменгі поршеннің астында 12 қосершікті алапан 15 бар, онда екінші ұшымен тығырыққа 17 жанасатын төменнен серіппе әсер етеді. Клапанның жоғарғы (шығару) бөлігі төменгі поршеннің артқы ілмегімен ысылған. Клапанның төменгі конус тәріздес бөлігі енгізу бөлігі болып табылады.

Орталық бөлігінің корпусының артуында ершікте 19 серіппемен жүктелген және резеңке манжетпен тығыздалған ажыратып-қосатын поршень 20 орналастырылған.

Кранның төменгі бөлігінің корпусында 16 (аялдау тактайда) көлемі 0,3 л қосымша камера және ГР басты резервуарларынан құбыржолдарды, ауа таратқышты Вр және тежеу цилиндрлерін қосуға арналған жалғастықтар орналастырылған.

Ажыратып-қосқыш поршенінің үстіндегі және поршендердің арасындағы қуыстар және көлемі 0,3 л қосымша камера диаметрі 0,8 мм калибрленген саңылаулар арқылы байланыстырылады.

Шарт. № 254 кранының тұтқасының алты жұмыс қалыпы бар: 1 – босату (босату буферінің жылжымалы төлкесі жоғары бөлігінің артуына батырылған); 2 – пойыздық; 3 – 6 – тежеуіштік.

Егер қосымша тежеуіштің кранын пайдаланбаған жағдайда, оның тұтқасы, босату буферінің төлкесіне 21 әсер ететін серіппенің күшімен пойыздық қалыпта болады.

Шарт. № 254 краны екі қосу сызбасымен жұмыс істей алады: тәуелсіз (кран Вр ажыратылған) және қайталаушы ретінде. Тәуелсіз сызба бойынша кранды арту тактайына қосқан кезде тек екі құбыржол ғана қосылған – ГР-ден және ТЦ-ден.

Қосудың тәуелсіз сызбасы кезіндегі кранның әрекеті. КВТ тұтқасының пойыздық жағдайда болған кезінде реттеуіш серіппенің 6 күші (4.12-суретті қара) стақанда 1 тоқтатқыш сақинамен бекітілген тіреуіш тығырыққа 8 беріледі.

Локомотивті тежеу үшін кранның тұтқасын тежеу қалыптарының біріне орнатады. Сонымен бірге, орталықтандырушы тығырық 7 пен жоғарғы поршеннің артқы ілмегінің арасындағы саңылауды таңдай

отырып, реттеуіш стакан 1 корпусқа бұралады және реттеуіш серіппесін қысады, жоғарғы поршеньге берілетін күш 11. Соңғысы төмен түсіріледі және төменгі қосарлы поршень 12 төменге жылжытылады, ол өзінің артқы ілмегімен ершіктен қосершікті клапанның 15 конус тәріздес енгізу бетін сығады. Сонымен бірге, сығылған ауа ГР-дан ТЦ-ға және бір мезгілде төменгі поршеннің астына аға бастайды. Төменгі поршенге түсірілетін қысым реттеуіш серіппенің 6 күшінен өте салысымен, 11 және 12 поршендер шамалы қашықтыққа жоғары жылжиды, және қосершікті клапан 15 өз серіппесінің әсерімен жабылады. ТЦ орнатылған қысым автоматтты түрде қолданылатын болады.

ТЦ толтыру уақыты (ондағы қысымның жоғарылауы 0-ден 3,5 кгс/см² дейін) КВТ тұтқасын пойыздық қалыптан VI-қалыпқа ауыстырған кезде 4 с артық болмауы тиіс.

КВТ тұтқасының әрбір тежеу қалпына реттеуіш серіппенің арнайы бір күші сәйкес келеді және, сәйкесінше, ТЦ арнайы бір қысым.

Босату сатысына қол жеткізу үшін, кранның тұтқасын сағыт тілі бойынша ауыстырады. Сонымен бірге, реттеуіш стакан 1 корпусан бұралады және реттеуіш серіппенің сығылуы азаяды. ТЦ-дан сығылған ауаның артық күшімен поршендер көтеріледі, және төменгі поршеннің артқы ілмегі 12 қосатылы клапанның 15 шығару бетінен шығып кетеді. Ауа ТЦ-дан төменгі поршеннің қуыс сояуышының өміткі каналы арқылы және оның дискілерінің арасындағы атмосфералық саңылаулар атмосфераға шығады.

ТЦ-ғы қысымның төмендеуі, реттеуіш серіппенің 6 күші төменгі поршенге 12 сығылған ауаның әсерінен күшті жеңбейінше орын алатын болады. Осы орын ала салысымен, поршендер реттеуіш серіппенің әсерінен мардымсыз қашықтыққа төмен жылжиды, және ТЦ-ні атмосфердан ажырата отырып, төменгі поршеннің артқы ілмегі 12 қосершікті клапанның 15 қапталына отырады. КВТ тұтқасын пойыздық қалыпқа ауыстырған кезде реттеуіш серіппенің 6 жоғарғы поршенге 11 әсері тоқтатылады, және тежеуішті толық босату орын алады.

ТЦ-ғы қысымның төмендеу уақыты 3,5-тен 0,5 кгс/см² дейін КВТ тұтқасын шеткі тежеу қалпынан пойыздық қалыпқа ауыстырған кезде 13 с артық болмауы тиіс.

Кранның оны қайталауыш ретінде қосқан кездегі жұмысы. Машинисттің пойыздық кранымен тежеген кезде, ауа Вр-ден шарт. № 254 кранына ажыратып-қосқыш поршенінің 20 астындағы қуысқа келіп түседі (4.12-суретті қара), ортаңғы бөліктің корпусындағы шолушы канал бойынша поршенді айналып өтеді және диаметрі 0,8 мм калибрленген саңылау арқылы 11 және 12 поршендерінің арасындағы қуысқа және көлемі 0,3 л камераға өтеді. Сонымен бірге төменгі поршень 12 төмен түсіріледі, қосершікті клапанды 15 төмен сығады, және ауа ГР-дан ТЦ-ға аға бастайды.

ТЦ толтырылуы поршень арасындағы қуыстың және ТЦ-ғы қысымды теңестірген кезде тоқтатылады.

Машинисттің пойыздық кранының тежеуішін босатқан кезде, ауа

поршень арасындағы қуыстан және көлемі 0,3 л камерада тежеу кезіндегі дәл сол каналдар бойынша, Вр арқылы атмосфераға шығады. ТЦ қысымымен төменгі поршень 12 көтеріледі, және ауа ТЦ-дан атмосфераға, поршеннің қуыс сояуышының 12 өстік каналы арқылы шығады.

Локомотивтің тежеуіштерін босату үшін тежелген құрамда шарт. № 254 кранының тұтқасын бірінші қалыпқа (босату) орнатады. Сонымен бірге босату буферінің төлкесі 21 корпусқа батырылады және босату клапаны 22 ершіктен сығылады. Ажыратып-қосқыш поршенінің 20 үстінен ауа атмосфераға ашық босату клапаны арқылы шығады. Ажыратып-қосқыш поршенінің үстіндегі шағын көлем қуысындағы қысым дәлсәтте атмосфералық қысымға дейін төмендейді. Артық қысымның әсерінен Вр тарапынан ажыратып-қосқыш поршені 20 көтеріледі және өзінің манжетімен ортаңғы бөліктің корпусындағы шолушы каналын жабады. Ашық босату клапаны арқылы ауа сондай-ақ 11 және 12 поршендерінің арасындағы қуыстан және көлемі 0,3 л камерада атмосфераға шығады. Поршень аралық қуыстағы қысымның төмендеуінің салдарынан төменгі поршень 12 көтеріледі, және ауа ТЦ-дан поршеннің қуыс сояуышының 12 өстік каналы арқылы атмосфераға шығады. ТЦ-ғы қысымның төмендеу мәні КВТ тұтқасының босату қалыпындағы ұстап тұру уақытына байланысты болады, яғни поршень арасындағы қуыстағы қысымның төмендеуінен. Босату қалпынан пойыздыққа қалыпқа кранның тұтқасы автоматты түрде босату буферінің төлкесінің 21 серіппесінің әсерімен жылжытылады. Ажыратып-қосқыш поршені 20, Вр тарапынан сығылған ауа күшімен жоғарғы қалыпта қала береді.

Жабылған шолушы канал кезінде кранның сол жақ бөлігі жұмыстан ажыратылған болып табылады (ауа Вр-дан поршень арасындағы қуысқа түсе алмайды), яғни, аталмыш жағдайда оны қосудың рәуелсізсызбасы орын алады. Локомотивтің тежеу тиімділігін арттыру КВТ тұтқасын тежеу қалыптарының біріне қою арқылы ғана қолжеткізуге болады. Сонымен бірге, реттеуші серіппенің 6 әсерінен 11 және 12 поршендері төмен жылжиды, осының нәтижесінде ТЦ жоғарыда сипатталып өткендей қысымның артуы орын алады, егер реттеуші серіппенің күші Вр әсер етуі кезінде орнатылғанға қарағанда, ТЦ үлкен қысымына сәйкес келетін болса, мысалы, егер тежелген құрамда локомотив тежеуіштерінің босату сатысы орындалған болса.

Поршень аралық көлемнің жасанды артуы (көлемі 0,3 л қосымша камераның болуы) және КВТ тұтқасының I-қалыпында поршеньдер арасындағы қуыстан ауаның атмосфераға шығуының бәсеңдеуі (диаметрі 0,8 мм калибрленген саңылаудың болуы) тежелген құрамда локомотив тежеуішінің сатылы босатылуын алуға мүмкіндік береді.

Қайталанушы сызбаны қалпына келтіру үшін тежеуіштерді машинисттің пойыздық кранымен босату қажет. Сонымен бірге ажыратып-қосқыш поршенінің 20 астындағы қуыстағы қысым төмендейді, және ол өзінің серіппесінің әсерімен шолушы каналды аша отырып, төмен түседі.


Кранды реттеу. Әрбір тежеуіш қалыпында шарт. № 254 краны ТЦ-ғы белгілі бір қысымды қамтамасыз етуі және автоматты түрде сақтап тұруы тиіс:

Қалып	Қысым, кгс/см ²
III	1,0...1,3
IV	1,7...2,0
V	2,7...3,0
VI	3,8...4,0


Кранды реттеу үшін реттеу бұрандасын және стақандағы тұтқаны бекіту бұрандасын босаңсыту қажет. Кранның тұтқасын III-қалыпқа орнату. Стақанның айналуымен ТЦ-ге 1,0.1,3 кгс/см² қысымын орнату. Кранның тұтқасын стақанға бекіту. Тұтқаны VI-қалыпқа ауыстыру және реттеу бұрандасымен ТЦ қысымды 3,8.4,0 кгс/см² мәніне дейін жеткізу. Содан кейін кранның тұтқасын пойыздық жағдайға ауыстыру және тежеуіштің толық жоқтығына көз жеткізу.

4.5. Шарт. № 377 қостартым краны және шарт. № 114 құрастырылған краны

Шарт. № 377 қостартым краны басты сұйыққойма мен машинист кранының арасындағы қоректендіру магистралінің құбырында орнатылған. Ол корпустан 2 (4.13-сурет), конус тәріздес тығыннан 3 және қақпақтан 5 тұрады. Тығын 3 серіппемен 4 қысылған. Тығынның 3 шаршысына тұтқа 1 кигізілген, оның екі қалыпы бар: құбырдың көлденеңінен – жабық (ГР-ден машинист кранынан ауа өткізуге арналған канал жабық); құбырдың бойымен – пойыздық қалып (сығылған ауа ГР-ден машинист кранына өтеді). Саңылау бманометрді қосуға арналған.



4.13-сурет. Шарт. № 377 қостартым краны:
1 – тұтқа; 2 – корпусы; 3 – конус тәрізді тығын; 4 – серіппе; 5 – қақпақ; 6 – манометрді қосуға арналған саңылау



4.14-сурет. Шарт. № 114 құрастырылған краны:

1 – тұтқа; 2 – корпус; 3 – конус тәріздес үшжүрісті тығын; 4 – серіппе; 5 – қақпақ; 6 – манометрді қосуға арналған саңылау; Ат – атмосфера; ЭТ – шұғыл тежеу

Шарт. № 114 құрастырылған краны локомотивтердің құбыр жолдарында монтаждalған, ол машинист кранын тежеу магистралімен байланыстырады (тежеуіштерді тұйықтау құрылғылары болмаған жағдайда). Кран копустан 2 (4.14-сурет), атмосфералық каналы бар конус тәрізді үшжүрісті тығыннан 3 және қақапақтан 5 тұрады. Тығын 3 серіппемен 4 қысылған. Тығынның 3 шршысына тұтқа 1 кигізілген, оның үш қалыпы бар: сағат тіліне қарсы құбырға көлденеңнен – қостартыс (машинист кранының ТМ-мен байланысту каналы ашық); құбырдың бойымен – пойыздық қалып (машинист кранының ТМ-мен байланысту каналы ашық); құбырға көлденеңнен сағат тілібойынша – шұғыл тежеу (ТМ машинист кранынан ажыратылған және тығындағы канал арқылы атмосферамен байланысқан). Манометрді қосу үшін 6 саңылауы қарастырылған.

4.6.Шарт. № 367М тежеуіштерді тұйықтау құрылғысы

Тежеуіштерді тұйықтау құрылғысы қос кабиналы локомотивтерде машинисттің кранын және бір кабинадағы қосымша тежеуіш кранын өшіре отырып және оларды екіншісінде қоса отырып, басқару кабиналарын ауыстыру кезінде локомотивті мәжбүрлеп тежеу кезінде қолданылады.

Шарт. № 367М құрылғысы (4.15-сурет)кронштейннен 6, ажыратып-қосықыш корпусынан 7, құрастырылған краннан 4 және электрлік түйіспесі бар қораптан 3 тұрады.

Кронштейнге 6 ГР, ТМ және ТЦ құбыржолдары қосылған, сондай-ақ машинист кранынан және қосымша локомотив тежеуішінің кранынан. Кронштейнге ауа шығыны сигнал бергішінің корпусына 1 бекітіледі. Ажыратып-қосқыштың корпусында 7 ЭКСЦЕНТРЛЗ БЗЛЗК 2 орналасқан, оған екі қалыпы бар алынбалы тұтқа 14 орнатылған: тігінен жоғары – тұйықтау ажыратылған, төмен – тұйықтау қосылған. Тұтқа 14 тұйықтау қосылған күйінде ғана біліктен шешіліп алынады. Корпуста 7 артқы ілмектері резеңке манжеттермен тығыздалған 8, 15 және 16 клапандар, және итергіш 17 орналасқан. 8, 15 және 16 клапандары дискілер жағынан серіппелермен жүктелген. Ажыратып-қосқыш корпусының 7 күшеюінде тұйықтау поршені орналасқан, ол артқы ілмектің жағынан серіппемен жүктелген. Тұйықтау поршенінің артқы ілмегі эксцентрлік біліктің 2 доғал тәріздес ойығына үнемі қарама қарсы болады.


Құрастырылған кранның 4 серіппемен жүктелген конус тәріздес қола тығыны 10бар. Тығынның шаршысында бекітілген кранның тұтқасының 5 үш қалыпы бар: сағат тіліне қарама-қарсы – қостартым қалыпы (құрастырылған кран машинист краныны ТМ дейін ауаның өтуін бөгеттейді), тігінен – пойыздық қалып, сағат тілі бойынша – шұғыл тежеу. Шұғыл тежеу қалыпында тежеу магистралі құрастырылған кранның тығыны арқылы атмосферамен байланысады.


Ауа шығыны сигнал берушісі қазіргі уақытты қолданылмайды. (Тежеуіштерді тұйықтаудың жаңа құрылғылары сигнал берушісіз шығарылады.)

Әрекет етуші кабинада, тұйықтау құрылғысының тұтқасы 14 тірелгенше төмен бұралуы тиіс, ал құрастырылған кранның тұтқасы 5 пойыздық қалыпқа орнатылады (4.15, б –суретті қара). Сонымен бірге эксцентрикті біліктің жұдырықшалары 2 ершіктен 8, 15 және 16 клапандары сығады (клапандарды ашады), ал итергіш 17 электрлік түйіспеге 18 әсер етуін тоқтатады, ол өз серіппесінің әсерімен тұйықталады.

ГР ауа ауа шығыны сигнал берушісінің корпусы 1 арқылы өтеді және одан әрі канал 11 бойынша және ашық клапан 15 арқылы машинист кранына өтеді. Машинист кранынан сығылған ауа ашық клапан 8 арқылы, канал 12 бойымен және құрастырылған кранның тығыны арқылы ТМ өтеді. Канал 12 бойынша ауа сондай-ақ тұйықтау поршеніне жақындайды, ол оның әсерінен өзінің артқы ілмегін жылытып эксцентрлік біліктің 2 ойығына батырады (білікті жұмыс қалыпында бекітеді). Қосымша тежеуіштің кранынан ауа канал 13 бойымен клапан 16 арқылы ТЦ келіп түседі.

Екінші кабинаға ауысқан кезде машинисттің кранымен ТМ толық итоктан айыруын жасау қажет, ал КВТ тұтқасын VI-қалыпына ауыстыру қажет. Сонымен бірге серіппе тұйықтау поршенінің 9 артқы ілмегін эксцентрлік білікпен 2 іліністен шығарады – білік бұғаттан шығарылады.





4.15-сурет. Тежеуіштерді тұйықтаудың Шарт. № 367М б құрылғысы (а) және оның жұмыс принципіні түсіндіретін сызбасы (б):

1 – ауа шығыны сигнал берушінің корпусы; 2 – эксцентрілі білік; 3 – электрлік түйіспенің қорабы; 4 – құрастырылған қран; 5 – құрастырылған қранның тұтқасы; 6 – кронштейн; 7 – ажыратып-қосқыштың корпусы; 8 – ТМ каналының клапаны; 9 – тұйықтау поршені; 10 – құрастырылған қранның тығыны; 11 – ГР каналы; 12 – ТМ каналдары; 13 – ТЦ каналы; 14 – тұтқа; 15 – ГР каналының клапаны; 16 – ТЦ каналының клапаны; 17 – итергіш; 18 – электрлік түйіспе; А – тұйықтау поршенінің шолушы каналы

Осыдан кейін тұтқаны 14 жоғарыға тақалғанға шейін 180° бұру және оны біліктің шаршысынан 2 шығарып алу қажет. 8, 15 және 16 клапандар эксцентрикті біліктің жұдырықшасының 2 әсерінен босатылады және өзінің серіппелерінің күшімен ершіктерге отырады, олар ГР-ді ТМ-мен, машинист кранын ТМ-мен және КВТ-ны тежеу цилиндрлерімен байланыстыратын 11, 12, 13 каналдарды жабады. Бір мезгілде біліктің жұдырықшасы 2 итергішке 17 әсер етеді, ол локомотивтің қозғалу электр тізбегіне қосылған электр түйіспесін 18 ажыратады. Осылайша локомотивті қозғалысқа келтіру мүмкіндігі алып тасталады.

Егер жұмыс кабинасында тұтқа 14 төмен бұралса, бірақ тік қалыпты ұстанбаса, онда тұйықтау поршенінің 9 артқы ілмегі эксцентрикті біліктің 2 ойығына батырылмайды және поршень 9 А шолушы каналын жаппайды. Бұл жағдайда ТМ сығылған ауа, машинистке тұтқаны 14 дұрыс орнату қажеттігіне сигнал бере отырып.

Екінші локомотивтің жұмыс кабинасындағы қостартпаға ілескен жағдайда тежеуіштерді тұйықтау құрылғысы қосулы күйде болуы тиіс, ал құрастырылған кранның тұтқасы 5 қостартпа жағдайына ауыстырылған.

4.7.Шарт. № 418 датчигімен тежеу магистралі үзілуінің сигнал берушісі


Шарт. № 418 датчигімен тежеу магистралінің үзілгендігінің сигнал берушісі шарт. № 483 ауа таратқыштардың басты бөлігі мен қоскамералы сұйыққоймасыныңарасына орнатылған және машинистке пойыздың тежеу магистралының тұтастығының бұзылғандығы және локомотивтің тарту режимін бір мезгілде ажырату туралы сигнал беруге арналған.

Құрылғы алюминийден жасалған корпуста 2 (4.16-сурет), фланецтен4, аралық бөлік корпусынан 15 және бұрыштық ендірмеден 13 тұрады.

Корпус 2 пен фланецтің 4 арасында екі резеңке диаффрагмалар 5 орналастырылған, олардың астында өздерінің артқы ілмектерімен сырық-итергіштердің 7 кырнауларына кіретін металл тығырықтар 6 бар. Тығырықтар 6 серіппелермен 3 жүктелген. Корпустың 2 төменгі бөлігінде планкаларға 9 бекітілген шағын ажыратып-қосқыштар 8 орнатылған. Шағын ауыстырып-қосқыштардың корпусқа қатысты қалыпын реттеуді бұрандалармен 1 жүзеге асырады.

Шағын ажыратып-қосқыштардың сыртқа шығаратын өткізгіштері оқшаулау қалыпында 11 орналасқан түйіспелермен жалғастырылған. Бұрыштық ендірмеде 13 түйіспелері 12 бар оқшаула қалыпы орнатылған.

Сол жақ диафрагманың 5 үстіндегі қуыс ауа бөлгіштің қосымша айырғыш каналымен (КДР) байланысады, ал оң жақ диафрагманың үстіндегі қуыс – ТЦ каналымен. Бір ұшы бар итергіш 16



4.16-сурет. Шарт.№ 418 датчигімен тежеу магистралі үзілуінің сигнал бергіші:


1 – реттеуші бұранда; 2 – корпус; 3 – серіппе; 4 – фланец; 5 – резенке диафрагма; 6 – тығырык; 7 – сырық-итергіш; 8 – шағын ауыстырып-қосқыш; 9 – енсізжұқа тактайша; 10, 12 – түйіспелер; 11, 14 – оқшаулау калыптары; 13 – бұрыштық ендіріме; 15 – аралық бөліктің корпусы; 16 – итергіш; КДР – қосалқы айырғыш каналы; ТЦ – тежеу цилиндры

қоскамералы сұйыққоймада орналасқан, ауа таратқышды тежеу режимдерінің ажыратып-қосқыш білігінің эксцентрігіне, ал екіншісімен – басты бөліктің режимдік құрал тіреліміне тіреледі.

Құрылғының электрлік сызбасы 4.17-суретте берілген.

Тежеу магистралі үзілген жағдайда, пойыздағы стоп-кранды немесе ауабөлгіштің артқы вагонының ақырғы кранын ашу тежеуге әсерін тигізеді.

Пойыздың басқы бөлігінде және локомотивте ТМ-нің тұтқасы пойыздық жағдайда болған машинист краны арқылы қуаттануының салдарынан, ауа таратқыштар ТМ-нің қысқа мерзімді қосымша ішінара ажыратылуын жүзеге асырады, содан кейін жібереді. Басталған қосымша ажырату процесінде ауабөлгіштің КДР-де қысым жоғарылай түседі, ауа одан сигнал берішінің сол жақ диафрагмасына 5 (4.16-суретті кара) әсер етеді. КДР қысым $1,1...1,3 \text{ кгс/см}^2$ мәннен жеткен кезде, диафрагма, серіппенің күшін баса отырып, сырық-итергішпен 7 сол жақ шағын ауыстырып-қосқыштың ДДР түйіспесін (4.17-суретті қараңыз) түйіспелерін тұйықтайтындай майысады. Ауабөлгіштің қосымша ажыратуға әсер етуінде оң жақ шағын ауыстырып-қосқыштың ДТЦ түйіспелері тұйықталған күйінде қалады, себебі ТЦ каналына келіп түсетін ауа қысымы $0,3 \text{ кгс/см}^2$ аспайды – бұл сигнал беруші диафрагмасының төмен жылжуына жеткіліксіз.



Сонымен бірге, Р1 релесінің катушкасына (локомотивтің әрбір сериясына оның өзіндік сызбалық нөмірі болады) ДДР тұйықталған түйіспелері және оң жақ шағын ауыстырып-қосқыштың ДТЦ тұйықталған түйіспелері арқылы қуат беріледі. Іске қосылған Р1 релесі өзінің Р1/1 түйіспесімен машинист пультіндегі «ТМ» сигнал шамының тізбегін тұйықтайды, ал ажырату Р1/2 түйіспесімен локомотивтің тартпа режимін басқару тізбегін бөлшектейді.

Қосымша ажыратуды тоқтатқаннан кейін ҚДР-гі қысым құлдырайды, және ДДР түйіспелері ажыратылады. Дегенмен Р1 релесінің катушкасы өзінің Р1/1 тұйықталған түйіспелері арқылы қуат алуын жалғастырады, диод және ДТЦ тұйықталған түйіспелер , яғни пульттегі «ТМ» сигнал шамы жанып тұра береді.

Тежеудің $0,6...0,7 \text{ кгс/см}^2$ сатысын орындаған кезде локомотивтің ТЦ-де $0,5 \text{ кгс/см}^2$ кем емес қысым ауытқуы пайда болады. ТЦ каналындағы қысыммен сигнал берушінің оң жақ диафрагмасы 5 (4.16-суретті қараңыз), серіппенің күшін баса отырып, сырық-итергішті 7 төмен жылжытады, және оң жақ шағын ауыстырып-қосқыштың ДТЦ түйіспелері (4.17-суретті қараңыз) ажыратылады. Р1 релесінің катушкасы қуатын жоғалтады, «ТМ» сигнал шамы өшеді, тартпаны басқарудың электр тізбегі қалпына келеді.

Жол жүрудегі реттеуші тежеулерді орындаған кезде сигнал беру шамы қысқа мерзімге жанады және сөнеді, бұл қадағаның дұрыс жұмыс істеуін куәландырады.

Дегенмен, егер ТМ үзілуі локомотивке жақын болса, оның ауа бөлгіші ТЦ-ны қысымның 1,0-1,2 кгс/см² мәніне дейін толтыра алады. Сонымен бірге, сигнал беру шамы да қысқа уақытқа жанады және сөнеді, бірақ тартпа режимін басқарудың электр тізбегі өшірілетін болады, яғни бұл жағдайда ТМ тұтастығы бұзылуының жарықты сигнал беруі жоқ болады.

4.8.КПЭ-99 электр тұйықтау клапаны

Электр түйықтау клапандары электр тежеуішпен жабдықталған локомотивтерде орнатылады және электрлік және пневматикалық тежеуіштердің бір мезгілде іске қосылуын болдармауға арналған.


КПЭ-99 электртұйықтау клапаны (4.18-сурет) пневматикалық және

электрлік бөліктерден тұрады.

Электрлік бөлігі электрлі-пневматикалық бұрандасын 8 білдіреді, ол білігі және зәкірі бар катушкадан тұрады. Біліктің ішіне орналастырылған сояуышта, екі клапан орнатылған – атмосфералық (шығарушы) және енгізу, ол серіппемен жүктелген.

Пневматикалық бөлігі корпустан 6 және қақпақтан 1 тұрады. Корпуста серіппемен жүктелген және резеңке манжетпен тығыздалған

210 (217)



4.18-сурет. КПЭ-99 электрбұғаттау клапаны:

- 1 – қақпақ; 2 – поршень; 3, 5 – корпусың ауыстырып-қосқыш клапанының ершіктері; 4, 11 – ауыстыр-қосқыш клапандары; 6 – корпус; 7 – бітеуіш; 8 – электрлі-пневматикалық бұранда; 9 – ТМ каналы; 10 – қақпақтың ауыстырып-қосқыш ершігі; 12 – құрсау; 13 – итергіш; 14 – серіппе; 15 – реттеуші бұранда (төлке)

поршень 2 және серіппемен жүктелген, жоғарғы 5 және төменгі 3 ершіктері бар ауыстырып-қосқыш клапан 4 бар. Корпустың ауа таратқышқа (немесе қосымша локомотивті теже қранына қарай), ТЦ тежеу цилиндріне қарай бұрмасы және Ат1 атмосфералық шығуы бар.

Қақпаққа ершігі 10 бар ауыстырып-қосқыш клапаны 11, серіппемен 14 жүктелген итергіш 13 және өстік атмосфералақы каналы Ат2 бар құрсауға бұралған реттеу бұрандасы 15 (төлке) орнатылған.

Электрлі-пневматикалық бұрандаға ТМ тежеу магистралінің ауасы жақындайды. Бұранданың 8 кернеулігіне немесе кернеусіздігіне қарай, канал 9 не ТМ-мен (бұранданың енгізукалапаны арқылы) немесе атмосферамен (бұранданың атмосфералық клапаны арқылы) байланыса алады.

3 және 5 ершіктерінің арасындағы Т қуысы ТЦ-мен байланысады, ал 2 поршеннің астындағы қуыс – электр тұйықтау клапанының корпусындағы Ат1 атмосфералық шығысы арқылы атмосферамен байланысады.

Жұмыс істемей тұрған электрлік тежеуіште электрлі-пневматикалық бұранданың 8 катушкасына кернеу берілмейді. Сонымен бірге, канал 9 электрлі-пневматикалық бұранданың атмосфералық клапаны арқылы атмосферамен байланысады. Төменгі ауыстырып-қосқыш клапаны 11 серіппемен 14 (итергіш 13 арқылы) өзінің ершігіне 10 қысылған – шеткі оң жақ қалыпта болады.

Поршеннің 2 астындағы қуыс атмосферамен Ат2 құрсау 12 және реттеу бұрандамасының 15 өстік каналы арқылы байланысқан.

Ауыстырып-қосқыш клапан 4 өз серіппесімен төменгі ершікке қысылған, 3 және 5 ершіктерінің атмосфералық шығыспен Ат1 байланысын жаба отырып.

Пневматикалық тежеуде ауа таратқыштан ауа, ауыстырып-қосқыш калапанға 4 эсер ете отырып, оны төменгі ершікке лақтырады және ауыстырып-қосқыш клапанының жоғарғы ершіктегі 5 саңылау арқылы 3 және 5 ершіктерінің арасындағы Т қуысқа және одан әрі ТЦ келіп түседі.

Электрлік тежеуішті қосқан кезде электрлі-пневматикалық бұранда 8 қуаттанады және сығылған ауаны ТМ-нан канал 9 арқылы ауыстырып-қосқыш клапанына 11 өткізеді, ол итергіштің 13 серіппелерін жеңе отырып, сол жаққа құрсаудың 12 тығыздамасына тірелгенше жылжиды. Осының салдары поршеннің 2 астындағы қуыстың атмосферадан Ат2 ажырауы және осы қуыстың каналмен 9 байланысуы болып табылады, ол бойынша ауа ТМ-нан поршеннің 2 астына келіп түседі. ТМ қысымының эсерінен поршень, ауыстырып-қосқыш клапанды 4 жоғарғы ершікке қыса отырып жоғары жылжиды. Мұнысымен ауаның ауа таратқыштан ТЦ-ға өту жолына кедергі келтіреді және ТЦ-ның атмосферамен байланысуы ауыстырып-қосқыш калапанының 4 төменгі ершігіндегі саңылау және электртұйықтау клапанының корпусындағы атмосфералық шығыс Ат1 арқылы

қамтамасыз етіледі.

Жұмыс істеп тұрған электрлік тежеуіш кезінде орындалатын шұғыл тежеу кезінде, немесе электрлік тежеуіш істен шыққанда және электрлі-пневматикалық бұранданың 8 катушкасынан кернеу алынған кезде, сығылған ауа каналдан 9 атмосфераға бұранданың атмосфералық клапаны арқылы шығады. Сонымен бірге қысым поршеннің 2астында да төмендейді. ТМ-гі қысым шамамен $2,5...2,7 \text{ кгс/см}^2$ мәнге дейін құлағанда, ауыстырып-қосқыш 11 серіппенің 14 әсерімен, каналды 9 жаба отырып, итергішпен 13 оң жаққа тірелгенге дейін жылжиды.

Ауа 2 поршеннің астындағы қуыстан атмосфераға Ат1 реттеуші бұранданың 15 өстік каналы арқылы шығады, және поршень өз серіппесінің әсерімен төмен түсіріледі. Сонымен бірге ауыстырып-қосқыш клапан 4 өз серіппесімен төменгі ершікке 3 түседі, мұнысымен ТЦ-ны атмосферадан Ат1 ажыратады және оларды ауа таратқышпен байланыстырады. Электрлік тежеуді пневматикалықпен алмастыру орын алады.

Электрлік тежеудің автоматты түрде алмастырылуы орын алатын ТМ қысымын, серіппенің 14 тартылысын өзгерте отырып, бұрандамен 15 реттейді.


4.9. Тежеуіштерді жіберу сигнал бергіштері

Сигнал берушілерді тікелей тежеу цилиндрлеріне немесе олардың құбыр жолдарына орнатады және электрлік тізбек сызбаларына қатарлас қосады. Бұл жағдайда, кез-келген тежеу цилиндрін (ТЦ) босатпаған жағдайда, машинист пультінде сигнал беру шамы жанады.

Шарт. № 352А тежеуіштерді босату сигнал берушісі жалғастығы бар алюминий фланецтен 1 (4.19-суретте қара), жылжымалы түйіспесі 3 бар резеңке диафрагмадан 2 және екі терезесі бар корпуста 4 тұрады. Корпустың ішінде жылжымайтын түйіспелері бар оқшаулаушы 5 бар, оларға бұрандалармен бекі жұқатақтайша бекітілген. Жұқа тақтайшалардың артқы ілемектері корпустың терезелерінен 4,5 мм шығып тұрады және сомынға 8 келіп тіреледі.

Сомындардың арасында жылжымалы және жылжымайтын түйіспелердің арасындағы 1,8.2,2 мм реттелген саңылауды бекітуге арналған екі тығырығы бар резеңке төсеме 9 бар. Босату кезінде түйіспелердің жылдам әрі сенімді ажыратылуы үшін диафрагма 2 және оқшаулағыш 5 арасына серіппе орналастырылған.


ТЦ-ғы қысым $0,3.0,4 \text{ кгс/см}^2$ мәнінен артқан кезде, сигнал берушінің түйіспелері тұйықталады және машинисттің пультінде сигнал беру шамы жанады, ТЦ қысым төмен болған жағдайда, түйіспелер ажыратылады және сигнал беру шамы сөнеді. Сигнал берушілерді тежеуіш цилиндрлеріне немесе ТЦ құбыр жолдарына монтаждайды және кез-келген ТЦ босатпаған кезде машинист пультіндегі сигнал беру шамы жануын жалғастыруы үшін, электрлік сызбаны қатарлас қосады.



4.19-сурет. Уел. № 352А тежеуіштерді босату сигнал бергіші:

1 – фланец; 2 – резеңке диафрагма; 3 – жылжымалы түйіспе; 4 – корпус; 5 – жылжымайтын түйіспелері бар окшаулағыш; 6 – бұранда; 7 – жұқа тақтайша; 8 – сомын; 9 – резеңке төсеме

Шарт. № 115А тежеуіштерді босату сигнал бергіші қақпақтан 1 (4.20-сурет) және корпустан 3 тұрады, олардың арасына резеңке диафрагма 6 орнатылған. Тежеуіш цилиндріндегі қысым $p_{т.ц}$ 0,3...0,4 кгс/см² артық болған кезде диафрагма майысады және өзекшеге 5 әсер



4.20-сурет. Шарт. № 115А тежеуіштерді босату сигнал бергіші:

1 – қақпақ; 2 – тіреу; 3 – корпус; 4 – серіппелер; 5 – өзекше; 6 – резеңке диафрагма; 7 – жалғастық; 8 – электр сымдары; 9 – окшаулағыш; 10 – төсемелер; 11 – итергіш; 12 – шағын ауысытырып-қосқыш; $p_{т.ц}$ – тежеуіш цилиндрдегі қысым

етеді, ол итергіш 11 және тіреу 2 арқылы шағын ауыстырып-қосқыш түйіспелерін 12 тұйықтайды – машинисттің пультінде сигнал беру шамы жанады. ТЦ төмен қысым болған кезде өзекше 5 және итергіш 11 серіппелердің 4 әсерінен сол жаққа жылжиды, мұнысымен шағын ауыстырып-қосқыш 12 түйіспелерінің ажырауын қамтамасыз етеді, сонымен бірге сигнал беру шамы сөнеді. Шарт. № 115А сигнал берушісінің шарт. № 352А сигнал берушісі сияқты сипаттамалары бар.

Тежеуіштерді босату сигналберушілері ретінде басқарудың автоматты түрде (пневматикалық) ажыратқыштары да қолданыла алады.

4.10. Басқарудың пневматикалық ажыратқышы




Әртүрлі индексті басқарудың пневматикалық ажыратқыштары (ПВУ) – олар орналастырылған магистральдерің ауа қысымының өзгеруіне байланысты басқару тізбектерін автоматты түрде қосуға және ажыратуға арналған.

ПВУ-2 басқару ажыратқышыТМ бұруында орналастырылады және қақпақтан 1 (4.21, а -сурет), корпустан 4 және тығыннан 9 тұрады. Корпусында сояуышы 13 бар 3 бар, ол бағыттаушы төлкеде 5 жылжиды. Поршень 3 резеңке манжетпен тығыздалған және серіппемен 10 жүктелген. Сояуышынд 13 сақиналы жырашығы бар гильза 11 және пластмассада жасалынған бұрма иінтірек 14 бар. Корпустың бүйір құйылыстарында болат шариктерден 12, итергіштен 7 және реттеуші сомындары 6 бар серіппелерден 8 тұратын екі шарикті стопор орнатылған. ПВУ байланыс тобы мөлдір қаппен 19 жабылған және өзіне роликті 17 түйіспелі иінтіректі және 16 және 18 қысқыштарды қамтиды. Жылжымайтын түйіспе аоқшаулағыш қалыпта 15 орнатылған және қысқышпен 18 біріктірілген, ал түйіспелі иінтіректе 17 орнатылған жылжымалы түйіспе б, қысқышпен 16 біріктірілген.

ПВУ ажыратқыштары екі түрде шығарылады – қосатын және ажырататын. Олар бір бірінен бұру иінтірегiнiң 14 орналасуымен ерекшеленеді. Ажырату түріндегі аспаптарда (мысалы, ПВУ-4) иінтірек 14 - 180°-қа бұрылған (иінтіректің қиғаш ернеуі төменде). ПВУ-2 және ПВУ-7 ажыратқыштары бір бірінен тығындарының 9 өлшемдерімен ерекшеленеді (ПВУ-7-де ол қысқарақ).

ПВУ-2 жұмыс сызбасы 4.21, б суретте көрсетілген.

ТМ қысым 4,5... 4,8 кгс/см² мәніне жоғарылаған кезде, поршень 3, серіппенің 10 және сол жақ шариктің 12 кедергісінен өте отырып, жоғары қарай оң жақ шариктің 12 гильзаның сақиналы жырашығына 11 түсіп кеткенге дейін жылжиды. Поршеннің сояуышпен толық жүрісі 5.6 мм құрайды. Сонмен бірге иінтірек 14, сояуышта 13 бұрала отырып, түйіспелі иінтіректің 17 ролигін босатады, ол өзсеріппесінің әсерінен а және б түйіспелерінің тұйықталуын қамтамасыз етеді. Басқару тізбегі, мысалы электрлік тежеуіштің, қосылған күйінде қалады.



4.21-сурет. Басқарудың пневматикалық ажыратқышы (а)және ПВУ-2 жұмыс сызбасы(б):

1 – қаппак; 2 – резеңке манжет; 3 – поршень; 4 – корпус; 5 – бағыттаушы төлке; 6 – реттеуші сомын; 7 — итергіш; 8, 10 – серіппелер; 9 – тығын; 11 – гильза; 12 – болат шарик; 13 – сояуыш; 14 – бұрама иінтірек; 15 – оқшаулаушы қалып; 16, 18 – қысқыштар; 17 – түйіспелі иінтірек; 19 – қабық; а – жылжымайтын түйіспе; б – жылжымалы түйіспе

ТМ-гі қысым 2,7...2,9 кгс/см² мәніне дейін төмендеген кезде, серіппе 10, оң жақ шариктің 12 күшін баса отырып, сояуышы 13 бар поршеньді 3 төменге сол жақ шариктің 12 гильзадағы сақиналық жырашыққа 11 түскенге дейін жылжытады. Сояуыш 13 төмен қарай жылжыған кезде иінтірек 14 бұрылды, ол түйіспелі иінтіректің ролигіне 17 әсер етеді. Соңғысы, өз өсінде бұрала отырып, басқарудың электрлік тізбегін үзе отырып, а және б түйіспелерін ажыратады.

Түйіспелердің тұйықталуына және ажыратылуына қысымды реттеу серіппелерді 8 реттеуші сомындармен 6 тартуын өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

ПВУ ажыратқыштары Э-119 ажыратқыштарымен салыстырғанда жоғарырақ сезімталдығымен, сенімділігімен және сипаттамаларының тұрақтылығымен ерекшеленеді.

2000 ж. бастап шығарылып келе жатқан ПВУ-5 ажыратқыштарының тығындары жоқ, алқайталама иінтірек метал түрінде жасалған.

Электровоздар қатарында, әсіресе ВЛ11^м, ВЛ80^с және басқалар, ТЦ магистралінде орнатылған басқарудың пневматикалық ажыратқыштары басқа да функцияларды орындайды: мысалы, ТЦ-ға 1,8 . 2,2 кгс/см² қысым түсірген кезде, сығылған ауаны беруді басқару электрлі тізбегін арбалардың үстеме жүйеуіштерінің цилиндрлеріне тұйықтайды; ТЦ-ғы қысым 2,8...3,2 кгс/см² артық болған кезде құмды автоматты түрде беруді басқару тізбегін дөңгелек жұптарының астына тұйықтайды.

Бақылау сұрақтары

1. Машинисттің пойыздық крандарына қандай талаптар қойылады?
2. Шарт. № 395 машинист кранының бәсеңдеткіші мен тұрақтандырғышының мақсаты қандай?
3. Шарт. № 395 машинисттің краны кран тұтқасының әртүрлі қалыптарында қалай әрекет етеді?
4. Локомотивтерде шарт. № 254 кранын ажыратудың қандай сызбалары қолданылады?
5. Шарт. № 254 кранының жұмысы, оларды локомотивтерде қосудың әртүрлі сызбаларында қалай ерекшеленеді?
6. Шарт. № 367М құрылғысының тежеуіштерді тұйықтаудағы мақсаты қандай және ол қалай әрекет етеді?
7. Тежеу магистралінің үзілу сигнал берушісі шарт. № 418 қадағасымен қалай жасалған және жұмыс істейді?
8. Электртұйықтау клапандары не үшін арналған және қалай әрекет етеді?
9. Басқарудың пневматикалық ажыратқыштары неге арналған және қалай жасалған?

ТЕЖЕУ АСПАПТАРЫ И АВТОРЕЖИМДЕР

5.1. Ауа таратқыштар. Жалпы ережелер

Ауа таратқыштар тежеу кезінде тежеу цилиндрлерін сығылған ауамен толтыруға арналған; тежеуіштерді жіберген кезде тежеу цилиндрінен атмосфераға ауа шығаруға, сондай-ақ тежеу магистраліндегі қосымша сұйыққойманы зарядтауға арналған.

Мақсаты бойынша ауа таратқыштар жүк, жолаушы, арнайы, жылдам жүретін пойыздарға арналған болып бөлінеді. Олар бір бірінен тежеу цилиндрлерін толтыру және босату уақытымен ерекшеленді.

Әрекет ету сипаты бойынша қарқынды және уақытша ауа таратқыштар болып бөлінеді. Қарқындыларға тежеу цилиндрлерін толтыру уақыты тежеу магистралін ажырату қарқына байланысты ауа таратқыштар жатады. Уақытша ауа таратқыштарда тежеуіш цилиндрлерін толтыру уақыты тұрақтылар жатады. Ол басқару саңылауының немесе цилиндрді толтыру саңылауының диаметрімен анықталады.

Тежеуіштерін жіберу ауырлығы бойынша ауа таратқыштар тежеуіштерін жеңіл, жеңілдетілген және ауыр босатушы болып бөлінеді. Жеңіл босатуы бар ауа таратқыш тежеуіштерді тежеу магистраліндегі қысым $0,2...0,3$ кгс/см² жоғарылаған кезде жібере бастайды; жеңілдетілген босатуды тежеуіш цилиндрінен ауа жіберу тежеу магистраліндегі қысым зарядынан $0,3,0,4$ кгс/см² төмен деңгейге қалыпқа келмейінше болады, ал ауыр босату тежеу магистралінің қысымы толығымен зрядты деңгейге дейін қалпына келгеннен кейін басталады.

Ауа таратқыштарға қойылатын талаптардың маңыздыларының бірі – жұмысты басқару тежеу магистраліндегі қысым деңгейінің өзгеруімен жүзеге асырылуы тиіс. Мұнан басқа ауабөлгіштің «жұмсақтық» - тежеу магистраліндегі қысымның төмендеуі 1 мин $0,2,0,3$ кгс/см² баяу болмауы тиіс деген қасиеті болуы тиіс.

Тезелу пойыздың тұтастай ұзындығы бойынша анық және бірқалыпты болуы тиіс. Жолаушылық түрдегі ауа таратқыштағы тежеуіш цилиндріндегі толық қысым $3,8...4,0$ кгс/см² құрауы тиіс. Жүкті түріндегі ауа таратқыштардың жүктеуге байланысты тезелуінің үш режимі болады: жүктелген режимінде тежеуіш цилиндріндегі қысым $3,9...4,2$ кгс/см² болуы тиіс, орташасында – $2,8,3,3$ кгс/см², баста – $1,4,1,8$ кгс/см². Тежеуіш цилиндрлерінің баяу толтырылуына

байланысты жүк ауа таратқыштары бастапқы қысым ауытқуын 0,4.0,8 кгс/см² деп беруі тиіс, ол тежеуіш қалыптарының дөңгелектерге тақасуын, содан кейін «баяулатқышты» қосқанға дейін жылдам бастапқы толтыруды бастауын және қысымның толық мәніне бейін біркелкі артуын жоғарылауын қамтамсыз етеді.

Әр типті ауа таратқыштар пойыздың белгілі бір ұзындығына есептелген, ол тежеуіш толқынның таратылу жылдамдығына байланысты, толық қызметтік тежеуде ол 100 м кем болмауы тиіс, ал шұғыл тежелуде 200 м/с тең болуы тиіс. Сол себептен шарт. № 292 жолаушылар ауабөлгіші ұзындығы 700м пойызға, ал жүк шарт. № 483 – 1400 м есептелген.

Заманауи ауа таратқыштар, алынған әрекет ету сигналына және жұмыс режиміне қарай, тежелуді және тедеуішті босатуды тежеу қалыптарын нөлден максимумға дейін және максимумнан нөлге дейін жасауы тиіс.

Жекелеген ауа бөлгіштің кез келген ақаулықтары пойыздың дұрыс жұмыс істейтін тежеуіштерінің өздігінен босатылуын туындатпауы тиіс.


5.2. Шарт. № 292-001 ауа бөлгіші

Шарт. № 292-001 ауа таратқышты жолаушылар жылжымалы құрамда орнатылады. Ол қарқынды типтегі тікелей әрекет етпейтін тежеуіштерге жатады.

Ауа таратқыш (5.1-сурет) режимді ауыстырып-қосқышы бар магистральді бөліктен 11, ҚДР қосымша ажыратқыш камерасы бар қақпақтан 1 және шұғыл тежеуші 3 үдеткіштен бұрады. Қақпақтың 1 корпусында сүзгі 13, буферлік құрылғы 2және көлемі 1л қосымшаажырату камерасы орналастырылған. Магистральді бөлігінің корпусында магистральді және ауыстырып-қосқыш органдары орнатылған. Магистральді органның магистральді поршені12,бас 9 жәнеайырғыш бөліп таратқыштары бар. Магистральді поршеннің артқы ілмегіндегі еркін көлденең жүріс 7 мм құрайды. Корпусқа11сол жағынан қосымша сұйыққоймаға 3Р өтпелі саңылауы бар бітеуіш 8 бұралған. Бітеуіш босату буферінің 7 стақанының серіппесіне тіреу болып табылады.

Режимді ауыстырып-қосқыш тығынының 6 артқы ілмегінде үш қалпы бар тұтқа 14кигізілген:

Д – магистральді бұру жағына еңкейтілген тұтқа. Тұтқаның осындай қалыпында ауа таратқыш ұзын құрамды жолаушылар пойызында және жүк пойыздарында жұмыс істейді;



5.1-сурет. Шарт. № 292-001 ауа таратқыш құрылғысы және тежеуішті босатқанды және зарядтаған кездегі оның әрекеті:

1 – қосымша ажырату камерасы бар қаппак; 2 – буферлік құрылғы; 3 – шұғыл тежеу үдеткіші; 4 – үзілулік клапан; 5 – шұғыл тежеу үдеткішінің поршені; 6 – режимдік ауыстырып-қосқыш тығыны; 7 – босату буферінің стақаны; 8 – бітеуіш; 9 – басты бөліп таратқыш; 10 – айырғыш бөліп таратқыш; 11 – магистральді бөлігінің корпусы; 12 – магистральді поршень; 13 – сүзгі; 14 – жұмыс режимдернің ауыстырып-қосқыш тұтқасы

К – тік қалып. Осындай қалыпта тұтқа ауа таратқыш қалыпты ұзындықтағы жолаушылар пойызына қосылған кезде болуы тиіс (20 вагонға дейін қоса алғанда);

УВ – тежеуіш цилиндрі жағына еңкейтілген. Бұл жағдайда шғл тежеу үдеткіші өшірілген. Мұндай қалыпта тұтқа, ауа таратқыш қызметтік тежелуде өздігінен шұғыл тежеуге әрекет еткен жағдайда болуы тиіс.

Шұғыл тежеу үдеткішінің 3 корпусында төлке престелген және шұғыл тежеу үдеткішінің поршенінің 5 төсемесі, сондай-ақ үзілмелі клапанның ершігі 4 бар. Поршень 5 резеңке манжетпен тығыздалған және дискісінде диаметрі 0,8 мм саңылауы бар, ол төсеме мен поршеннің үстіндегі У1 қуысы бар манжеттің арасындағы қуысты байланыстырады. Үзілмелі клапан өзінің шығыңқы жерімен поршеннің және клапанның төменгі қалпындағы, саңылауы 3,5 мм (тігінен) шұғыл тежеу үдеткіші поршені 5 табанының жартылай сақиналы ойығына кіреді.

Ауабөлгіштің әрекеті. Зарядталу. Магистральді бұрылыс

бойынша ауа үдеткіштің корпусына келіп түседі. Мұнда оның жолы екі тармаққа бөлінеді (5.1-суретті қара).

Ауаның бір бөлігі қақпақтың стакан тәріздес сүзгісінен 13 өтеді және магистральді камераға МК келіп түседі. Ауа қысымының әсерінен магистральді поршень босату қалпына, бөліп таратқыш төлке жағына жылжиды. Поршеньмен бірге босату қалпына (солға) айырғыш және басты бөліп таратқыштар жылжиды. Бірпқ магистральді поршеннің кемершіктері бөіп таратқыш төлкесінің ысқылау лентасына жанасқаннан бұрын, оның артқы ілмегі босату буферінің стаканына 7 тіреледі. Егер ауаның қуаты магистральді поршенге аз болса, онда буфер батырылмайды. Магистральді поршеннің осындай қалпында ауа МК-дан бөліп таратқыш камерасына ЗК әрқайсысының диаметрі 1,25 мм үш канал ЗР1 бойынша өтеді, содан кейін ені 2,5 мм сакиналы саңылау бойынша поршеньмен төлкенің арасында, және диаметрі 2 мм ЗР2 каналы бойынша поршеннің кемершіктеріне. Егер ауаның қуаты жоғары болса және артқы ілмек буферді батырса, яғни серіппені қысса, онда магистральді поршень кемершіктерімен бөліп таратқыш төлкесіне жанасады. Бұл жағдайда ауа МК-дан үш канал ЗР1 және поршеннің кемершіктерінен бір каналЗР2 бойынша келіп түседі. Бөліп таратқыш камерасынан ауа ЗР3 каналы бойынша қосымша сұйыққоймаға өтеді, оның қысымын, тежеу магистралінің зарядты қысымы $5,0 \text{ кгс/см}^2$ тең болғанкезде, 2,5...3 мин ішінде $4,8 \text{ кгс/см}^2$ толықтырады.

МК камерасынан М2 каналы бойынша ауа айырғыш бөліп таратқыш астына басты бөліп таратқыш арқылы өтеді.


Ауаның екінші бөлігі үдету поршенінен кетеді, оны көтереді және диаметрі 0,8 мм канал бойынша поршеннің үстіндегі У1 камерасына ағып өтеді. У1 камерасынан У2 каналы бойынша және ауыстырып қосу тығыны арқылы ауа бас бөліп таратқышқа келіп түседі, егер ауа таратқыш Д және К режимдеріне қосылған жағдайда. Егер ауа таратқыш УВ режиміне қосылса, онда уау У1 камерасынан тек қана ауыстырып қосу тығынына дейін ғана жетеді.

Бөліп таратқыштардың босату қалпында тежеуші ауыстырып қосу тығыны арқылы Т1, Т4, А2 каналдарымен атмосферамен байланысқан. К1 каналымен бас және айырғыш бөліп таратқыш арқылы қосымша ажырату камерасы атмосферамен байланысқан.

Бәсеңдету (жұмсақтық). Жұмсақтық деп ауабөлгіштің, тежеумагистралінің ТМ қысымы қайсыбір шекті қарқынға дейін төмендеген кезіндегі тежелуге іске қосылмау қабілетін айтады.

Тежеу магистраліндегі қысым 75 с ішінде $0,5 \text{ кгс/см}^2$ дейін баяу төмендеген кезінде, ауа ЗР3, ЗР2 және ЗР1 зарядтау саңылаулары арқылы ЗР-ден ЗК-ге және одан әрі МК-ге ағып өтіп үлгереді, сонымен бірге магистральді поршеньдегі қысымның ауытқуының өсуін туындатпайды, яғни оны тежеуіштік қалыпқа ауысуын туындатпайды. Осылайша, ауа таратқыш жұмсақтық қарқынынан аспайтын тежеу магистралінен шыққан жылыстауларға әсер етпейді, және тежеуіштер әрекет етуге келмейді.

Қызметтік тежелу (5.2-сурет). Тежеу магистралін бәсеңдеткен кезде қызметтік тежеудің $0,3 \text{ кгс/см}^2$ және одан доғары қарқынмен ауа бөлгіштің магистральді камерасындағы қысым құлайды. Қосымша сұйыққоманың ЗР тарапынан үлкен қысыммен магистральді поршень қақпақ жағына жылжиды, өзінің тығыздандыру сақинасымен ЗР1 саңылауын жабады және қосымша сұйыққоманы тежеу магистралімен ажыратады. Поршенмен бірге айырғыш бөліп таратқыш та жылжиды, ол қосымша бәсеңдету камерасын атмосферамен ажыратады, оны магистральді камерамен байланыстырады және басты бөліп таратқыштың жоғарғы айнасында ЗР4 каналын ашады. Магистральдік камераның қосымша камераға М2, К1 камералары және бөліп таратқыш ойықтары бойынша $0,2 \text{ кгс/см}^2$ қосымша бәсеңдетуі орын алады. Магистральді камераның шұғыл қосымша бәсеңдеуіне қарай



5.2-сурет. Қызметтік тежелу кезіндегі ауа таратқыштың әрекеті (белгілерді 5.1-суреттің жазбаларында қараңыз)


магистральді поршень тағы да қақпақ жаққа жылжиды және бас бөліп таратқышты ЗР4 каналы тежеуіш цилиндрінің Т1 каналымен сәйкес келетіндей жылжытады. Тежеуіш магистралінің бас бөліп таратқышпен қосымша бәсеңдетілуі тоқтатылады.

Сығылған ауа қосымша сұйыққоймадан ЗРЗ, ЗР4, Т1 каналдары бойынша тежеуіш цилиндрге келіп түседі. Магистральді поршень айырғыш бөліп таратқышпен ЗР4 каналын, қосымша сұйыққойма тежеуіш цилиндрге тежеу магистралінің бәсеңдету қарқынына тең болатындай ашады. Тежелудің қажетті сатысын ала отырып, машинист пойыздық кранның тұтқасын қайта жабу қалпына ауыстырады және тежеумагистралінің бәсеңдетуін тоқтатады. Қосымша сұйыққойма, тежеумагистраліндегі қысымға қарағанда $0,1...0,2 \text{ кгс/см}^2$ төмен қысымға дейін бәсеңдейді, магистральді поршень айырғыш бөліп таратқышпен бірге тежеуіш цилиндрінің жағына жылжиды және қосымшарезервуардың тежеуіш цилиндрге бәсеңдетуін тоқтатады, себебі бас бөліп таратқыштың жоғарғы айнасындағы ЗР4 каналы жабылатын болады. Тежеу магистралінің қайталай бәсеңдетуінде магистральді поршень тежеуіш қалыпқа тек айырғыш бөліп таратқышты ғана жылжытады және қосымша сұйыққойманы тежеуіш цилиндрге тежеумагистралінің қысымына тең мәнге дейін бәсеңдетеді. Осыдан кейін поршень тағы да қайта жабу қалпына ауысады. Себебі қызметтік тежелу сатылары пайда болады. Тежелу, қосымша сұйыққоймадағы және тежелу цилиндріндегі қысымның мәні теңескенше сатылап жалғаса алады. Тежеуіш цилиндрдегі қысым тежеуіш цилиндрдің диаметріне және тежеуіш цилиндрі поршенінің жүріс ұзындығына, яғни соңғысының көлеміне байланысты болады.

Қайта жабу қалпында ауа таратқыш ТЦ кеткен жылыстауларды толықтырмайды.

Босату. Тежеу магистраліндегі қысым қосымша сұйыққоймадағыға қарағанда $0,2...0,3 \text{ кгс/см}^2$ жоғары көтерілген кезде, магистральді поршень босату қалпына жылжиды. Бөліп таратушылар қосымша бәсеңдету камерасын және тежеуіш цилиндрін атмосферамен байланыстырады. Тежеуіш цилиндріндегі ауа атмосфераға ауыстырып қосу тығыны арқылы шығады, яғни, тежеуіш цилиндрінен ауаның шығу уақыты ауабөлгіштің жұмыс режиміне байланысты болады. К режимінде (5.1-суретті қара) өту каналдары кеңірек болады, сол себептен тежеуіш цилиндрі Д және УВ режимдеріне қарағанда жылдамдық босайды (К режимінде 9.12 с ішінде, Д және УВ режимдерінде 19.24 с ішінде). Қосымша сұйыққойманы және бөліп тарату камерасын зарядтау босатумен бірге болады.

Шұғыл тежеу (5.3-сурет). Тежеу магистраліндегі қысым шұғыл тежеу қарқынымен шұғыл төмендеген кезде, магистральді поршень тежеу қалпына төсемеге тірелгенше, буферлік құрылғының 2 серіппесін қыса және буферлік өзекшені батыра отырып жылдам ауысады. Дәл осылай жылдам бас бөліп таратушы да лақтырылады.



5.3-сурет. Шұғыл тежелудегі ауабөлгіштің әрекеті
(белгілерді 5.1-суреттің жазбаларында қараңыз)

Шеткі тежеу қалпында УЗ ойығы У1 камерасын тежеуіш цилиндрмен байланыстырады. Үдету поршеніне қысым жоғарыдан жылдам нөлге дейін құлайды. Магистральді ауаның қысымымен үдеткіш поршені жылдам 9 мм-ге жоғарылайды және өзімен бірге үзілмелі қалапанды тартады. Клапан ершіктен үзіліп алынады, және тежеу магистралі атмосферамен байланысады. Тежеу магистралінің қосымша бәсеңдеуі орын алады. Бас бөліп таратқыштың ТЗ каналы Т2 каналымен сәйкес келеді. Осы каналдар бойынша және ауыстырып қосу тығыны арқылы ауа қосымша сұйық қоймадан тежеуіш цилиндріне ағып өтеді. Тежеуіш цилиндріндегі қысым артады. Бір мезгілде үдеткіш поршеніне да У1 камерасының тарапынан қысым өседі. Тежеу магистраліндегі және У1 камерасындағы қысымның мәні теңескен кезде, серіппе үзілмелі клапаны бар үдеткіштің поршенін төмен жылжытады. Үзілмеліклапанды 4 ершікке отырғызу, тежеу магистраліндегі қысым $2,5...3,5 \text{ кгс/см}^2$ тең болған кезде орын алады. Осылайша, шұғыл тежеу барысында ауа таратқыш К және Д режимдерінде жұмыс істейді (5.1-суретті қара). УВ режимінде тежеу магистралін үдетушімен бәсеңдету болмайды.

Ауа таратқышты өшіру үшін, тежеу магистралінің бұрылысындағы ажырату кранын жабу қажет және шығару клапанымен

қосымшасұйыққойманы және тежеуіш цилиндрін бәсеңдетеді.

Шарт. № 292-001 ауа бөлгішінің құрылымы қарапайым, оның әрекетке сезімталдығы жоғары және тежеуіштерді жеңіл босатады. Ол 120 м/с қызметтік және 190 м/с шұғыл тежелуде, тежеуіш толқынының тарату жылдамдығын қамтамасыз етеді.

Бұл ауа бөлгіштің жесіпеушіліктері қосымша сұйыққойма көлемімен тежелуіне ауа қорының шектеулігі, тежеуіш цилиндрдің жылыстауларын қоректендіруінің жоктығы, цилиндрдегі қысымның зарядты қысымға тәуелділігі және қосымша сұйыққойма мен тежеуіш цилиндрлердегі көлемдерінің қатынастары болып табылады. Сонымен бірге, ауа таратқышта көп түрлі-түсті метал және дайындау және жөндеу кезінде еңбекті көп қажетсінетін жұмысты талап ететін ысқылатын бөлшектер қолданылады.

5.3. Шарт. № 483.000 (483.000м) ауа бөлгіші

Құрылғы. Шарт. № 483.000 ауа таратқыш жиынтығына басты және магистральді бөліктер, сондай-ақ қоскамералы резервуарлар кіреді (5.4-сурет).

Қоскамералы сұйыққойма сүзгіні³⁴, жұмыс РК және бөліп таратқыш ЗК камераларды қамтиды, оған тежеу магистралінен ТМ қосымша сұйыққойма ЗР және тежеуіш цилиндрінің ажырату краны арқылы құбыржолдар тартылған. Қоскамералы резервуардың корпусында³⁶тежеу режимдерін ауыстырып қосу тұтқалары орнатылған (суретте көрсетілмеген): бос, орташа және жүктелген. Қоскамералы сұйыққоймаға бас және магистральді бөлік бекітіледі, оларда аспаптың барлық жұмыс түйіндері жиынтықталған.


Магистрал ьді бөлік корпустан 28 және қақпақтан 25, тұрады, онда жұмыс (босату) режимдерін ауыстырып қосу түйіні орналастырылған (отпуска): жазықтықты және таулы. Бұл түйін өзіне жылжымалы тіреуіші 23 бар тұтқаны 22 және екі серіппемен ершікке 20 қысылған, диаметрі 0,6 мм калибрленген саңылауы бар диафрагманы 24 қамтиды. Ауа таратқыш жұмысының жазықтық режимінде серіппелерді диафрагмаға 24 басуы 2,5...3,5 кгс/см² құрайды, тау режимінде – 7,5 кгс/см². Магистральді бөлігінің корпусында орналасқан: магистральды орган, қосымша бәсеңдету түйіні және жұмсақтық клапаны.

Магистральді орган өзіне екі 19 және 27 алюминий дискілермен қысылған және қайтпалы серіппемен жүктелген резеңке магистральді диафрагманы 18 қамтиды. Сол жақ дискінің 27 артқы ілмегінде диаметрлері 1 мм-ден екі саңылау және итергіш 30, ал оң жақ дискінің

Басты бөлігі

Қоскамералы сұйыққойма

Магистральді бөлігі



5.4-сурет. Шарт. № 483.000 ауа бөлгіштің зарядтау кезіндегі әрекеті:

1 – басты бөлігінің қақпағы; 2 – басты поршень; 3 – басты поршеньнің бос сояуышы; 4 – қайтарылмалы серіппе; 5, 6 – бос сояуыштың манжеттері; 7 – кері клапан; 8 – тежеуіш клапан; 9 – теңестіру поршені; 10, 11 – үлкен және кіші режимді серіппелер; 12 – тежеу режимдерінің ауыстырып-қосқышының жылжымалы тіреуіші; 13 – атмосфералық клапанның бітеуіші; 14 – атмосфералық клапан; 15 – жұмсақтық клапанының диафрагмасы; 16 – жұмсақтық клапаны; 17 – қосымша бәсеңдетудің манжеті; 18 – магистральді диафрагма; 19, 27 – магистральді диафрагманың оң және солжақ дискілері; 20 – жұмыс (босату) режимдерін ауыстырып-қосқыштар диафрагмасының ершігі Вр; 21 – тығынжыл; 22 – босату режимін ауыстырып-қосу тұтқасы; 23 – босату режимдерінің ауыстырып-қосқышының жылжымалы тіреуіші; 24 – босату режимдерінің ауыстырып-қосқыш диафрагмасы; 25 – магистральді бөлігінің қақпағы; 26 – тығынжылдың өстік каналы; 28 – магистральді бөлігінің корпусы; 29 – қосымша бәсеңдету манжетінің ершігі; 30 – итергіш; 31 – қосымша бәсеңдету клапанының ершігі; 32 – қосымша бәсеңдету клапаны; 33 – атмосфералық клапан ершігі; 34 – сүзгі; 35 – төлке; 36 – қоскамералы резервуардың корпусы; 37 – басты бөлігінің корпусы; 38 – босату клапанының жетектемесі; 39 – босату клапаны

қапталды бөлігінде 19 – диаметрлері 1,2 мм –ден үш саңылау (немесе диаметрлері 2мм-ден екі саңылау) орналастырылған. Магистральді диафрагма магистральді бөлікті екі камераға бөледі: магистральді МК және бөліп таратқышты ЗК. Дискілердің қуысында серіппемен жүктелген тығынжыл 21 орналасқан,оның диаметрі 2 мм өткелсіз өстік каналы 26 және әрқайсысының диаметрлері 0,7 мм болатын үш радиалды каналдары бар. Тығынжылдың ершігі ретінде магистральді диафрагманың сол жақ дискісі болып табылады.

Қосымша бәсеңдету түйіні ершігі 33 бар атмосфералық клапанды 14, ершігі 31 бар қосымша бәсеңдету клапанын және ершігі 29 бар қосымша бәсеңдету манжетін 17 қамтиды. Қосымша бәсеңдету манжеті 17 кері клапанның функциясын атқарады. Барлық клапандар серіппелермен өз ершіктеріне қыспақталған. Атмосфералық клапанның бітеуішінде 13 диаметрі 0,9 мм саңылау орналасқан (ауа таратқышты жетілдіре түскенге дейін – 0,55 мм), қосымша бәсеңдету клапанының ершігінде 31 алты саңылау бар, олар арқылы клапанның артындағы қуыс қосымша бәсеңдету каналымен КДР байланыстырылған, қосымша бәсеңдету манжетінің ершігінде 29 әрқайсысының диаметрі 2 мм болатын алты саңылау орналасқан.

Жұмсақтық клапаны 16 серіппемен жүктелген және ортаңғы бөлігінде резеңке диафрагмасы 15 бар. Жұмсақтық клапанының каналында (клапанның қапсарлы бөлігі мен МК аралығында) диаметрі 0,9 мм болатын калибрленген саңылауы бар ниппель орналасқан (жетілдіре түскенге дейін – 0,65 мм). Жұмсақтық клапанының астындағы диафрагманың қуысы үнемі атмосферамен байланыстырылған.

Басты бөлігі корпустан 37 және қақпақтан 1 тұрады. Қақпақта жетектемесі 38 бар босату клапаны 39 орналасқан. Корпуста басты және теңестіру органдары, кері клапан 7 және диаметрі 0,5 мм калибрленген саңылау орналастырылған.

Басты орган өзіне серіппемен 4 жүктелген бос сояуышы 3 бар басты поршеньді 2 қамтиды. Бос сояуыштың ішінде серіппемен жүктелген


тежеуіш клапан 3орналасқан, бос сояуыштың қапталды бөлігі оның ершігі болып табылады. Бос сояуышта диаметрі 1,7 мм болатын бір саңылау және әрқайсысының диаметрі 1,6 мм болатын сегіз саңылау (немесе 3 мм-ден төрт саңылау) бар. Сояуыш 5 және 6 алты резеңке манжетпен тығыздалған.

Теңестіру органы өзіне үлкен 10 және кіші 11 серіппелермен жүктелген теңестіру поршенін 9 қамтиды. Үлкен серіппені тарту атмосфералық саңылаулары бар бұрандалы төлкемен 35 реттеледі, кіші серіппенің теңестіру поршеніне әсер етуі, тежеу режимдерін ауыстырып қосу тұтқасымен байланысты жылжымалы тіреуіштің 12 көмегімен өзгереді. Теңестіру поршенінің дискісінде, ТК тежеу камерасын ТЦ каналымен байланыстыруға арналған екі саңылауы және диаметрі 2,8 мм өтпелі атмосфералық каналы бар.

Басты бөлігі мен қоскамералы резервуардың арасында диаметрі 1,3 мм саңылаулары бар ниппель орналасқан.

Шарт. № 483.000м жетілдірілген ауа бөлгішінің қосымша бәсеңдету манжетінің ершігінде 29 диаметрі 0,3 мм канал бар, ол арқылы МК ұдайы ПІ қуысымен қосымша бәсеңдету манжетінен кейінгі байланыста болады. Тығынжылдың жоғарғы радиалды каналы, ауабөлгіштің пойыздың артқы бөлігіндегі босатуды бастауын босату және үдетуге сезімталдығын арттыру мақсатында олардың төменгі радиалды каналдарына қатысты оңға ығыстырылған. Тығынжылдың жоғарғы радиалды каналының орналасуы, магистральді диафрагманың босату қалпына РК (оңға) жылжытқан кезде, қуыс П (босату режимдерін ауыстырып қосу диафрагмасынан 24 солға қарай) және МК осы канал және диаметрі 0,3 мм канал арқылы, РК және ЗК тығынжылдың төменгі радиалды каналдары арқылы баланысқаннан көрі, өзара ертерек байланысатындай таңдап алынған.

Жылжымалы құрамның қосымша резервуарлары пайдалану барысында кезенді техникалық куәландыруға (ТО) ұшыратылады, ол ішінара немесе толық болуы мүмкін. Ішінара ТО кезекті жоспарлы жөндеу жұмыстарында 2 жылда 1 реттен жиі өткізілмейді және сұйыққоймаға техникалық құжаттаманы тексеруді, сыртқы тексеру және қосымша резервуардың тығыздығын тексеруді қамтиды. Сыртқы тексерудің міндеті сұйыққойма корпусының механикалық және тотығушылық зақымдануларын визуалды анықтау болып табылады. Тұтас орыны бойынша цилиндр бөлігіндегі сызаттарды дәнекерлеуге тыйым салынады, сондай-ақ металы зақымданған немесе зақымданбаған мыңжылулар; тігістердің тығызсыздықтарын жою үшін тігістерді сокқылау және резервуарларды металының бүліну белгілерімен және цилиндр бөліктерінде және түптерінде адырактармен шығаруға тыйым салынады. Сонмен бірге тереңдігі 5 мм артық емес, дәнекерлеу тігістерінің сыртында үштен артық емес мөлшерде майысулардың болуына және цилиндрлік бөлігінде тереңдігі 0,3 мм дейін және түптерінде 0,5 мм дейін ұсақ метал күйінділеріне жол беріледі. Сондай-ақ сызаттарды және дәнекерлеу тігістеріндегі кеуек жерлерін (алдын ала шауып тастай отырып) дәнекерлеуге рұқсат беріледі, сондай-ақ жарамсыз жалғастықтарды ескілерін шауып тастау және жаңасын орнату арқылы ауыстыру. ЗР-ді тығыздыққа тексеру 6,0... 6,6 кгс/см² қысымдағы сығылған ауамен

жүзеге асырылады.

Толық ТО құрамына ішінара ТО және гидравликалық сынақтарды өткізу үшін сұйыққойманы қайта монтаждауды қамтиды және 4 жылда 1 ерттен жиі жасалмайды, әдетте, КР-1 және КР-2 күрделі жөндеулерде. Алдын ала резервуарлар 6,0... 6,5 кгс/см² қысымды сығылған ауамен үрленеді, содан кейін 5 мин ішінде 10,5 кгс/см² гидравликалық қысыммен беріктікке сынақ жүргізеді. Сонымен бірге, резервуардың жіктері мен қабырғалары арқылы судың ағып кетуіне жол берілмейді. Гидравликалық сынақтардан кейін 3 мн ішінде су моншасында 6,5 кгс/см² қысымды сығылған ауамен немесе сабындау арқылы герметикалыққа сынақ жүргізеді; сонымен бірге көпіршіктердің пайда болуына жол берілмейді.

Сынақтар аяқталғаннан кейін ЗР корпусына ақ бояумен тексеру күні және пункті туралы мәлімет енгізеді, ал сынақ нәтижелерін ВУ-68 нысанды авто тежеуіштерді кезенді жөндеуді есепке алу кітабына тіркейді.

Бақылау сұрақтары

1. Ауа бөлгішінің мақсаты қандай?
2. Шарт. № 292-001 ауа бөлгішінің құрылысы қандай?
3. Шарт. № 292-001 ауа бөлгішінің қанжай жұмыс режимдері бар, ол қандай жағдайларда орнатылады?
4. Шарт. № 292-001 ауа бөлгіші қалай әрекет етеді?
5. Шарт. № 483-000 ауа бөлгішінің құрылысы қандай?
6. Шарт. № 483-000 ауа бөлгішінің жазық және тау режимінде зарядтау кезінде әрекетінің ерекшелігі қандай?
7. Шарт. № 483-000 ауа бөлгіші тежелу және қайта жабу кезінде қалай әрекет етеді?
8. Шарт. № 483-000 ауа бөлгішінің құрамның басында және аяғында болған кездегі жазықтық режимінде босатудың ерекшеліктері қандай?
9. Шарт. № 483 м ауа бөлгішін босатудың ерекшелігі қандай?
10. Ауа бөлгіштің «жұмсақтық» қасиеті неде?
11. Шарт. № 483-000 ауа бөлгіштің тежелуінің қандай режимі және қашан вагонда орнатылады?
12. Шарт. № 304-002 және шарт. № 404 қысым релелері құрамы бойынша немен ерекшеленеді?
13. Авто режимдердің мақсаты қандай?
14. Жүк авторежимі қалай құрылған және ол қалай әрекет етеді?
15. Тежеуіш цилиндрлердің мақсаты және олардың конструктивті өзгешеліктері қандай?
16. Тежелу тиімділігіне тежеуіш цилиндрі сояуышының шығу мәні қалай әсер етеді?
17. Тежелу цилиндрінің тығыздығы қалай тексеріледі?
18. Қосымша резервуарлардың мақсаты қандай және пайдалану барысында техникалық куәландырудың қандай түрлеріне ұшыратылады?

АУА ҚҰБЫРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АРМАТУРАСЫ**6.1. Магистральдар**

Жылжымалы құрамның барлық ауа құбырлары магистральдарға және олардан бұрылыстарға бөлінеді. Магистральдар деп, әдетте, локомотив немесе вагонның тұтастай бойымен өтетін және жалғастыру жеңдері бар ақырғы немесе ажырату крандарымен аякталатын ауа құбырларын атайды. Бірқатар магистральдардың өзінің сигналды бояу түстері болады.

Жылжымалы құрамда типтерін ажыратады, жалпы жағдайда келесі магистральдарды бөліп көрсетеді:

куатты – компрессордан бастап басты резервуарларға дейін;

коректендіруші – басты резервуарлардан машинист кранына дейін (көк түске боялған);

тежеуіш – машинист кранынан пойыздың аяғына дейін (қызыл түс);

қосымша тежеуіш – қосымша тежеуіш кранының артында (сары түс);


импульсті – ауа таратқыштан қосымша тежеуіш кранына дейін (жасыл түс);

машинист кранының жұмысын синхрондау (қара түс);

компрессор жұмысын синхронизациялау (көп секциялы тепловоздар қатарында).

Тежеуіш магистралі жылжымалы құрамның әрбір бірлігінде бар. Ол арқылы автоматты тежеуіштің әрекетін басқару және оны сығылған ауамен жабдықтау жүзеге асырылады. Ауа таратқышты әрекетке келтіру машинист кранымен тежеу магистраліндегі (ТМ) сығылған ауаның қысымын өзгертумен қол жеткізіледі. Осындай басқару принципіне, тежеуіш магистральдің минималды геодинамикалық кедергісі, мүмкіндігінше ауаны өткізуге арналған кескінделудің үлкен ауданы және бұрылыстардың минималды көлемі болуы қажет.

Тежеу магистральдарына келесі талаптар қойылады: кенеттен өткелдерге және ылғалдың жиналып қалуын болдырмау мақсатында құбыржолдардың салбырауына жол берілмеушілік, жалғастырылған жерлерде жылыстаулардың болмауы, құбыр жолдың ішкі бетінің тазалығы (қабыршақтанудың, тоттанудың, құмның болмауы), жылжымалы құрамға дұрыс монтаждау (бекітудің беріктігі). ТМ герметикалығын арттыру мақсатында толық дәнекерленген құбыржолдарды пайдаланады.



6.1-сурет. Арматурасы бар вагонның тежеу магистралі:

1 – үш тармақ; 2 – тоқтату краны; 3 – шаң қармағыш; 4 – магистральді құбыр; 5 – жалғаулық муфта; 6 – қарсы сомын; 7 – аяққы кран; 8 – жалғастырғыш тежеуші жеңі; 9 – жеңнің бастиегі; 10 – аспа; 11 – ажыратқыш кран; 12 – ауа таратқышқа бұрылыс

Тежеу магистралінің $1\frac{1}{4}$ " (34,3 мм) теңішкі диаметрі бар; магистральді құбырлардың майысу радиусы орташа сызығы бойынша 500 мм кем болмауы тиіс; магистральді ауа таратқыш вагонда кем дегенде жеті жерден бекітілуі тиіс.


Ауа құбырларының арматурасыөзіне крандарды және әртүрлі тағайындалудағы клапандарды, жалғастырғыш тежеуші жеңдерді, ауа сүзгілеріні, шаң ұстағыштарды, үш тармақтарды, жалғастырғыш муфталарды, аспаларды және басқаларды қамтиды.

Тежеу магистралі магистральді құбырдан 4 (6.1-сурет), аяққы крандардан 7, бастиектері 9 бар вагонаралық жалғастыру жеңдерінен 8, аспалардан 10, ауа таратқыштарды қосуға және өшіруге арналған ажырату крандарынан 11, магистральді құбырға жалғауға арналған шаң қармағыштан 3, ауа таратқыш Вр бұрылысынан 12, тоқтату крандарынан 2 және жалғастыру бөліктері: муфталардан 5, қарсы сомындардан 6 және үш тармақтардан 1 тұрады. Жүк вагондарында тоқтату крандарындағы тұтқалар алып тасталған.

6.2. Крандар

Шарт. № 190 аяққы кран (6.2-сурет) тежеу магистралын екі ұшынан жабуға арналған, ал тартпа жылжымалы составта, сонымен бірге, қоректендіру магистралін жабу үшін .

Кран корпустан 1, Б (жартылай сфералы беті бар) шағылдырғышы бар клапаннан 2, екі резеңке тағыздағыш сақиналардан 3, эксцентрікті жұдырықшадан 8, сомыннан 9 және сіргеммен 7 жұдырықша шаршысында бекітілген тұтқадан 4 тұрады.



6.2-сурет. Шарт. № 190 аяккы краны:

1 – корпус; 2 – клапан; 3 – резеңке сакиналар; 4 – тұтқа; 5 – қарсы сомын; 6 – жалғастық; 7 – сірге; 8 – эксцентрикті жұдырықша; 9 – сомын; А – диаметрі 6 мм бақылау саңылауы; Б – шағылдырғыш; Б – сұққы


Қарсы сомын 5 артқы кранның бөлшегіне тежеуішті жалғастыру жеңін тығыздауға және бекітуге қызмет етеді.

Кранды жабу үшін тұтқаны 4 жоғары қарай тірелгенше бұрайды, сонымен бірге Б сұққысы клапанды 2 солғы жылжытады және сол жақ сақинаны 3 жылғастық 6 ершігіне қысады. Бұл қалыпта Б сұққысы өсарты сызыққа шамамен 4° өтеді және сол жақ тығыздауыш сақинаны 3...4 мм қысады, осының салдарынан клапан 2 жабылады. Диаметрі 6 мм А бақылау саңылауы, кранның жабық күйінде магистральді жалғастыру жеңі тарапынан атмосферамен байланыстырады.

Ашық күйінде кранның тұтқасы шамамен бөлшек өсінің бойымен орналасады, ал клапан 2 оң жақ тығыздауыш сақинасымен 3 сығылған ауа қысымымен корпустағы 1 ершікке қысылады.

Жүк вагондарында артқы крандар тік өске 60° бұрышпен орнатылуы тиіс. Аяккы кранның осындай бұрылысы пойыздардың жолдың қисық учаскелерімен қозғалған кездегі жалғастыру жеңдерінің жұмыс шарттарының жақсаруына көмектеседі, сондай-ақ сұрыптау дөңестерінде жеңдерді автоматты түрде ажыратқын кезде дөңес бәсендеткіштерінің бөлшектеріне соғылудан сақтау үшін ажыратылған жеңдер бастиектерінің жеткілікті биіктігін қамтамасыз етеді.

Шарт. № Э-195 үш қозғалтқышты қранының (6.3, *а* -сурет) үш бөлшегі *А*, *Б* және *В* және Ат атмосфералық саңылауы бар. Қранның тұтқасының екі қалпы бар, оларда екі бөлшек бір бірімен, ал үшіншісі – атмосферамен байланысады. Сығылған ауа *А* бөлшекке келіп түседі, ол не *Б* бөлшегімен, немесе *В* бөлшегімен байланысады. Егер ауа *Б* бөлшегіне өтсе, онда *В* бөлшегі атмосферамен байланысады, ал егер ауа *В* бөлшегіне өтсе, онда *Б* бөлшегі атмосферамен байланысады.



6.3-сурет. Қрандар:

а – үшқозғалтқышты, шарт. № Э-195: *А*, *Б*, *В* – ранның бөлшектері; *б* – үшқозғалтқышты, шарт.№ 424; *в* – шұғыл тежеу (токтатқыш қран), шарт. № 163: 1 – тұтка; 2 – корпус; 3 – өзекше; 4 – эксцентрикті жұдырықша; 5 – клапан; 6 – резеңке төсеме; 7 – жалғастық; *г* – ажыратқыш,шарт. № 372

Шарт. № 424 үш қозғалтқышты краны (6.3, б -сурет) Шарт. № Э-195 кранынан атмосфералық саңылауының жоқтығымен ерекшеленеді.

Шарт. № 163 тоқтатқыш краны (6.3, в -сурет) тежеу магистралін шұғыл бәсеңдетуге, қажет болған жағдайда пойызды сол мезетте тоқтатуға арналған. Кранның корпусы 2 бар, онда өзекшесі 3 және бұрандамен бекітілген резеңке төсемесі 6 бар калапан 5 орналасқан. Өзекше эксцентрикті жұдырықшамен 4 байланысқан (эксцентрикті жұдырықшаның сұққысы өзекшенің кимасына кіреді), оның шаршысына тұтқа 1 отырғызылған. Корпусқа жалғама 7 бұралған, оның көмегімен кранды ТМ бөлшегінде орналастырады.

Кранның жабық қалпында тұтқа құбыр өсінің бойымен орналасады. Кранды іске қосу үшін тұтқаны құбыр өсіне көлденең бұрайды. Сонымен бірге, клапанды 5 жоғары көтере отырып жұдырықша 4 бұралады, және ауа ТМ-нен кран корпусының саңылауы арқылы атмосфераға шығады.


Шарт. №9 372 ажыратқыш кран (6.3, г -сурет) ауа таратқыштарды қосуға және өшіруге қызмет етеді және тұтқасының екі қалпы бар: құбырдың бойымен – кран ашық, құбырға көлденеңінен – кран жабық. Кранның конусты қола тығынында, кранның жабық қалпында ауа таратқышты атмосферамен байланыстыруға арналған атмосфералық саңылау бар. Бұл саңылау ажырату кранын өткізіп алған жағдайда, өшірілген ауа таратқыштының өздігінен тежелуін ескерту үшін қызмет етеді.

Шарт. № 383 ажыратқыш краны тежеуіш аспаптарын қосуға және өшіруге қызмет етеді. Құрылысы бойынша ол шарт. № 372 кранына ұқсас, бірақ тығынында атмосфералық саңылауы жоқ.

6.3. Клапандар

Жылжымалы құрамда қолданылатын клапандар мақсаты бойынша шығару, сақтандыру, кері, ауыстырып-қосқыш және максималды қысымды болып бөлінеді.

Шарт. № 31 шығару біртекті клапаны (6.4-сурет) жеке вагонның тежеуішін қолмен босату үшін, резервуарлар мен ауа таратқыштарды өшірген кезде ішкі камераларынан ауаны шығару үшін қызмет етеді. Ол сондай-ақ жолаушылар локомотивтерінде тежеуіш цилиндрлерінен ауаны шығару үшін қолданылады. Клапанның Ат атмосфералық саңылауы бар корпусы 5 және корпусқа екі түйреуішпен 7 асылған тұтқасы 8 бар. Корпусың жоғарғы бөлігіне жалғағыш 1 бұралған, оның көмегімен клапанды құбыржолға монтаждайды. Копустың ішінде өзекшеден 6, тағарықтан 3 және төсемеден 4 тұратын клапанның өзі орнатылған. Клапан ершікке серіппемен 2 қысылған. Тұтқаны шетке қарай тартқан кезде, оның қарама-қарсы ұшы түйреуішке тіреледі, ал ортаңғы сфера тәріздес бөлігі – өзекшеге 6 тіреледі. Сонымен бірге тығырық 3 көтеріледі және жалғағыштың



6.4-сурет.Шарт. № 31 шығару біртекті клапаны:
1 – жалғастық; 2 – серіппе; 3 – тығырық; 4 – төсеме; 5 – корпус; 6 – өзекше; 7 – түйреуіш; 8 – тұтқа

қуысын копустың төменгі бөлігіндегі Ат саңылауы арқылы атмосферамен байланыстырады.

Шарт. № 216 және Шарт. № Э-216 сақтандыру клапандары конструктивті тұрғыдан бірдей жасалған және корпусындағы Ат атмосфералық саңылаулар санымен және серіппе өлшемдерімен ғана ерекшеленеді. Шарт. № 216 клапандары локомотивті

компрессорлардың бірінші және екінші сығылу сатыларының арасына орнатылады. Олар $3,5...4,5 \text{ кгс/см}^2$ іске қосу қысымдарына реттеледі. Шарт. № Э-216 клапандары айдау құбыжолында немесе басты резервуарларда монтаждалады. Олар , әдетте жұмыс қысымын 1 кгс/см^2 асатын іске қосу қысымына реттелген.


Шарт. № Э-216 сақтандыру клапанының (6.5, а -сурет) Ат атмосфералық саңылаулары бар корпусы 4 бар, оған жалғастық 1 бұралған. Жалғастықта бағыттаушы қабырғалары бар тәрелке тәріздес үзілулік клапан 2 бар. Клапанның 2 екі қысыммен әрекет ету алаңы бар: жұмыс (шағын) – үйкелу сақинасына дейінгі бет және үзілулік (үлкен) – клапанның сыртқы шеңберіне дейінгі беті. Клапан 2 серіппемен 3 жүктелген, оның күші қалпақшамен 6 жабылған сомынмен 5 реттеледі. Қалпақшадағы және корпустағы саңылаулар а пломба қоюға арналған.

Серіппенің 3 күшімен клапан 2 өз ершігіне қысылған, және сығылған ауа қысымы төменнен клапанның жұмыс алаңына әсерін тигізеді. Ауаның қысымы серіппенің күшінен артқан кезде, клапан 2 ершіктен шамалы алшақтайды, ойдан кейін ауа клапанның үзілулік (үлкен) алаңына әсер ететін болады. Қысым клапанға төменнен лезде өседі, және ол корпустағы Ат саңылауы арқылы атмосфераға ауа шығара отырып, жылдам жоғары көтеріледі. Ауаның шығуы, серіппенің күші клапанның 2 үзілулік алаңына ауа қысымынан артқанша жалғасатын болады. Ершікке отырғызғаннан кейін клапан сенімді түрде серіппемен жабық күйінде ұстап тұрылатын болады, себебі ауа қысымы клапанның жұмыс (шағын) алаңына таратылатын болады.

«М» типіндегі сақтандыру клапандары чех өндірісінің электровоздарында орнатылған. «М» типті клапанның корпусы 4 (6.5, б -сурет) бар, онда серіппемен 3 жүктелген стақан тәріздес үзілулік клапан 7 орналасқан. Серіппенің қажетті күші реттегіш бұрандамен 9 қамтамасыз етіледі. Клапанның 7 сығылған ауа әсерететін, корпустағы

клапан ершігінің диаметріне тең жұмыс (шағын) алаңы, және клапанның 7 даметріне тең үзілулік (үлкен) алаңы бар.

Сығылған ауаның клапанға қысымы төменінен серіппенің күшін жеңсе, клапан көтеріледі. Сонымен бірге ауа атмосфераға корпустағы 4 Ат саңылауы арқылы шығарылатын болады.



6.5-сурет. Шарт. № Э-216 (а) және «М» типті (б) сақтандырғыш клапандары:
1 – жалғастық; 2 – тәрелке тәріздес үзілулік клапан; 3 – серіппе; 4 – корпус (стакан); 5 – сомын; 6 – қалпақша; 7 – стакан тәріздесі үзілулік клапан; 8 – конусты бұранда; 9 – реттегіш бұранда; а, б – саңылаулар

Бір уақытта ауа 7 клапандағы *a* саңылауы арқылы оның үстіндегі қуысқа өтетін болады және қима алаңын конусты бұрандамен 8 реттеуге болатын *б* саңылауы арқылы атмосфераға шығатын болады. Клапанды 7 серппенің әсерімен ершікке кері отырғызу сәті *a және б* саңылаулары алаңдарының қатынасына және клапанның үстіндегі қуыстың қысымына байланысты. Осылайша, *б* саңылауының қима алаңын өзгерте отырып, клапанды көтеру мен отырғызу қысымдарының айырмашылығын реттеуге болады. *Б* саңылауы қаншалықты аз ашық болса, соншалықты қысымның аз айырмашылығында клапанның 7 ершігіне отырғызу орын алады.


Сақтандыру клапандарының жүктемесін тексеру және қарап шығуды ағымдағы ТР-3 және локомотивтер мен моторлы-вагонды жылжымалы составты (МВПС) күрделі жөндеуден өткізген кездерде, 3 айда 1 реттен жиі емес жүргізеді. Жылжымалы составты кезекті жоспарлы жөндеуге қоя отырып, сақтандыру клапандарын кезенді тексеру және қарап шығу мерзімдері сәйкес келмеген жағдайда, сақтандыру клапандарының белгіленген мерзімнің үстіне он тәулікке дейін жұмысын арттыруға рұқсат беріледі.

Кері клапандар сығылған ауаны тек қана бір бағытта өткізуге арналған.

Шарт. № 155А кері клапандары басты сұйыққойма мен компрессордың арасындағы айдау құбыржолына орнатады. Клапан корпусан 1 (6.6, *a* -сурет) және цилиндрлік клапанның 2 өзінен тұрады, оның корпусқа қатысты диаметрі бойынша шағын саңылауы бар. Клапанды 2 жезден немесе полимерлік материалдан дайындайды. Клапанның үстінде төсемесі 4 бар қақпақпен 3 жабылған қуыс бар. Компрессордан сығылған ауаны берген кезде клапан 2көтеріледі. Клапанның көтерілуі баяу болады, себебі бұған клапанның үстіндегі қуыстағы ауа жастықшасы кедергі келтіреді. Клапанның көтерілуінің соңына қарай, бұл ауа жастықшасы біртіндеп клапан мен корпусстың арасындағы тығызсыздықтар арқылы таралады. Қақпақтың астындағы қуыстағы қысымның баяу өзгеруінің арқасында клапан 2, айдау құбыржолындағы қысымның лүпілдеу барысында, ершікке отырып үлгермейді – мұнымен клапанның гүрсілі болдырмайды. Егер ауаны беру тоқтатылса, онда клапанның цилиндрлік беті мен корпусының арасындағы саңылаудың салдарынан, ол өзінің салмағының әсерімен ершікке отырады.

Шарт. № Э-175 кері клапандары (6.6, *б* -сурет) әрекет ету принципі бойынша шарт. № 155А клапандарына ұқсас. Оларды У₂" бұрандасы бар құбыр жолдарда орнатады, әсіресе электровоздарда және электропоездарда басқару сұйыққоймасы мен коректену магистралінің арасына.


Шарт. №9 ЗОФ кері клапандарын коректендіру және тежеу магистральдарының арасына локомотивтің, оны салқын күйінде жөнелту кезінде, басты резервуарларын зарядтау үшін орнатады.



6.6-сурет. Кері ауыстырып-қосқыш клапандары:

а – шарт. № 155А; б – шарт. № Э-175; в – шарт. № 3ОФ; г – шарт. № 526; д – шарт. № 3ПК; 1 – корпус; 2 – клапан; 3 – цапка; 4 – тосема; 5 – серіппе; 6 – диаметрі 5 мм саңылау; 7, 8 – ұштықтар

Кері клапанның алдында ТМ тежеу магистралының тарапынан ажырату кранын монтаждайды (сық тұрған қысмап краны), оны ашқан кезде ауа тежеу магистралінен корпуста 1 (6.6, в -сурет) орнатылған сүзгі арқылы өтеді, серіппемен 5 жүктелген, резеңке тығыздамалары бар клапанды 2 көтередіжәне ары қарай диаметрі 5 мм саңылау 6 арқылы басты сұйыққоймаға ГР түседі. Серіппе 5 , ондағы қысым төмендеген кезде, сығылған ауаның ГР-ден ТМ-ге ағуына мүмкіндік бермейді.



Саңылау 6 ТМ-ғы қысымның одан басты резервуардың зарядтау барысында шұғыл түсуіне кедергі келтіреді.

Шарт. № 526 кері клапандарын кейбір тепловоздар мен дизель-поездардың айдау құбыр жолында орнатады. Олар ауаның басты сұйық қоймадан компрессорға (оны өшірген кезде, немесе бос жүріс режиміне өткен кезде) ағуын болдырмайды. Клапан корпуста 1 (6.6, г - сурет), қақпақтан 3, клапанның өңінен және серіппеден 5 тұрады. Корпус пен қақпақтың арасында тығыздау төсемесі 4 орналастырылған. 8 және 7 ұштықтарға құбырлар жалғанады, сәйкесінше ГР және компрессордан. Серіппенің болуының арқасында клапан көлденең және тік күйінде де жұмыс істей алады. Компрессорды қосқан кезде клапанның 2 екі жағындағы қысымның мәні теңеседі, және ол серіппенің әсерімен корпустағы ершікке қысылады.


Шарт. № 3ПК ауыстырып-қосқыш клапандары құбыр жолдарды, тежеуіш аспаптарды немесе резервуарларды локомотивтің пневматикалық тежеу сызбасының жұмыс істеу барысында автоматты түрде өшіруге арналған. Жеке алғанда, ауыстырып-қосу клапаны локомотивтің ТЦ-ін, қосымша тежеуіш кранының КВТ әсерінен және керісінше ауа таратқыштан ажыратуға арналған. Клапан корпуста 1 (6.6, д - сурет), қақпақтан 3 және екі төсемесі 4 бар клапанның өзінен тұрады. Корпуста ТЦ мен КВТ-ға бірігуге арналған бұрандасы $\frac{3}{2}$ " болатын екі бөлшегі бар. $У_2$ " бұрандасы бар қақпақтағы бөлшек құбыржолдың ауа таратқыштан Вр қосылуы үшін қолданылады.

Сығылған ауаның қысымымен клапан 2, тежеуіш цилиндрдің Вр немесе КВТ-мен байланысу каналдарын аша отырып, корпустағы немесе қақпақтағы ершікке тірелгенше лақтырылады.

Шарт. № 3МД және Шарт. № 3МДА максималды қысым клапандары басты резервуарлардан немесе қоректену магистралінен резервуарларға немесе құбыржолдарға түсетін қысымды шектеуге арналған.

Шарт. № 3МД клапаны (6.7, а-сурет) корпуста 1, стақаннан 5 және сақтандырғыш қақпақшадан 8 тұрады. Корпуста ішінде серіппемен жүктелген, клапанның өзі 2 орналасқан. Корпуста тиісті құбыр жолдарды жалғауға арналған құйылыстары бар. Стақанда поршень 3 бар, ол резеңке манжетпен 4 тығыздалған және реттеуші серіппемен 6 жүктелген, оның тартылысы реттеуші сомынның 7 көмегімен өзгертіле алады.

Реттеуші серіппенің 6 әсерінен поршень шеткі жоғарғы қалыпты алады және клапанды 2 ершіктен бітеуішке тірелгенше ығыстырады. Сонымен бірге ауа ГР-ден ашық клапан арқылы, мысалы, ТЦ-ге түседі және бір уақытта корпустағы тік канал бойынша қуыққа және поршеннің үстіне түседі. Поршеньге түсетін ауаның қысымы, серіппе 6 ретке келтірілген күштеуден артығырақ болған кезде (мысалы, ТЦ үшін $3,8...4,0 \text{ кгс/см}^2$ артық), ол төмен



6.7-сурет. Максималды қысым клапандары:

a – шарт. № 3МД; *б* – шарт. № 3МДА; 1 – корпус; 2 – клапан; 3 – поршень; 4 – резеңке манжет; 5 – стакан; 6 – реттегіш серіппе; 7 – реттегіш сомын; 8 – сақтандырғыш қалпақша; *a* – қуыс; 5 – бөлшек

түседі, және клапан 2 өз серіппесінің әсерімен ГР мен ТЦ-мен байланысын тоқтатып, ершікке отырады.

Тежеуіш цилиндрлерінің немесе басқару тізбектерінің резервуарларының жинақталу уақытын қысқарту үшін шарт. № 3МДА (6.7, б-сурет) максималды қысым клапанын қолданады, оның поршеннің үстіндегі қуысы арнайы В бөлшектің көмегімен ТЦ-дан келетін құбырмен байланыстырылған. Бұл жағдайда клапан 2 максималды көтеру қалпында тежеуішті цилиндрлер толғанша сақталып тұрады.

КП-53 электрлі-пневматикалық клапандарды электрлік токпен жабдықталған жүк электровоздарында, сығылған ауаны үстемелей жүктейтін құрылғылардың цилиндрлеріне немесе электрлік тежеуішті пневматикалықпен алмастыру тізбегіне беру үшін қолданады.


Клапан ішінде клапан жүйесі орнатылған және қашықтықты жетегі бар корпуста 10 (6.8-сурет) тұрады. Енгізу клапан жүйесі корпусқа престелген төлке 7 түрінде орындалған, және пошеннің сояуышында 2 орналастырылған жоғарғы резеңке сақина 8. Корпустың төменгі бөлігінде манжеті 11 бар алынбалы төлке 6 орнатылған.

Жетек манжетпен 3 тығыздалған және қайцтару серіппесімен 4 жүктелген поршеннен 2 тұрады. Поршенде төменгі резеңке сақина 5 орнатылған.

Жоғарғы жағынан корпус бұрандалы тығынмен жабылған, ал төменінен – қақпақпен 1, оған қосатын типтегі электромагнитті шұра 12 бекітіледі.

Электрлі-пневматикалық клапанның шығару каналы төлкенің 6 ішкі саңылауы мен поршень 2 сояуышындағы үш қасқалшасы арасындағы саңылау бойынша түзіледі. Осы каналдың тығыздалуы төменгі резеңке сақина 5 болып табылады.

Жалғама құбыр а корктену көзі сығылған ауамен байланыстырылған, жалғама құбыр б – цилиндрі немесе ИУ атқарушы құрылғының құбырдолы бар, ал электрмагнитті шұра басқарудың пневматикалық магистраліне Р қосылған.



6.8-сурет. КП-53 электрпневматикалық клапан:

- 1 – қақпақ; 2 – поршень; 3, 11 – манжеттер; 4 – қайтару серіппесі; 5, 8 – резеңке сақиналар; 6 – алынбалы төлке; 7 – престелген төлке; 9 – бұрандамалы тығын; 10 – корпус; 12 – электромагнитті шұры; а, б – жалғама құбырлар; в – канал; Р – басқару магистралі

Тоқсыздандырылған электрмагнитті шұрада поршеннің астындағы қуыс үнемі атмосферамен шұраның клапан жүйесімен байланысқан. Сонымен бірге, поршень 2 шеткі төменгі қалыпта болады, жоғарғы резеңке сақина 8 жалғама құбырды *a* цилиндрден ИУ ажыратады, ал төменгі резеңке сақина 5 ИУ цилиндрді Ат атмосферамен В каналы арқылы байланыстырады. Электрмагнитті шұраға кернеу берген кезде оның клапан жүйесі сығылған ауаны пневматикалық басқару магистралінен поршеннің астына өткізеді. Сонымен бірге поршень, қайтару серіппесінің 4 күшін еңсере отырып, жоғары жылжиды, төменгі резеңке сақина 5 ИУ цилиндрін атмосферадан ажырата отырып төлкеге 6 қысылады, ал жоғарғы резеңке сақина 8 төлкеден 7 шығып кетеді. Сығылған ауа қоректендіру көзінен ИУ цилиндрлеріне түсе бастайды. Клапан жүйесінің жүрісі 4 мм құрайды. Электрмагнитті шұрадан кернеуді алып тастаған кезде поршеннің 2 астындағы қуыс шұраның клапан жүйесі арқылы атмосферамен байланысады. Қайтару серіппесінің 4 күшімен поршень төмен түсіріледі, төменгі сақина 5 төлкеден 6 шығып кетеді, ИУ цилиндрін атмосферамен В каналы арқылыбайланыстырады, ал жоғарғы сақина 8, төлкеге 7 тақала отырып, жалғама құбырды ИУ цилиндрінен ажыратады.

Электровозда жұмыс істеу кезінде клапан ерекше күтімді қажет етпейді. Ауаның жылыстауын бақылауды электрмагнитті шұраның іске қосу нақтылығын тексере отырып, қолмен қосу арқылы жүзеге асырады.

Жұмыс денесі ретінде сығылған ауаны пайдаланатын, ИУ қашықтықтан басқару үшін, электр жылжымалы составта да КП-36 электрпневматикалық клапандары қолданылады, олар КП-53 клапандарынан ерешелігі, оларда клапанды типтегі электрмагнитті шұралардың орнына құрышты типтегі ЭВ-55 электрмагнитті шұралар қолданылады.

КП-100 және КП-110-01 үрлеу клапандары басты сұйыққымалардан конденсаттарды шығаруға арналған.

КП-110-01 үрлеу клапаны корпуста 6 орналастырылған клапан жүйесінен және пневматикалық жетектен (рис. 6.9), сондай-ақ құрышты типтегі электрмагнитті шұрадан және қыздыру элементінен тұрады.


Корпустың жоғарғы және төменгі камералары бар. Жоғарғы камерасында клапан жүйесі орнатылған, ол еершіктен 4 және тиек қысым тығынынан 5, ал төменгісі – төсемеге 9 орнатылған бұрандалы тығынға 8 сүйенетін пневматикалық жетек поршенінен 7 ұрады. Коопустың жоғарғы бөлігіне клапанды ГР-мен біріктіруге арналған жалғастық Зорнатылған. Жалғастықтың астындағы корпустақыздыру элементі 2 орнатылған. Аралық бөлшекке 10 тығыздама 13 және төсеме 15 арқылы орнатылған электрмагнитті шұра 1 поршеннің 7 астында орналасқан қуысы бар каналмен байланысқан. Бұл каналда орталық диаметрі 1 мм дроссельдік саңылауы бар кері клапан 11 және ершік 12 орналасқан .Аралық бөлшек пен электрмагниттік шұраның

Электрмагнитті шұраның катушкасынан қуаттандыру кернеуін алып тастаған кезде, соңғысы сығылған ауаның басқарудың пневматикалық магистралінен поршеннің 7 астындағы қуысқа түсуі жолын жауып тастайды. Осы қуыста қалған ауа кері клапанды 11 солға жылжытады. Сонымен бірге поршеннің астындағы қуыстың атмосферамен байланысуы (электрмагнитті шұраның клапан жүйесі арқылы) кері клапанның дроссельдік саңылаулары арқылы және корпустағы поршеннің 7 отырғызу тығызсыздықтары арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл тиек қысым тығынының соққысыз жұмысын қамтамасыз етеді, себебі поршень төмен қарай лезде емес, поршень астындағы қуыстағы бәсеңдетуші пневматикалық «жастықшаның» болуы себебінен бірқатар баяулықпен жылжытты.

Тұйықтау клапанын 2М62 с № 1000, М62У тепловоздарында және 2ТЭ116 және ТЭ10М(У) тепловоздар қатарында пневматикалық сызбаларда қолданады. Тұйықтау клапаны тепловоздар секциясының өздігінен ағытылуы болған кезде немесе байланыстырушы секцияаралық жеңдердің тұтастығы бұзылған кезде (ажырағанда) өздігінен тежелуін қамтамасыз етеді.

Тұйықтау клапанының корпусы 12 (6.10-сурет), дроссельдік тығырығы 3 бар қақпағы 1 және төсемесі 2 бар. Клапанның корпусында Вр ауа таратқышына және РД қысымының релесінің басқару камерасына бұрмалары, сондай-ақ ауаны атмосфераға шығаруға арналған Ат саңылауы бар. Тұйықтау клапанының қақпағы 1 ТМ тежеу магистралінің бұрмасына жалғасады.

Корпустың төменгі бөлігінде манжетпен 16 тығыздалған сояуышы 15 және бағыттаушы төлкесі 14 бар поршень 4 орналасқан. Бағыттаушы төлкедегі сояуыш 15 манжетпен бтығыздалған және өзінің өстік және радиалды каналдары бар. Поршень 4 серіппемен 5 жүктелген. Корпус 12 пен бағыттаушы төлкенің 14 арасына төсеме 13 орнатылған.




6.10-сурет. Тұйықтау клапаны:

1 – қақпақ; 2, 13 – төсемелер; 3 – дроссельдік тығырық; 4 – поршень; 5, 7 – серіппелер; 6, 16 – манжеттер; 8 – тығыздама; 9 – клапан; 10, 14 – бағыттаушы төлкелер; 11 – бітеуіш; 12 – корпус; 15 – сояуыш; Д, Е, Ж – қуыстар

Корпустың 12 жоғарғы бөлігінде тығыздамасы 8 және радиалды саңылаулары бар бағыттаушы төлкесі 10 бар клапан 9 орнатылған. Поршеннің 5 клапаны 9 мен сояуышының 1 арасында 5 серіппе 7 орнатылған.

Локомотивтің тежеуіш магистраліндегі қысым $4,5...4,8 \text{ кгс/см}^2$ мәнінен жоғары болған кезде, сояуышы 15 бар поршень 4 жоғарғы күйде болады, ол жағдайда 5 және 7 серіппелер қысылған және клапан 9 тығыздамасымен 8 бағыттаушы төлкеге 10 қысылады. Клапан жүйесінің мұндай қалпында сығылған ауа ауа таратқыштан Е қуысына түсе алмайды (қысым релесіне арналған басқарушы камеаға). Сояуыштың 15 жоғарғы радиалды каналдары манжетің 6 артына жоғары кіреді, және Е қуысы Ж қуысымен байланысқан күйінде болады және бұдан әрі клапан корпусындағы Ат саңылауы арқылы атмосферамен байланысады. Басқа сөзбен айтқанда, қысым релесінің басқару камерасы поршеннің 4 сояуышы 15 арқылы атмосферамен байланысады.

Машинисттің пойыздық кранымен тежеу сатыларын орындаған кезде немесе шарт. № 254 карнымен тежелген кезде (6.11-сурет) сығылған ауа қосымша тежеуіштің магистраліне келіп түседі және одан әрі ЗПК ауыстырып қосу клапанынан түседі, ол солғы жылжиды және РБ басқару камерасын атмосферадан ажыратады, және оны қосымша тежеу магистралімен байланыстырады. Сонымен бірге қысым релесі ТЦ тежеуіш цилиндрлерін ПМ коректендіру магистралінен толтырады.



6.11-сурет. Локомотивтегі тұйықтау клапанын қосу сызбасы:

КВТ – қосымша локомотив тежеуішінің краны; Вр – ауа таратқыш; ЗР – қосымша сұйыққойма; ПМ – коректендіру магистралі; ТМ – тежеу магистралі; ИМ – импульсті магистраль; БК – тұйықтау клапаны; РД – қысым релесі; ЗПК – ауыстырып қосу клапаны; ТЦ – тежеуіш цилиндр

ТМ қысым терең төмендеген кезде (2,7...2,9 кгс/см²төмен), мысалы секцияларды өздігінен ағытылуында немесе секция аралық жеңдерді ажырауында, сояуышы 15 бар поршень 4 (6.10-суретті қара) серіппенің 5 әсерінен төмен жылжиды, және сояуыштағы 15 жоғарғы радиалды каналдар манжеттің 6 артына төмен кіреді. Нәтижесінде Е және Ж қуыстары ажырайды, яғни, РДбасқару камерасы (6.11-суретті қара) атмосферамен ажыратылады. Тежеуге іске қосылған ауа таратқыш Вркосымша сұйыққойманы ЗР импульсті магистральға ИМ қосады, нәтижесінде сығылған ауа ЗР-ден тұйықтау клапанының Д қуысына келіп түседі (6.10-суретті қара). Сонымен бірге клапан 9 бағыттаушы төлкеден 10 төмен ығысады және ЗПК ауысытырып қосу клапанына ауа өткізеді (6.11-суретті қара). Ауысытырып-қосу клапаны оңға жылжиды және РД басқару камерасына ауа өткізе отырып, қосымша тежеуіштің магистралін жабады. Қысым релесі ТЦ-ны қоректену магистралінен сығылған ауамен толтырады.

6.4. Шарт. № 348 бәсеңдеткіші


Шарт. № 348 бәсеңдеткіші (6.12-сурет) қоректендіру магистраліндегі сығылған ауа қысымына қарамастан, өзі орнатылған магистральдің немесе резервуардың қалыпты зарядты қысымын сақтап тұруға арналған.

Бәсеңдеткіш бір корпусқа біріктірілген қоректендіру (суретте оң жақта орналасқан) және қоздыру (оң жақта) бөліктерінен тұрады.

Корпуста 4 манжетпен 7 тығыздалған поршень 8орналасқан, оның дискінде диаметрі 0,5 мм калибрленген саңылаулары бар ниппель бпрестелген, және бұрандалы бітеуішпен 2 жабылған қоректендіру клапаны 1 бар, алсеріппемен Зершікке 5 қысылады. Қоректендіру клапанының артқы ілмегі поршень 8 сояуышының қимасына кіреді. П2 қуысы поршень дискісінің оң жағынан бұрандалы қақпақпен 9 жабылған.

Бәсеңдеткіштің қоздыру бөлігінде сүгісі 18 бар қоздыру клапаны 17орналасқан. Клапан жоғарғы жағынан бұрандалы бітеуішпен 20 жабылған, ал серіппемен 19 ершікке 16қысылады. Клапан 17 метал диафрагмаға 15тіреледі, ол копусқа сомынмен 10қысылған. Төменнен диафрагмаға бағыттаушы 14 арқылы реттеуші серіппе 13әсер етед, оның тартылысы қарсы сомыны бар реттегіш стаканмен 12өзгертіледі.

Бәсеңдеткіш келесі жолмен жұмыс істейді. Реттегіш серіппе 13стаканмен 12 қажетті зарықты қысымда орнатылады, ол содан кейін қарсы сомынмен 11 бекітіледі. Сығылған ауа ПМ қоректендіру магистралінен П1 кқуысына қоректендіру клапанына 1 келіп түседі және бір мезгілде ПМ1 және ПМ2 каналдары бойынша П3 қуысына және ары қарай ашық қоздыру клапаны 17 және ПМ3 каналы арқылы пршень 8 дискісінің оң жағындағы П2 қуысына келіп түседі.



6.12-сурет. Шарт. №348 бәсеңдеткіші:

1 – қуаттандырғыш клапаны; 2, 20 – бітеуіштер; 3, 13, 19 – серіппелер; 4 – бәсеңдеткіштің корпусы; 5 – қуаттандырғыш клапанның ері; 6 – ниппель; 7 – тығыздауыш манжета; 8 – поршень; 9 – қақпақ; 10 – сомын; 11 – контрсомын; 12 – реттеуіш стакан; 14 – бағыттауыш; 15 – металл диафрагмасы; 16 – қоздырғыш клапанның ері; 17 – қоздырғыш клапан; 18 – сүзгіш

Ауаның әсерінен поршень солға жылжиды және ершіктен қоректендіру клапынан 1 ығыстырады, ол сығылған ауаны П1 қуысынан М2 қуысына өткізуді бастайды және одан әрі УМ басқарылатын магистральға (немесе басқару сұйыққоймасына) өткізеді, яғни қоректендіру және басқарылатын магистральдар бір бірімен байланысқан болып табылады. Бір уақытта сығылған ауа М2 қуысынан УМ1 каналы бойынша диафрагманың 15 үстіндегі М1 қуысына келіп түседі. М1 қуысында 15 диафрагмасына сығылған ауаның әсерінен күшті теңестіру кезінде және реттегіш серіппенің 13 күштерін теңестіру үшін қоздыру клапаны 17 өз серіппесінің 19 әсерінен ершікке 16 қысылады (жабылады), мұнымен ПЗ қуысы мен ПМ3 каналын ажыратады. Сонымен бірге қысым мәндерінің поршень 8 дискісінің екі жағынан да, диаметрі 0,5 мм калибрленген саңылаулары бар ниппель 6 арқылы теңестірілуі орын алады. Серіппенің 3 күшімен қоректендіру клапаны 1 ершікке 5 отырады, мұнымен қоректендіру және басқарылатын магистральдарды ажыратады. Осылайша басқарылатын магистральдің (немесе басқару резервуарларының) қоректенуі тоқтатылады.

Басқарылатын магистральдағы қысым орнатылған зарядты қысымнан

төмен құлаған жағдайда, даиафрагма 15 қоздыру клапанын 17 аша отырып жоғары майысады ,және басқарылатын магистральдің қоректенуі қайтадан жаңғырады.

6.5. Жалғастыру жеңдері

Жалғастыру жеңдері пойыздағы жылжымалы құрам бірліктерінің ауа құбырларын жалпы тежеу желісіне біріктіруге арналған. Олар: белгілі бір бұрышқа бұрылған кезде немесе вагондарды ажыратқын кезде бастиектері өздігінен ағытылатын алынбалы – Р1 типі (6.13, а -сурет), бұрандалы жалғасқан алынбайтын – Р2 және Р3 типтері (6.13, б және в суреттері) болып бөлінеді.

Р1 типіндегі алынбалы жеңдер жылжымалы құрамның аралас бірліктерінің ауа магистральдарын байланыстыруға арналған. Жең резеңкелі-маталы түтіктен 8 (6.13, а – суретті қара) тұрады, оған ұштық 7 және тарағы 3 және түйреуіші 1 бар бастиек 4 жалғанған. Түтік қапталдарынан 8..10 мм арақашықтықта қамыттарды 5 орнатады, олар ббұрандамалармен тартылған. Екі бастиектің біріктірілген жері резеңке сақинамен 2тығыздалады. Жеңнің жарамдылық мерзімі 6 жыл, тығыздаушы сақина – 3 жыл.

Р2 және Р3 типті алынбайтын жеңдер ауа таратқыштары бар арбашаларда орнатылған тежеуіш цилиндрлерінің құбыржолдарын, сондай-ақ жылжымалы составтың шанақтары мен арбашаларының арасындағы ауа құбырларын байланыстыруға арналған.

Шарт. № 452 жалғастыру жеңдері (6.13, г -сурет) локомотивтердің қоректендіру магистральдарын байланыстыруға қолданылады. Қоректендіру магистралінің тежеуіштікпен қате байланыстыруды болдырмау үшін, осы жеңдердің резеңкелі-маталы түтікшелері 300 мм дейін қысқартылған.

Жеңдердің бастиектерін, олар орнатылған магистральдардың тиісті түстеріне сәйкес бояйды.


Жалғастырушы жеңнің ұшбақылау белгісінің болуы тиіс:

дайындаушы кәсіпорынды, дайындау тоқсанын және жылын көрсете отырып, резеңкелі-маталы түтікшеде бедерлеуі;

жеңнің жиынтықтаған немесе жөндеуден өткізген орнын және датасын көрсете отырып, ұштық қамытының астындағы металлпластинкасы;

жеңнің сыналған күні мен орны көрсетілген бирқа.

Жалғастыру жеңдерінің жай-күйлерін барлық жөндеу түрлерін өткізген кезде тексереді. Қажалған немесе ішкі жағынан қабыршықталған, кездемелік қабаты жалаңашталғанша жарылған жерлері мен тесіктері бар, сондай-ақ қызмет ету мерзімі 6 жылдан асқан және дайындалған күні таңбасы жоқ жеңдер жаңасымен ауыстырылады.



6.13-сурет. Жалғастыру жеңдері:

a – P1 типті: 1 – түйреуіш; 2 – резеңкелі тығыздауыш сақина; 3 – тарак; 4 – жеңнің бастиегі; 5 – қамыт; 6 – бұрандама; 7 – ұштық; 8 – резеңкелі-маталы түтікше; *б* – P2 типті; *в* – P3 типті; *г* – шарт. № 452

Қажалу және резеңкенің беткі қабатында ұсақ сызаттар торының пайда болуы бракка шығару белгілері болып табылмайды.

Жалғастыру жеңдерінің бастиектерін қарап шығады және үлгімен тексереді. Бүлінген бастиекті ауыстырады. Қамыт құлақшаларының арасындағы саңылау 7...16 мм шегінде болуы және бұрандамалармен берік тартылулары тиіс.

ТР-2, ТР-3 жөндеу, сондай-ақ күрделі жөндеу жүргізген кезде, локомотивтер мен МВПС жалғастыру жеңдерін төзімділікке, герметикалыққа және өткізгіштікке сынайды.

Қоректену магистралының жалғастыру жеңдерінің беріктігін 13 кгс/см^2 гидравликалық қысыммен тексереді, тежеу магистральдарының жеңдерін, тежеуіш цилиндрлерінің ауа құбырларын және локомотивтың қосымша тежеуіштерін – 10 кгс/см^2 гидравликалық қысыммен тексереді. Жеңдерді қысыммен 2 мин ішінде ұстап тұрады.

Герметикалығын сығылған ауаның 8 кгс/см^2 пневматикалық қысымымен, 3 мин ішінде жеңді су құйылған ваннаға батыра тырып тексереді.

Су құйылған ваннада герметикалығын тексерген кезде қайта жиынтықталған және пайдалануда болған жеңдерді, сынақтың басында тезеңкелі-маталы түтікшенің бетінде ауа көпіршіктері пайда болуы мүмкін. Егер кейінірек олар жоқ болып кетсе, онда бұл сыналып жатқан жеңді бракка шығару белгісі болып табылмайды.

Өткізгіштігін жеңнің ішкі жағдайын көзбен шолып тексеру арқылы тексереді.


6.6. Ылғал-май бөлгіштер, сүзгілер және шаң ұстағыштар

Тежеуіш аспаптардың әрекет ету сенімділігін қамтамсыз ету үшін сығылған ауа ылғал, май, шаң қоспаларынан және қатта бөлшектерден тазартылуы тиіс. Осы мақсатпен жылжымалы составта бірқатар құрылғыларды қолданады, соның ішінде ылғал-май бөлгіштер, сүзгілер, шаң ұстағыштар.

Ылғал-май бөлгіш шарт. № Э-120 , локомотивті компрессордан айдау құбыржолына келіп түсетін сығылған ауадан ылғалды және майды кетіруге арналған. Ол жоғарыдан қапақпен 1 жабылған шығару краны 5 бар цилиндр 4 түрінде жасалған (6.14-сурет).

Цилиндрдің ішінде екі тордың 3 арасына ірі болат жаңқаны 2 немесе құбыр тілімін орналастырады. Сығылған ауа К компрессордан, төменгі саңылау арқылы цилиндрдің ішіне түсе отырып, жаңқа арқылы өтеді. Май оған шөгеді және содан кейін құрылғының төменгі қуысына ағып түседі. Бір уақытта ылғал да бөлінеді. Тазартылған ауа цилиндрдің жоғарғы бөлігіндегі саңылау арқылы, жылжымалы составтағы ылғал-май бөлгіштің орналасуына қарай, басты резервуарларға немесе тікелей қоректену магистраліне түседі.



Шарт. № УФ-2 сүзгісі компрессормен сорылатын атмосфералық ауаны тазартуға арналған. Сүзгінің фланеці 1 (6.15, а -сурет) бар, оған компрессордың сору түтігі жалғасады. Өзекшеде 2 торлы 3 және 4 цилиндрлер бекітілген, олардың қабырғаларының арасында жылқы



6.14-сурет. Шарт. № Э-120 ылғал-май бөлгіш:
1 – қаппак; 2 – болат жоңқасы; 3 – торлар; 4 —
цилиндр; 5 – шығару қраны;
К – компрессор


қылынан, диаметрі 0,05 мм жез сымнан немесе арнайы эмульсиямен өңделген капрон талшықтан асалған үш сақинадан жасалған сүзгілеу толтырындысы салынған. Қос цилиндр де қаппен 5 жабылған, ол өзекшеге сіргесі 7 бар тәжді сомынмен 6 бекітілген.

Атмосфералық ауа фланец 1 пен қап 5 арасындағы сақиналы саңылау арқылы сорылады, торлы цилиндрлер және сүзгілеу толтырындысы арқылы өте отырып, тазартады және компрессорға келіп түседі.



6.15-сурет. Шарт. № УФ-2 (а)
жәнешарт. № Э-114 (б)
сүзгілері:

1 – фланец; 2 – өзекше; 3, 4 —
толы цилиндрлер; 5 – қап; 6 —
тәжді сомын; 7 – сірге



6.16-сурет. Шарт. № 321-003 шаң қармағышы:
1 – корпус; 2 – бітеуіштер; 3 – саңылаулар; А, Б – камералар

Шарт. № Э-114 сүзгісі жеке тежеуіш аспаптарға келіп түсетін сығылған ауаны тазартуға арналған. Оның түкті сүзгілеу толтырындысы бар (6.15, б-сурет).

Шарт. № 321-003 шаң қармағышы тежеу магистралінен ауа таратқышқа келіп түсетін ауаны тазартуға арналған. Оның корпусы 1 (6.16-сурет) аралықпен екі А және Б камерасына бөлінген, олар бөгде бөлшектерді, майды және ылғалды жинауға арналған. Камералардың бітеуіштері 2 мен саңылаулары 3 бар. Камераларды ластан және майдан тазарту үшін және конденсатты шығару үшін бітеуіштерді желдетеді және шаң қармағышты ауамен үрлейді. Ауаның тежеу магистралінен ТМ ауа таратқышқа Вр жылжу жолы суретте нұсқарлармен көрсетілген.

Бақылау сұрақтары

1. Жылжымалы құрамда қандай магистраль түрлері қолданылады?
2. Шарт. № 190 артқы кранының құрылысы қандай?
3. Ажырату, үш қозғалтқышты және тоқтату крандарының құрылысы қандай және неге арналған?
4. Шығару, сақтандыру және кері клапандардың құрылысы мен қолданылу қағидасы қандай?
5. Шарт. № 348 бәсеңдеткішінің құрылысы және қалай жұмыс істейді?
6. Жалғастыру түтіктерінің қандай типтері жылжымалы құрамда қолданылады және олар қандай сынақтардан өткізіледі?

ЭЛЕКТРПНЕВМАТИКАЛЫҚ ТЕЖЕУІШТЕР**7.1. Электрпневматикалық тежеуіштердің
сызбалары және олардың жұмыстарының
жалпы принципі**

Электрпневматикалық тежеуіштер (ЭПТ) электрлік және пневматикалық құрылғылардың кешенін білдіреді, ондағы басқару электр тогының көмегімен жүзеге асырылады, ал энергия көзі ретінде тежеу үшін сығылған ауаның қысымы қолданылады.

Жалжамыла составта қолданылатын ЭПТ жүйесі негізінде желілік сымдар және пневматикалық магистральдар санымен, электржелісінің толықтығын бақылау тәсілімен, сондай-ақ тежеуіштің әрекет ету принципімен ерекшеленеді – пневматикалық магистральдағы ауа қысымының өзгеруіне байланысты немесе байланыссыз және желідегі кернеуді беру немесе алып тастауға байланысты. Тежеуіштердің электр тізбектерінде кері сым ретінде рельстер қолданылады немесе жылжымайтын составтың тұтастай бойымен негізгі жұмыс сымдарымен бірге кері сымдар төселеді.

ЭПТ басқарудың еңкөп тараған түрі, ол тежелу үшін желілік сымдарға тұрақты ток кернеулері берілетін, сондай-ақ кернеуді босату үшін шешілетін түрі.


Қолданылатын желілік сымдарды саны бойынша ЭПТ сызбаларын бес, екі және бір сымды деп бөлуге болады.

ЭПТ бес сымды сызбалары (7.1, а-сурет) электрпойыздарда және ДР1 дизель-пойыздарда қолданылады. Бұл сызбаларда басқару тізбектерінің дұрыстығын бақылау мерзіммен жүзеге асырылады (тек қана тежеу барысында арнайы бақылау сымының көмегімен).

Тежелу кезінде босату 4 және тежеуіш 3 жұмыс сымдарына «+» кернеу біреледі және кері сымға 5 «-» беріледі, бұл ауабөлгіштің босату ОВ және тежеуіш ТВ шұраларының катушкаларының бір уақытта іске қосылуына алып келеді. *Қайта жабу* ОБ қозған шұрасында тежеу шұрасынан кернеуді алып тастау арқылы жүзеге асырылады, ал босату қос шұрадан да кернеуді алып тастау арқылы қамтамасыз етіледі. Кері сымның 5 тұтастығын бақылау ЭПТ жұмысының барлық жұмыс процестерінде (тежеу, қайта жабу, босату) қамтамасыз етіледі, қалған сымдардың тұтастығын бақылау тек тежеу кезінде ғана жасалынады. Сым 1 бақыланып болып табылады. Тежеу және қайта жабу қалыптарында тежеуіш цилиндрлеріндегі ауа қысымының болуы сигнал беру сымы 2 арқылы бақыланады. Осылайша, тежеу кезінде барлық бес желілік сымдар қолданылады, қайта жабу кезінде ток

босату 4 және кері 5 сымдар арқылы, ал босату кезінде – тек кері сым 5 арқылы өтеді. (ЭПТ жұмысы толығырақ бұдан әріде сипатталатын болады.)

ЭПТ қос сымды сызбалары (7.1, б-сурет) локомотивті тартпасы бар жолаушылар пойыздарында және Д1 дизель-пойыздарында қолданылады. Кері сым ретінде сонымен бірге рельстер қоланылады. Осындай тежеуішті басқару желілік сымдар мен рельстердегі тұрақты токтың полярлығының өзгеруімен жүзеге асырылады. *Тежеу кезінде* «+» жұмыс сымына 1 беріледі, ал «-» - рельстерге 3. Сонымен бірге электр-ауабөлгіштің босату ОВ және тежеу ТВ шұралары қозады. *Қайта жабу* қалпы басқарушы токтың полярлығының ауысуымен



7.1-сызба. Электрпневматикалық тежеуіштердің сызбалары:

а – бас сымды: 1, 2, 3, 4, 5 – сәйкесінше бақылау, сигнал беру, тежеу, босату және кері сым; б – екі сымды: 1 – жұмыс сымы; 2 – бақылау сымы; 3 – рельстер; в – бір сымды: 1 – желілік сым; 2 – конденсатор; 3 – рельстер; ОВ, ТВ – босату және тежеу шұралары; ВС, ВС1, ВС2 – диодтар

қамтамасыз етіледі: «+» - рельстерде, «-» - жұмыс сымында. Бұл жағдайда тек қана босату ОВ шұрасы ғана кернеуде болады, ал ТВ шұрасы тоқсыздандырылған, себебі оның электр тізбегі ВС диодымен кілттенеді. Тежеуішті *босату* желілік сымдардан тұрақты ток кернеуін алып тастау арқылы жүзеге асырылады. Осымен бір уақытта жұмыс сымына 1айнымалы ток кернеуі беріледі, дегенмен ОВ және ТВ шұралары олардың үлкен индуктивті кедергілерінің салдарынан қозбаған күйінде қалады.

Жұмыс сымының 1тұтастығы бақылау сымының 2 көмегімен айнымалы токпен машинист краны тұтқасының босату және пойыздық қалыптарында және тұрақты токпен қайта жабу және тежеу қалыптарында үздіксіз тексеріледі.

Жүк пойыздарының ЭПТ жабдықтаған кезде тежеуіштерді электрлік басқарудың көп сымды желілері қолдануға жарамайтындай болып қалады. Осындай тежеуіштің тізбегінде, пойыздың артында конденсатор 2 арқылы рельстерге 3 тұйықталатын желілік сымды 1 қолдану болжалданады (7.1, в -сурет). *Тежеу* және *қайта жабу* барысында желілік сымға және рельстерге бір мезгілде екі ток түрі беріледі: желінің тұтастығын бақылау үшін айнымалы және тежеуішті басқару үшін тұрақты. *Босату* кезінде сымда 1тек айнымалы ток қана қалады. Тежеуішті басқару желілік сымдарда және рельстерде тұрақты токтың полярлығын өзгертумен жүзеге асырылады. Электр-ауабөлгіштің ОВ және ТВ шұраларын электр энергиясымен бөлек қуаттау ВС1 және ВС2екі диодтың болуымен қамтамасыз етіледі, яғни тежеу кезінде тек қана тежеу шұрасы ғана қозады, ал қайта жабу кезінде тек қана босату шұрасы ғана. ЭПТ жүк пойыздарына пайдалану желілік сымның вагонаралық байланысында сенімді байланысты қамтамасыз ету нұсқаларын іздеумен кідіріледі.

7.2. ЭПТ артықшылықтары мен кемшіліктері

Ресей теміржолдарының жолаушылар жылжымалы құрамында, тежеу магистралін бәсеңдетумен және бәсеңдетусіз тікелей әсер ететін автоматты емес ЭПТ қолданылады. Осындай тежеуіш бір тежеу магистралінен, қоректену аспаптары және жылжымалы құрамдардың әрбір бірлігінде орнатылған және қоректену және басқару аспаптарымен электр сымдарымен байланысқан ЭПТ және электр-ауа таратқыштарды басқару.

Электрпневматикалық тежеуіштер, пневматикалық тежеуіштермен салыстырғанда, едәуір артықшылықтары бар. Оларға келесілер жатады:

тежелу жолын қысқарту және пойыздағы тежеуіштердің бір уақытта іске қосылуының және тежеуіш цилиндрлерінің толықтырылу уақытын қысқартудың арқасында тежеудің біркелкілігін арттыру ;

тежеу күшін икемді реттеу, пойыздың аялдауының жоғары дәлдігі, яғни сатылы босату жолымен тежеуіштерді үздік басқарушылық;

әрекеттердің тәжірибе жүзінде тозбауы, яғни тежеу магистралін бәсеңдетпестен тежелу және ауа таратқыш арқылы одан

қосымшарезервуарларды толтыру мүмкіндігі.

Сонымен бірге, ЭПТ тежеу кезінде тежеуіш цилиндрлеріндегі қысым сояуыштың шығуына байланысты емес.

қолданылатын ЭПТ сондай-ақ бірқатар кемшіліктері де бар, оларға келесілерді жатқызуға болады:

әрекеттің автоматты еместігі (мысалы, ЭПТ қоректенуі жоғаған жағдайда, қызметтік тежелу барысында өзбетінше босату орын алады);

салыстырмалы төмен сенімділік;

машинист кранының тұтқасын VA қалпында ұзақ уақыт ұстап тұрғанда тежеуіш цилиндрлеріндегі шекті қысымға шектеулердің жоқтығы.


7.3. Қос жетекті ЭПТ құрылымдық сызбасы және тежеуіш құралдардың мақсаты

Қос жетекті ЭПТ жиынтығына локомотивтің аккумуляторлық батареясына AB қосылған қуат беру блогі БП (7.2-сурет); машинист кранының контроллері КKM; үш сигналды шамы бар жарық сигнал берушісі СС; басқару блогі БУ; желілік сымдар – жұмыс № 1 және бақылау № 2, олар өзара клемме қораптарымен К, вагонаралық қосылулардың МС және оқшауланған аспалармен біріктірілген; суретте босату ОВ және Тежеу ТВ шұраларының катушкалар және олардың арасындағы Д диод түрінде қосылған шарт. № 305-000 электр-ауа таратқыштары ЭВР. ЭПТ басқару тізбектерінің кернеулерін бақылау үшін вольтметр V қолданылады.

Қуат беру блогі(БП – статикалық түрлендіргіш) ЭПТ тізбектерін қоректендіру және бақылауға арналған тұрақты және айнымалы тоқтың көзі болып табылады. Статикалық түрлендіргіштер қуаттанудың кру кернеуіне 50 немесе 110 В есептелген және ЭПТ басқару тізбектерінің шығысында ток күші 7...8 А болғанда, 50 В тұрақты ток кернеуін қамтамасыз етуі тиіс, бақылау тізбектері үшін – 0,5.0,6 А ток күші және 625 Гц жиілікте айнымалы ток кернеуі 50 В.

Басқару блогі ЭПТ-нің барлық релелік-түйіспелі бөлігі жұмылдырылған аспапты білдіреді.

Жарық сигнал бергіштің үш шамы бар: О – босату (желі), ол машинист краны тұтқасының барлық қалыптарында жанады және желілік сымдардың тұтастығын куәландырады; П – қайта жабу, ол машинист краны тұтқасының III және IV қалыптарында жанады; Т – тежелу, машинист краны тұтқасының VA, V және VI қалыптарында жанып тұрады.



ККМ – машинист кранының контроллері; АБ – аккумуляторлық батарея; БП – ЭПТ қуат беру блогі; СС – О (босату), П (қайта жабу), Т (тежеу) шамдары бар жарық сигнал беруші; БУ – ЭПТ басқару блогі; К – клеммалық қорап; МС – вагонаралық біріктіру; ИП – окшауланған аспа; Д – диод; ОБ – ЭВР электр-ауабелгіштің босату шұрасының қатұшасы; ТВ – ЭВР тежеу шұрасының қатұшасы; V – вольтметр

Машинисткранының контроллері ЭПТ тікелей басқару үшін қолданылады.



Вагонаралық біріктірулер шарт. № 369А әмбебап жалғастыру бастиектері бар жеңдерден тұрады.

Клеммалық қораптар желілік сымдарды бекітуге және жалғастыруға қазмет етеді.

Оқшауланған аспалар локомотив пен аяққы вагонда жалғастыру жөндерін ілуге қызмет етеді.

7.4. Шарт. № 305-000 электр-ауабөлгіші

Құрылысы. Шарт. № 305-000 электр-ауабөлгіші өзіне төрт негізгі бөліктерді қамтиды: электрлік бөлігі, пневматикалық реле, жұмыс камерасы 30 (7.3-сурет) және ауыстырып-қосу клапаны²¹. Электрлік бөлігі резеңке төсеме арқылы қаппен 26 жабылған, 2 және 17 фланецтерінде босату ОБ және ТВ тежеу шұралары орнатылған корпустан 6 тұрады. Шұраның катушкалары өзек темірлерде 18бекітілген. 2 және 17 фланецтерінің тығыздауы ретінде паронит төсемелері бар металдиафрагмалар 4 қызмет етеді. 3 және 16 айраларының құлауының ток күшін шұралармен 1 реттейді, олардың айналуымен өзек темір мен якорьдің арасындағы ауа саңылауын өзгертеді.



7.3-сурет. Шарт. № 305-000 электр-ауа бөлгіш:

1 – ретеу шұрасы; 2, 17 – фланецтер; 3 – босату клапаны бар якорь; 4 – металдиафрагма; 5, 11 – төлклелер; 6 – электрлік бөлімінің корпусы; 7 – шығару клапаны (резеңке тығырық); 8 – сояуыш; 9 – қоректендіру (енгізу) клапаны; 10 – қоектендіру клапанының өстік каналы; 12 – стакан; 13 – резеңке диафрагма; 14 – тежеуіш клапан; 15 – тежеуіш клапанының ершігі; 16 – тежеу шұрасының якорі; 18 – өзек темір; 19 – ауыстырып өкосу клапанының қақпағы; 20 – ауыстырып қосу клапанының корпусы; 21 – ауыстырып қосу клапаны; 22, 23, 24 – түйіспелі қалыптар; 25 – диод; 26 – қап; 27 – бұғау; 28 – пневматикалық реленің корпусы; 29 – цоколь; 30 – жұмыс камерасы; ОВ, ТВ – босату және тежеуіш шұралар

ОВ реттеуші бұрандасының диаметрі 1,3 мм өтпелі өстік каналы бар. ОВ және ТВ якорьларының копусқа 6 престелген төлкелерінде 5 бағыттаушы артқы ілмектері бар. Босату шұрасының якорінде 3 босату клапаны орналастырылған, ал тежеуіш шұра якорінде 16 – тежеуіш клапан 14.Тежеуіш алапанның ершігінде 15диаметрі 1,8 мм калибрленген саңылаулар бар.

3 және 16 якорының электрмагниттеріндегі қозбаған катушкалар төменгі қалпында якорьмен метал диафрагмалардың 4 арасына орналастырылған серіппелермен ұсталады.

Бұғауда 27 диод 25бекітілген. Катушка мен диодтың сымдары түйіспелі қалыптың 24 қысқыштарына шығарылған,ол электрлік бөлігінің корпусының фланецінде бекітілген түйіспелі қалыппен 23 біріктірілген. Қалып 22 жұмыс камерасының фланеціне бекітіледі. 22 және 23 қалыптарының әрқайсысының үш қысқышы және үш электрлік түйіспелері бар. Екі сымды ЭПТ сызбасында тек қана бір қысқыштан және бір түйіспеден ғана қолданылады.


Пневматикалық реле корпустан28және оған бұралған тығыздаушы манжеті және атмосфералық саңылаулары бар цокольдан29 тұрады. Электрлік бөлігінің корпусы мен пневматикалық релекорпусының арасына резеңке диафрагма 13орнатылған, оған түбіне шұрамен, шығару клапанының 7 қызметін атқаратын резеңке тығырық бекітілген метал стақан 12 бекітілген. Реленің корпусында өтпелі өстік каналы 10 бар сояуыш 8 орнатылған. Сояуышта 8 сомынмен қоректену (енгізу) клапаны 9 бекітілген,ол серіппемен ершікке – бағыттаушы төлкеге 11 қысылады. Сояуыштың 8 жоғарғы қаптал бөлігі клапанның 7 ершігі болып табылады.

Екі резеңке сакинасы бар ауыстырып-қосқыш клапан 21 корпуста 20 орналасқан, ол екі жағынан қапақтармен 19 жаылған, олар ауыстырып-қосқыш клапанының ершіктері ретінде қызмет етеді. Клапанның корпусы түйреуіштермен ЭВР жұмыс камерасына бекітіледі.

Жұмыс камерасының 30 көлемі 1,5 л қуысы және ЭВР электрлік бөлігін бекітуге арналған төрт фланеці, шарт. № 292 ауабөлгіші, ауысытырып-қосқыш клапаны және тежеуіш цилиндрінің қақпағында жұмыс камерасының монтажы бар.

Электрлік және дизель-пойыздардың ЭПТ сызбасында қолданылатын шарт.№ 305-001 электр-ауабөлгіші, шарт. № 305-000 ЭВР-нен өзінің босату шұрасындағы реттеуші бұрандасындағы өстік каналының диаметрімен ерекшеленеді (1,3 мм орнына 2,0 мм).Софнмен бірге, шарт. № 305-001 ЭВР сызбасында диод жоқ және ол ЭПТ басқарудың элеетрлік тізбегіне басқаша қосылады.

Қызметі. З а р я д т а у (7.4-сурет). Машинист краны тұтқасының I және II қалыптарында босату ОВ және тежеуіш ТВ шұралар токсыздандырылған, олардың якорьлары өздерінің серіппелерімен төменгі қалыпқа ығыстырылған. Соынмен бірге ашық босату клапаны I және босату клапанының диаметрі 1,3 мм өстік каналы арқылы РК жұмыс камерасы және диафрагманың 3 үстіндегі қуыс атмосферамен



7.4-сурет. Шарт.№ 305-000 электр-ауабөлгіштің сызбасы

1 – босату клапаны; 2 – тежеуіш клапаны ; 3 – диафрагма; 4 – шығару клапаны; 5 – қуаттану клапаны ; 6 – сояуыш; 7 – цоколь; 8 – ажыратып-қосу клапаны; Ат – атмосфера; ОВ және ТВ – босату және тежеу шұралары; РК – жұмыс камерасы ; ТЦ – тежеуіш цилиндрі; ЗК – бөліп тарату камерасы; ЗР – қосалқы сұйыққойма; МК – магистральді камера; КДР – қосымша бәсеңдету камерасы

Ат байланысады, ал тежеуіш клапаны 2 диаметрі 1,8 мм саңылауды жабады, мұнысымен РК-ні қосымша сұйыққоймадан ЗР ажыратады. ЗР зарядталуы ТМ тежеу магистралінен шарт. № 292 ауабөлгіші арқылы болады, ол босату қалыпта болады. Бір мезгілде сығылған ауа ЗР каналдары бойынша тежеуіш клапанына 2 және қоректену клапанының 5 астына өтеді.

Те же у. Машинист кранының тұтқасын VA, V және VI қалпына қойған кезде ЭВР қос шұрасы да қуат алады, және олардың якорьлары темір өзекшеге тартылады. Соынмен бірге босату клапаны, РК-ні атмосферадан ажырата отырып, ОВ өстік каналын жабады, ал тежеуіш клапаны диаметрі 1,8 мм саңылауды ашады, диафрагманың 3 үстіндегі қуысты және РК-ны ЗК-мен бацланыстырады. Сығылған ауа ЗР-дан РК-ға аға бастайды. Диафрагма 3 төмен майысады, және шығару клапанымен 4 сояуыштағы 6 атмосфералық каналды жабады және қоректендіру клапанын 5 ашады. Ауа ЗР-дан диафрагманың астындағы қуысқа келіп түседі және одан әрі ауыстырып-қосу клапанына 8 өтеді, соңғысын тақалғанға дейін оңға жылжытады және ТЦ тежеуіш цилиндріне өтеді.

Ауыстырып-қосқыш клапан, оңға жылжи отырып, ауа таратқыш тарапынан ТЦ-ні атмосферамен ажыратады.

Диаметрі 1,8 мм калибрленген саңылау РК-да, яғни сәйкесінше, ТЦ-да 2,5...3,5 с артынан $3,0 \text{ кгс/см}^2$ қысым жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, ТЦ толтыру қарқыны 1с. шамамен 1 кгс/см^2 құрайды. РК қысым, яғни ТЦ-ғы, тежеуіш шұра катушкасының қозу ұзақтығына байланысты және ТЦ көлемі мен тығыздығына байланысты емес, себебі жұмыс камераларының көлемі және тежеуіш клапандарының ершіктеріндегі саңылаулардың диаметрлері бірдей.

Машинист кранының VA(УЭ) қалпымен ЭПТ тежеу кезінде машинист краны арқылы ТМ бәсендеуі орын алмайды, дегенмен қосымшарезервуарлардың, босату қалыпында болған шарт. № 292 ауабөлгіші арқылы толтырылуының арқасында, ТМ-гі қысымның мардымсыз төмендеуі байқалды (тежеу сатыларын орындауға байланысты $0,2,0,3 \text{ кгс/см}^2$ артық емес). ТМ бәсендетпестен ЭПТ басқару кезінде олардың жүдеулілігі жоғарылайды және тежеуге жұмсалған ауаның шығыны төмендейді.

ТМ бәсендетуімен ЭПТ қызметтік тежеу кезінде шарт. № 292 ауа таратқыштары солкүйінде босату қалпына қала береді, ЗР-ғы қысымның төмендеуі (ЗР бөліп таратқыш камерасында) ТЦ толтыру барысында ТМ-ға қарағанда үлкен мәнге болады (магистральды камерада МК).

Қай та жабу. КМ тұтқасын қайта жабу қалпына қойған кезде босату шұрасының ОВ катушкасы кернеумен қалабереді, ал тежеу шұрасының ТВ катушкасы қуатын жоғалтады, және тежеуіш клапан 2 диаметрі 1,8 мм калибрленген саңылауды жабады. Сонымен бірге РК атмосферамен және ЗР-мен ажыратылған күйде қалады, және сәйкесінше, РК-да белгілі бір тұрақты қысым орнатылады.

Қоректендіру клапаны 5, диафрагманың 3 астындағы қуыстағы қысымды жоғарылата отырып, ауаны ЗР-ден ТЦ-ға өткізуін жалғастырады. Диафрагма астындағы қуыстағы (яғни ТЦ-ғы) және РК-ғы қысымды теңестірген кезде, диафрагма 3 көлденең қалыпты алады, бұл жағдайда шығару клапаны 4 жабық болады, ал қоректендіру клапаны 5 өз серіппесінің әсерінен жабылады, ауаның ЗР-ден ТЦ-ға ағуын тоқтатады.

ТЦ-дпн жылыстаулар болған жағдайда диафрагмадағы 3 қысымдар тепе-теңдігі бұзылады, және соңғысы РК-дан түскен қысымның әсерінен қоректендіру клапанын аша отырып, төмен майысады, ол сығылған ауаны ЗР-ден ТЦ-ға өткізуін бастайды, ондағы қысымды РК-ғы қысымға тең қалпына келтіреді. КМ тұтқасының қоректенуімен қайта жабу қалпында болған жағдайда қосымша резервуарлар өз кезегінде ТМ-нен келетін сығылған ауамен, шарт. № 292 ауабөлгіші арқылы үздіксіз толтырылып отырады.

Босату. КМ тұтқасын босату немес пойыздық қалыпқа қойған жағдайда, ОВ және ТВ катушкалары токсыздандырылған. Сонымен бірге, РК тежеуіш клапанымен ЗР-мен ажыратылған, ал босату клапаны босату шұрасындағы диаметрі 1,3 мм өстік каналды ашады. Ауа РК-дан боасту шұраысының өстік каналы арқылы атмосфераға шыға бастайды. Сонымен бірге, диафрагмадағы 3 қысымдардың тепе-теңдігі бұзылады, және соңғысы ТЦ-дан сығылған ауаның әсерімен шығару клапанын 4 аша отырып жоғары майысады. Ауа ТЦ-дан сояуыштағы 6 өстік канал арқылы атмосфераға шығуын бастайды және атмосфералық саңылаулар в цокольда7.

Босату уақыты 3,0 бастап 0,4 кгс/см² дейін, босату шұрасының өстік каналының диаметрі 1,3 мм немесе 3,5...4,5 с болған кезде 2,0 мм диаметрде 8...10 с құрайды.

Тежеуіштің сатылап босатылуы КМ тұтқасын қайта жабудан пойыздық қалыпқа және қайтадан қайта жабу қалпына ауыстырған кезде мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, босату сатысы уақытпен анықталады, ол уақыттың ішінде ЭВР босату шұрасының катушкасы қуатсыз күйде болады. Босатудың минималды сатысы – ТЦ-ғы қысымды 0,2...0,3 кгс/см² төмендету.

ЭПТ-ні пневматикалық тежеуішпен алмастыру. Егер ЭПТ қызметтік тежеуінде оның бас тартуы орын алған жағдайда (мысалы, желілік сымдар тізбегінің тұтастығының бұзылуы), электр-ауа таратқыштар босатуға іске қосылады. Электр-пневматикалық тежеуішті пневматикалыққа ауыстыру мақсатында, шарт. № 292 ауа таратқыштарын іске қосу үшін машинист кранымен тежеу магистраліндегі қысымның қосымша төмендеуі қажет, яғни ауабөлгіштің МК қысымын ЗК-ға қарағанда үлкенірек мәнге төмендету қажет. Сонымен бірге магистральді поршеннің тежеу қалпына келтіру орын алады. Пневматикалық тежелу қалпына өту уақытын қысқарту үшін, ЭПТ істен шыққан жағдайда, пойыз станцияға жақындаған кезде электр-пневмаикалық тежеуішпен қызметтік тежелулер, тыйым

салатын сигналдарға және жылдамдықты азайту сигналдарына тежеу магистралін бәсеңдетумен орындалады.

ЭПТ шұғыл тежелген жағдайда, шарт. № 292 ауабөлгіші да шұғыл тежеуге іске қосылады, бірақ тежеуіш цилиндрлерін толтыру шарт. № 305 ЭВР арқылы жүзеге асырылады, оның жылдам әрекет етуі жоғары. Слонымен бірге ауыстырып-қосу клапаны 8 шеткі оң жақ қалыпта болады. Сығылған ауа қысымы ЗР-ден шарт. № 292 ауа таратқыш жағынан ауыстырып-қосқыш клапанына, ЭВР жағынанға қарағанда 0,3 ...0,4 кгс/см² аз болады. Бұл жағдайда ЭПТ істен шыққан жағдайда, шарт. № 305 электр-ауабөлгіші босатуға іске қосылады. Дегенмен ТЦ-ғы қысым 0,3.0,4 кгс/см² төмендеген кезде ауыстырып қосу клапаны шарт. № 292 ауабөлгішінің тарапынан қысымның әсерінен тақалғанға дейін солға жылжиды, мұнысымен ТЦ-нің шарт. № 305 ЭВР арқылы атмосфераға босатылуын тоқтатады. Осылайша, ЭПТ-ны пневматикалық тежеуішпен автоматты түрде алмастыру орын алады.


7.5. Вагонаралық байланыстар

Вагонаралық байланыстар шарт. № 369А әмбебап бастиектері бар жалғастыру жеңдерін білдіреді (7.5-сурет).

Бастиектің корпусының құйылысы бар, онда резеңке манжетпен тығыздалған және серіппелермен 12 жүктелген, сфералы түйіспелі беті бар түйіспелі сұққы 7 орналасқан. Түйіспелі сұққы бастиек корпусының бастиегінен пластмасса төлкенің 6 көмегімен окшауланған, ол қақпақпен 11 бекітілген. Қақпақ 11, сұққыда еркін орналасқан метал түйіспелі сақинаны 9 қысады. Бастиектің ішкі қуысы 8 және 10 резеңке сақиналармен тығыздалған.

Жұмыс сымы № 1 және түйіспелі сым № 2 құбыршекті орағышқа 4 орнатылған және бастиекке жалғастық 3 арқылы жақындатылады. Құбыршекті орағыш жалғастықта резеңке сақинамен 2 бекітілген, ал жеңінде – метал қамытпен 5. Жұмыс сымының бос ұшында М8 бұрандамасына арналған саңылауы бар ұштығы бар және бастиектің ішінде түйіспелі сұққыға дәнекерленеді, бос ұшындағы бақылау сымының М6 бұрандамасына арналған саңылауы бар ұштығы бар және бастиектің ішінде түйіспелі сақинамен дәнекерленеді.

Біріктірілмеген жеңдерде серіппе 12 түйіспелі сұққыны 7 бастиек корпусынан жылжытады. Сонымен бірге түйіспелі сұққының белдемесі түйіспелі сұққыға 9 қысылған күйінде болады, және жұмыс және бақылау сымының электрлік тізбегі бастиектің ішінде тұйықталады. Жеңдерді біріктірген кезде қос бастиектің де түйіспелі сұққылары, сфера тәріздес беттермен жанаса отырып, корпустардың ішіне батырылады, және түйіспелі сұққының белдемесі түйіспелі сақинадан




7.5-сурет. Шарт. № 369А әмбебап біріктіру бастиегі:

1 – жез тойтарма; 2, 8, 10 – резенке сакиналар; 3 – жалғастық; 4 – құбыршекті орағыш; 5 – қамыт; 6 – оқшаулау төлкесі; 7 – түйіспелі сұққы; 9 – түйіспелі сакина; 11 – қақпақ; 12 – серіппе; № 1 – жұмыс сымы; № 2 – бақылау сымы

ығысады. Осылайша, жұмыс сымының желісі түйіспелі сұққыларды біріктірумен қамтамасыз етіледі, ал бақылау сымының желісі – бастиектер корпусымен. Байланыстың сенімділігін арттыру үшін бақылаусымының тізбегінде бастиек тарақтарында жез тойтарма 1 орнатылған.


7.6. Оқшауланған аспалар және клеммалық қорантар

Оқшауланған аспалар. Жалғастыру жеңінің бастиегін ілу үшін локомотивте немесе вагонда оқшауланған аспалар қолданылады (7.6-сурет). Шарт.№ 369А әмбебап біріктіруші бастиегі жылжымалы



7.6-сурет. Оқшауланған аспалар:

1, 3 – болат жұқа тақтайшалар; 2 – оқшаулау ендірмесі; 4 – бұрау тұтқасы; 5, 6 — оқшаулау қаптамалары



7.7-сурет. Қосқұбырлы (а, б) және үшқұбырлы (в, г) клеммалық қораптар:
 1, 4 – қақпақтар; 2 – М6 бұрандамасы бар бұранда; 3 – М8 бұрандамасы бар бұранда

Составтың корпусынан оқшаулануы тиіс, сол себептен болат жұқа тақтайшалардан тұратын аспалар, резенке (7.6, а-сурет) немесе пластмасса (7.6, б-сурет) оқшаулау ендірмелерімен 2 жабықталған. Жеңнің бастиегін аяққы вагонның оқшауланған аспасына бекіткен кезде түйіспелі сұққы бастиек корпусынан шығарылған, яғни бастиектің ішіндегі жұмыс және бақылау сымының электр тізбегі тұйықталған.

Локомотивтік оқшауланған аспалардың (7.6, в-сурет) 5 және 6 оқшаулау қаптамалары бар бұрау тұтқасы 4 бар. Бұрау тұтқасының көмегімен, жұмыс және бақылау сымдарының байланысуы тек пойыздың артқы вагонында орын алауы үшін, түйіспелі сұққы бастиек корпусының ішіне батырылады.

Клеммалыққораптар. ЭПТ электр тізбектерінде екі және үш құбырлы клеммалық қораптарды қолданады. Қосқұбрлы қораптарды (7.7, а, б сурет) вагон немесе локомотивтің қапталдарына орнатады. Олардың шойын (7.7, а-суретті кара) немесе пластмасса (7.7, б-суретті кара) корпусы болуы мүмкін, ол сәйкесінше ашылмалы қақпақпен 1 немесе алынбалы қақпақпен 4 жабылады. Қорап корпусының төменгі бөлігінде М6 бұрандамасы бар бұранда 2 бекітілген және М8 бұрандамасы бар бұранда 3 бақылау және жұмыс сымдарын біріктіру үшін орналастырылған.

Үшқұбырлы клеммалық қораптар (7.7, в, г-сурет) электр-ауа таратқыштарына жақын вагонның ортаңғы бөлігіне орнатады. Олардың М8 бұрандамасы бар бір бұрандасы 3 бар, оған жұмыс сымының ұштықтары және электр-ауа таратқышқа бұру бекітіледі. Бақылау сымы осындай қорап арқылы ешбір электрлік біріктірілуісіз еркін өтеді.

7.7. Локомотивті тартпасы бар жолаушылар пойыздарының ЭПТ электр сызбасы

Шарт. № 395 машинисті кранының тұтқасының I және II қалыптарында КМ (ККМ) контроллеріне кернеу берілмейді, және желілік сымдар тізбегіндегі тұрақты ток болмайды (7.8-сурет). Жұмыс және бақылау сымдарының тұтастығын бақылау келесі тізбектер бойынша айнымалы токтарда жүзеге асырылады:

оң жартылай кезеңде – шығу Г1 қуатберу блогі БП, клемма 31 кедергіR1, түйіспелер ОП1, түйіспелер ТР1, клемма Л, жұмыс сымы № 1 вагондарда және вагон аралық МС біріктірулерде, клемма КЛ, аяққы вагонның ИП бастиекгі шарт. № 369А, бақылау сымы № 2, ВК түзетуші көпірдің иіні, катушка КР, ВК түзетуші көпірдің иіні, локомотивтің корпусы (рельтеры), түйіспелер ТР2, түйіспелер ОП2, кедергіR2, шығу Г2;

теріс жартылай кезеңде шығу Г2 қуат беру блогі БП, кедергі R2, түйіспелер ОП2, түйіспелер ТР2, локомотивтің корпусы

(рельстер), түзетуші көпірдің иіні ВК, катушка КР, түзетуші көпірдің иіні ВК, бақылау сымы № 2, аякқы вагонның бастиегі шарт. № 369А, жұмыс сымы № 1, түйіспелер ТР1, түйіспелер ОР1, кедергіR1, шығу Г1.

Қарастырылған тізбектерден тиісінше, әрбір жартылай кезеңде КР катушкасы арқылы түзетілген ток бірдей бағытта ағып өтеді, солсебептен КР1 және КР2 түйіспелері тұйықталған. Нәтижесінде тұрақты токтың электр тізбегі жиналады: +БП, кедергіR3, түйіспелер КР2, шам О, -БП. Сонымен бірге жарық сигнал берушісінде О шамы жанады, ол машинистке ЭПТ желілік сымдарының тұтастығын хабарлайды.

Айнымалы ток өтуге арналған екі тізбек бар:

шығу Г1 БП, кедергіR1, түйіспелер ОР1 және ТР1, тұйықтайтын конденсатор $C_{ш}$, түйіспелер ТР2 және ОР2, кедергі R2, шығу Г2 БП;

шығу Г1 БП, кедергі R1, түйіспелер ОР1 және ТР1, жұмыс сымы № 1, катушкалар ОВ және ТВ локомотив және вагондар шұраларының ЭВР, рельсер, түйіспелер ТР2 және ОР2, кедергіR2, шығу Г2 БП.

ЭВР шұралардың ОВ және ТВ катушкаларының үлкен индуктивтікедергісі бар, сол себептен олар арқылы айнымалы ток өткен кезде олар қозбайды және электр-ауа таратқыштар босату және зарядтау күйлерінде қалып қояды.

Машинист краны тұтқасының **III және IV** қалыптарында (қайта жабу) статикалық түрлендіргіштің шығысындағы тұрақты ток ККМ шағын ауыстырып-қосқыш түйіспелері арқылы ОР катушкасының қуаттануын қамтамасыз етеді, тізбек: + Г БП, ККМ түйіспелері, тұйықталған түйіспелер ТР4, катушка ОР, -Г БП.

Сонымен бірге ОР4, ОР5 түйіспелер тұйықталады және ОР1, ОР2 түйіспелер ауыстырып-қосылады. ОР4 тұйықталған түйіспе арқылы К катушкасы қуат алады, тізбек: +Г БП, түйіспелер ККМ, түйіспелер ОР4, түйіспелер КР1, катушка К, -Г БП.

Қуат көзін айнымалы ток көзінен тұрақты ток көзіне ауыстырған кезде КР бақылау релесінің якорі, алп тастауды бәсеңдетудің нәтижесінде тартылған күйінде қалады және КР катушкасына бәсеңдетудің әсерінен баяулату конденсаторы C_3 . Осылайша, КР1 және КР2 түйіспелері токтың бір түрінен екінші түріне ауысқан кезде тұйықталған күйінде қалады.

К қатты ағынды реленің катушкасын қоздырғаннан кейін оның К 1 түйіспесі тұйықталады. Жоғарыда көрсетілген ауыстырып-қосу нәтижелерінде ОР1 және ОР2 түйіспелері желілік сымдардың айнымлы токпен қуаттану тізбегін ажыратады және олардың тұрақты токпен қуаттану тізбегін тұйықтайды, келесітүйіспе арқылы К1: +Г БП, түйіспе К1, түйіспелер ОР2, түйіспелер ТР2, рельстер, ВК көпірінің иіні, катушка КР, АК көпірінің иіні, бақылау сымы № 2, аякқы вагонның шарт.№ 369А бастиегі, жұмыс сымы № 1, түйіспелер ТР1, түйіспелер ОР1, -Г БП.

Осылайша, рельстерге және корпусқа плюсті полярлылықты тұрақты ток барады, ал жұмыс сымына № 1 – минусты. Сонымен бірге

электр-ауа таратқыштардың босату шұрадары қозады, келесі тізбек бойынша: +Г БП, түйіспе K1, түйіспелер ОР2, түйіспелер ТР2, рельстер, катушкалар ОВ ЭВР, жұмыс сымы № 1, түйіспелер ТР1, түйіспелер ОР1, -Г БП.

Жарық сигнал берушісінде О және П шамдары жанып тұр. О шамын қуаттандыру тізбегі бұрынғы қалпында қалады, ал П шамы аркылытұрақты ток келесі тібекпен өтеді: +БП, кедергіR3, түйіспелер ОР5, шам П, -БП.

О сигнал беру шамы желілік сымдар тізбегінің жұмыс жағдайын білдіреді, ал П шамы тежеу жүйесінің қайта жабу қалпында екендігі туралы сигнал береді.

Машинист карын тұтқасының **VA, V және VI** қалыптарында (қызметтік және шұғыл тежеу) тұрақты ток статикалық түрлендіргіш шығуынан ККМ контроллерінің шағын ауыстырып-қосқыш түйіспелері арқылы ТР катушкасының қуаттануын қамтамасыз етеді, келесі тізбек бойынша: +Г БП, түйіспелер ККМ, түйіспелер ОР3, катушка ТР, -Г БП.

Соынмен бірге ТР3, ТР5 түйіспелері тұйықталады және ОР катушкасына қуат беруді болдырмайтын ТР4 түйіспелері ажыратылады. Тұйықталған ТР3 түйіспесі арқылы К катушкасы қуат алады, тізбек бойынша: +Г БП, түйіспелер ККМ, түйіспелер ТР3, түйіспелер КР1, катушка К, -Г БП.

ТР1, ТР2 түйіспелер К1 қатты ағу релесінің тұйықталған түйіспесі арқылы оң полярлы тұрақты токты жұмыс сымы №1 беруін қамтамасыз етеді, ал теріс полярлықты – корпусқа (рельстерге), тізбек бойынша: +Г БП, түйіспе K1, түйіспе ТР1, жұмыс сымы № 1,аяққы вагонның шарт. № 369А бастиегі, бақылау сымы № 2, ВК көпірінің иіні, катушка КР, ВК көпірінің иіні, корпус (рельстер), түйіспелер ТР2, -Г БП.

Нәтижесінде электр-ауа таратқыштардың ОВ және ТВ шұралары қозады, тізбек бойынша: +Г БП, түйіспе K1, түйіспелер ТР1, жұмыс сымы № 1, катушкалар ОВ және ТВ, корпус (рельстар), түйіспелер ТР2, -Г БП.Жарық сигнал берушісінде О және Т екі шамы жанып тұр. О шамының қуаттану тізбегі бұрынғы күйінде қалады, ал Т шамы арқылы тұрақты ток келесі тізбекпен өтеді: +БП, кедергі R3, түйіспелер ТР5, шам Т, -БП.

О сигнал беру шамы желілік сымдардың тізбектірінің жұмыс қалыпында екендігін көрсетеді, ал Т шамы ЭПТ тежеу күйінде екендігі туралы сигнал береді .

ЭПТ сызбасындағы қатты ағатын К релесінің қосымша мақсаты бар – ОР және ТР түйіспелерін, оларды ауыстырып қосу кездерінде күйіп кетуден сақтайды, мысалы қайта жабуға тежелуден. К релесі уақыт кідіртпей жұмыс істегендіктен, онда ол өз түйіспесін бірінші болып ажыратады, және сәйкесінше ОР және ТР түйіспелері токсыздандырылған тізбекте ауыстырып-қосылады.

Тұйықтаушы конденсатор $C_{ш\text{үлкен}}$ коммутацияларда, ОВ және ТВ ЭВР шұралаоның катушкаларын қуаттандыруларын жоғалтқан сәтте

және қатты ағыс релесінің түйіспелерінде ұшқынның болуын азайту үшін, шамадан артық кернеуліктерді болдырмауға (статикалық түрлендіргіштің І және ІІ және ІІІ қысымдарындағы өздігінен индукциялау ЭДС азайтуға) қызмет етеді.

Желілік сымдардың дубляждалған қуаттануы. Пайдаланудағы локомотивті тартпасы бар пойыздардағы ЭПТ істен шығудың негізгі себептерінің бірі бақылау сымның №2 тізбегінің бүлінуі болып табылады, олар шарт. № 369А бастиектерінің корпусы мен тарақтары бойынша өтеді, және ластануға және тоттануға бейім. ЭПТ сызбаларының жұмыс сенімділігін арттыру үшін, желілік сымдардың дубляждалған қуаттануы қолданылады. Дубляждалған қуаттану локомотивтеақырғы клеммалық қорапта немесе тұйықты басқару блогінің жұқа тақтайшасында № 1 және № 2 сымдарының арасына қамтамасыз етіледі. Ол арнайы тумблермен қосылаалады. Дубляждалған қуаттануды қосқан жағдайда ток екі желілік сымға да қатарлас беріледі, және тежеуішбақылау сымның электртізбегі бұзылған жағдайда жұмыс қабілеттілігін жоғалтпайды, ал ол дұрыс жұмыс істеген жағдайда – және жұмыс сымның бір жерінде бүлінген жағдайда (тізбек тұтастылығының бұзылған жеріне байланысты).

Дубляждалған қуаттанудың негізгі кемшілігі тұтастай пойызда желілік сымдарды тұтастығын үздіксіз бақылаудың жоқтығы болып табылады. ҚР релесі сонымен бірге локомотивтің ЭПТ тізбегінің жағдайын және пойыздағы қысқа тұйықталудың болуын ғана бақылап отырады.

Дубляждалған қуаттану кезінде электр тізбектерін параметрлік бақылау үшін локомотивте амперметр орнатылау тиіс, ол бойынша қайтажабу немесе тежеу кезінде тұтынылатын ЭПТ ток белгіленеді. Басқару тізбектерінің тұтастығыны бақылаудан басқа бұл пойыздың барлық ЭВР тұтынатын қуатын анықтауға мүмкіндік береді, яғни әрекет етуші тежеуіштердің санын нақты анықтау. Дегенмен машинист карын тұтқасының ІІ қалпында, яғни ЭПТ қолданғанға дейін, басқарудың пойыздық тізбегінің жағдайы туралы ақпараты жоқ.

Дубляждалған қуаттануы бар электрпневматикалық тежеуіштер тежеу магистралін ажырата отырып, әрекетке келтіреді, ол үшін машинист краны контроллері оң полярлы тұрақты токты желілік сымдарғамашинист краны тұтқасының тек V қалыпта берілуін реттейді (және одан әр VI бойынша). Машинист карының ІІІ, IV және VАв қалыптарында ЭПТ басқару тізбегіне кернеу беріледі, оның полярлығы қайта жабуға сәйкес келеді.

ЭПТ дубляждалған қуаттануы тек қана 120 км/ч дейінгі жылдамдықта жүретін пойыздарда ғана қолданылады, бұл жағдайда қозғалыс қауіпсіздігі автоматты тежеуіштермен қамтамасыз етілгендіктен, тежеуіштермен қамсыздандыру нормативтері олардың түріне байланысты емес (ЭПТ немесе пневматика).

7.8. Электр пойыздардың ЭПТ жабдықтары

Электр пойыздарының ЭПТ жабдықтары өзіне олардың жұмысын қамтамасыз ететін қосалқы құрылғылар қатарын қосады. Осылай, тежеуіш цилиндрдің құбыр желісінде (немесе олардың өзінде) тежеуішті жіберу сигнализаторлары орналасқан, ал тежеуіш магистральдің және тежеуіш цилиндрлердің бұрылыстарында – басқаруды пневматикалық ажыратқыштар орналасқан. Электр пойызының әр вагоны электрауатаратқышпен шарт. № 305-001 жабдықталған, ал басқару кабиналарында тежеуіш ауыстырып-қосқыштар (ППТ) орнатылған.

ЭПТ тізбектерінде келесі сымдар қолданылады (7.9-сурет):

қоректендіретін – 15 (оң); 30 (теріс);

сызықтық – 43 (кері); 45 (бақылаушы, бұғаттаушы); 47 (тежеуші); 49 (жібергіш); 51 (сигналдық).


Тежеуіш ауыстырып-қосқышы ЭПТ электр тізбегін қорек көзіне қосуға арналған. Әрекет ету принципі бойынша ол барабан типті ауыстырып-қосқыш болып табылады және тұтқыштың үш фиксацияланған күйі болады: I – қосылған (алдыңғы вагонда орнатылады); II— нейтралды; III— ажыратылған (соңғы вагонда орнатылады).

Тежеуіш ауыстырып-қосқышы үш 5, 11, 16 мыс сегменттері және фиксаторы 6 бар барабан 7 орналасқан корпусқа 3 ие (7.10-сурет). Корпус оны кабина қабырғасына бекітуге арналған планкаларға 15 ие. Корпуста ағаш қалып 4 орналастырылған, оның үстінде сақтандырғышты орнатуға арналған екі контактілі еріншелер 1 мен 2 және алты серіппелі контактілі сұққылар 8-10, 12-14 құрастырылған. Сұққылар бос ұштарымен барабанға 7 оның мыс сегменттерімен контактісін қамтамасыз ете отырып тіреледі. Контактілі сұққылар мен 2 еріншеге электр сымдарын қосады. 15 оң сымдарын (7.9-сурет) 2 еріншеге жалғайды (7.10-сурет) және еріншеде орнатылған сақтандырғыш арқылы 12 контактілі сұққыға жалғайды. 13 пен 14 сұққыларына сәйкесінше теріс (30 – 7.9-суреттен қараңыз) және кері (43) сымдар жалғанған, 10 сұққысына (7.10-суретті қараңыз) машинист краны контроллеріне және сигналдық лампаға баратын сымды, 9 сұққысына – жібергіш сымды (49 – 7.9-суретті қараңыз), 8 сұққысына (7.10-суретті қараңыз) ЖБР жіберуін бақылаудың реле катушкасының сымын жалғайды. Ауыстырып-қосқыштың I күйінде 10 және 12 сұққылары тұйықталады, III күйінде барлық сұққылар ажыратылады, ал II күйінде 13, 14, 8 және 9 сұққылары тұйықталады.


Берілістің бақылау релесі (ЖБР) электр тізбектерінің жабу және тежеу кезінде ұқыптылығын бақылауға арналған және сызбаға тежеу ауыстырып-қосқышын III күйге қойған кезде қосылады.

ЭПТ тізбектеріне сондай-ақ кіреді (7.9-суретті қараңыз):

«ЭПТ» және «Ажыратылған» екі жағдайына ие В52 ЭПТ ажыратқышы;



7.9-сурет. Машинист краны бар шарт.№ 395-000-5ЭР2 (с № 1028) және ЭР9П (с № 345) электр пойыздарының ЭПТ электр сызбасы



7.10-сурет. Тежеуіш ауыстырып-қосқышы:

1, 2 – контактілі еріншелер; 3 – корпус; 4 – қалып; 5, 11, 16 – мыс сегменттер;
6 – фиксатор; 7 – барабан; 8, 9, 10, 12, 13, 14 – серіппелі контактілісұққылар; 15 – планка

суырмалы клапан СК барлық режимдер кезінде ЭПТ-ң электр тізбектерінің тұтастығын бақылауды жүзеге асырады. 45, 47, 49 сымдары үзілген кезде немесе егер машинист қырағылық батырмасын ҚБ жіберсе, онда суырмалы клапан ЭПК-ға әсер ете отырып, автостопты тежеуді шақырады;


жібергіш және тежеуші реле – РЖ және РТ сәйкесінше ЭПТ-ны тұрақты басқару үшін аралық релелер ретінде қолданылады, себебі КМ контроллерінде шарт. № 395 аз қуатты микроауыстырып-қосқыштар қолданылады;

қырағылықты бақылау (батырма) релесі ҚБР.

7.11-суретте суырмалы клапан құрылғысы және оның автостоптың электропневматикалық клапанына қосылуы көрсетілген. Суырмалы клапан қосышы типті электромагнитті вентиль түрінде болады, оның клапанды жүйесі ажыратушы кран 2 арқылы ЭПК суырмалы клапаның 1 үстіндегі қуыспен байланысқан. Ажыратушы кран тек ЭПТ-ны өшіру кезінде ғана жабылады.

Суырмалы клапан каркаста 9 орнатылған катушкадан 6, біліктен 7 және якорьдан 10 тұрады. Біліктің ішімен өзекше 8 өтеді, оның төменгі бөлігінде енгізу 4 және шығару 5 клапандары орнатылған.

Суырмалы клапан катушкасында қорек бар кезде якорь білікке тартыла отырып, өзекшеге әсер етеді, және оны төменгі күйге ауыстырады. Сонымен қатар, шығару клапаны 5 жабылады, және ЭПК



7.11-сурет. Суырмалы клапанның автостоптың электропневматикалық клапанына қосылуы:

1 – ЭПК суырмалы клапаны; 2 – ажыратқыш кран; 3 – серіппе; 4 – енгізу клапаны; 5 – шығару клапаны; 6 – катушка; 7 – білік; 8 – өзекше; 9 – қаркас; 10 – якорь; 11 – автостоп ЭПК; At1, At2 – атмосфера; GP – басты резервуарлар; TM – тежеуші магистраль

суырмалы клапанының 1 үстіндегі қуыс атмосферадан (At1) ажыратылған болып шығады.

Суырмалы клапан катушкасында қорек жоқ кезде оның клапанды жүйесі серіппенің 3 әсерінен жоғарғы күйде болады, бұл кезде енгізу клапаны 4 жабық, ал шығару клапаны 5 ашық болады. Сонымен қатар қысылған ауа ЭПК суырмалы клапанының 1 үстіндегі қуыстан ажыратқыш кран мен шығару клапаны 5 арқылы атмосфераға (At1) шығады. Артық қысыммен тежеуші магистральдан ЭПК суырмалы

клапаны 1 жоғары көтеріледі, және оның жедел темппен атмосфераға (Ат2) разрядталады, яғни ЭПК автостоппы 11 іске қосылады.

Алдыңғы кабинада ППТ-ны (7.9-суретті қараңыз) «Басты вагон» күйіне, ал соңғы кабинада – «Соңғы вагон» күйіне қосқанда, кері сым тұтастығын бақылау К сигналды лампысының электр тізбегі келесідей жиналады: +15 сымы, Пр15 сақтандырғышы, машинист кранының контроллерінің реверсивті барабанының контактісі К1(0), ол реверсивті тұтқыштың нейтралды күйінде жабық болады, ППТ (Гол) контактілері, лампа К, сым 43, ППТ (Хв) контактілері, -30 сымы.

СК катушкасы бұл жағдайда келесі тізбек бойынша қорек алатын болады: +15 сымы, Пр15, К1(0) контактісі, ППТ (Гол.) контактісі, В52 ажыратқыш контактілері (сызба бойынша жоғарғылар), СК катушкасы, -30 сымы және – параллель тізбек бойынша оң күйде тұйықталған МКК V–VI контактілері арқылы.

ЭПТ жұмыс істеу үшін В52 ажыратқышын «ЭПТ» күйіне ауыстыру қажет. Сонымен қатар, В52 жоғарғы контактісі ажыратылады, ал төменгісі тұйықталады, және РЖ және РТ катушкалары -30 сымына қосылады.

МК № 395-00-05 тұтқасының **I және II** күйлерінде СК қорек тізбегі келесідей болады: +15 сымы, Пр15, К1(0) контактісі (немесе машинист краны контроллерінің тұтқышы жүріс күйінде болса ҚБР контактісі), ППТ (Гол.) контактісі, МКК V—VI контактілері, СК катушкасы, -30 сымы.

К лампысының қорек тізбегі бұрынғы қалпында қалады.

МК шарт. № 395 тұтқасының **III және IV** күйлерінде СК қорек тізбегі сақталады. МКК III-IV контактілері арқылы – олар сол жақ күйге ауысады, МК тұтқасын перекрыш жағдайына ауыстырғанда – жіберуші сым 49 тізбегінде өз контактісін тұйықтайтын РЖ релесінің катушкасына кернеу беріледі. Осы сым арқылы барлық вагондардың электр ауа таратқыштарының ЖВ катушкалары және ЖБР катушкалары қорек алады. Соңғы вагонда ЖБР контактісі тұйықталады да 47 сымнан (токсыз) 45 сымға дейін электр тізбегі пайда болады. Параллельді тізбектер арқылы бір мезетте алдыңғы және соңғы вагондардың О сигналдық лампалары жанады:

+15 сымы, Пр15 сақтандырғышы, ҚБР контактілері, ППТ (Гол.) контактілері, МКК III-IV контактілері, РЖ катушкасы, В52 контактілері (сызба бойынша төменгі), -30 сымы;

+15 сымы, Пр15, ҚБР контактілері, РЖ контактілері, 49 сымы, ЖВ катушкасы (О лампысының), 43 сымы, ППТ (Хв) контактілері, -30 сымы.

Алдыңғы вагонның О лампысы 49 сымына кернеуді берілуі туралы ескертеді, ал соңғы вагонның О лампысы – 49 сымының бүтіндігі туралы.

МКшарт. № 395 тұтқасының **VA, V және VI** күйлерінде МКК V-VI контактілері сол жақ күйге ауысады. Осы контактілер арқылы 47 тежеуші сым тізбегінде өз контактісін тұйықтайтын РТ (РЖ

катушкасының қорек тізбегі сақталады) релесінің катушкасы қорек алады. Сәйкесінше, барлық вагондарының ТВ ЭАТ вентильдерінің катушкасының қорек алуы келесі тізбектер бойынша: +15 сымы, Пр15, ҚБР контактілері, ППТ (Гол.) контактісі, МКК III-IV контактілері, МКК V-VI контактілері, РТ катушкасы, В52 контактілері, -30 сымы, +15 сымы, Пр15, ҚРБ контактілері, РТ контактілері, 47 сымы, ТВ катушкалары, 43 сымы, ППТ (Хв) контактілері, -30 сымы.

Соңғы вагонның ертеректе тұйықталған ЖБР контактілері тежеуші 47 сымнан бұғаттаушы 45 сымға ток өткізеді, және одан Т лампаларын келесі тізбек бойынша қосады: +15 сымы, Пр15 сақтандырғышы, ҚРБ контактілері, РТ контактілері, 47 сымы, ППТ (Хв) контактілері, ЖБР контактілері, 45 сымы, Т лампалары, 43 сымы, ППТ (Хв) контактілері, -30 сымы.

СК қоректенуі енді келесі тізбек бойынша жүзеге асады: +15 сымы, Пр15, ҚРБ контактілері, РТ контактілері, 47 сымы, ППТ (Хв) контактілері, ЖБР контактілері, 45 сымы, РТ контактілері, СК катушкасы, -30 сымы.

Соңғы вагонның Т лампы 47 сымының бүтіндігі туралы, ал алдыңғы вагонның Т лампы 45 және 47 сымдарының бүтіндігі туралы ескертеді.

ЭАТ (электр ауа таратқыш) тежеу кезінде іске қосылғанда тежеуші цилиндрларының толуы жүзеге асады, және ТЖС контактілері ТЖС сигналдық лампының келесі электр тізбегін құра отырып тұйықталады: +15 сымы, Пр21 сақтандырғышы, «Сигналдық лампылар» ажыратқышы контактілері, 51 сымы, ТЖС лампылары, -30 сымы.

ЭПК іске қосылған жағдайда аралық тежеуші релесінің АТР катушкасы келесі тізбек арқылы қорек алады: +15 сымы, Пр15, ҚРБ контактілері, ППТ (Гол.) контактілері, ЭПК контактілері, ВА ажыратқышының контактілері, АТР катушкасы, -30 сымы.

Сондай-ақ АТР тұйықталған контактілері арқылы 49 және 47 жібергіш және тежеуші сымдарға қорек көзінен кернеу беріледі (МКК контактілерінен өтіп кетіп), яғни ЭПТ тежеуіне ие.

ВА ажыратқышының контактілері ЭПК электропневматикалық клапаның істен шығуы кезінде АТР релесін өшіру үшін қызмет етеді.

Электр тежеуші бар электр пойыздарының ЭПТ. ЭР2Р, ЭР2Т, ЭТ2 электр пойыздары моторлы вагондарда реостатты-рекуперативті (электрлік) тежеуішпен, әр вагонда ЭПТ және автоматты тежеуішпен жабдықталған.


Электрлік тежеу ЭПТ тежелуі орын алатын 10...15 км/с-қа дейінгі кез-келген қозғалыс жылдамдығына қолданылады.

Тежеуіштің электр тізбектерінде қосымша электр аппараттарының қатары қолданылған, көбінесе, аралық тежелу релесі АТР, уақыт ұсталымы релесі УҰР, тежеуіштің орын басу релесі, электр тежеуішін бақылау релесі ТБР, пневматикалық тежеуіш релесі ПТР, тежелу уақытының ұсталымының контакторы ТУҰК және т.б .

198



1Т кезінде тежеуші режим тізбектерінің жиынтығы және 100 А-ды құрайтын якорьдің минималды тоғымен (якорь тоғының минималды тағайындамасы деп аталатын) тежелу орын алады. Сондай-ақ машинист краны контроллерінің тұйықталған контактілері және «Жіберу» батырмасы контактілері арқылы 44 сымымен (+50 В) 49 сымына корек беріледі және, сәйкесінше, барлық вагондардың электр ауа таратқыштарының ВО катушкалары қозады.



ЭР2Т электр пойызының ЭПТ

2Т күйінде төменгі тағайындамамен (якорьдің тежеуші тоғы 250 А құрайды) моторлы вагондардың тежелуі жүзеге асады.

3Т күйінде қалыпты тағайындамамен (тежеуші якорьлық тоқ 350 А аспайды) тежелу орын алады.

4Т күйінде моторлы вагондарда қалыпты тағайындамамен электр тежеуіші әрекет ететін біріктірілген тежелу орын алады, ал басты және тіркемелі вагондарда – ЭПТ.

Бұл жағдайда 44 сымының бойымен (+50 В) машинист краны контроллерінің контактілері және «Тежелу» батырмасы контактілері арқылы 8 сымына қорек беріледі, ол сым бойымен ажыратқыш контакт РТП1 арқылы басты және тіркемелі вагондардың ЭАТ ВТ катушкалары қозады. Басты және тіркемелі вагондардың тежеуші цилиндрлеріндегі қысым 4Т күйіндегі машинист краны контроллерінің тұтқышының ұсталым уақытына тәуелді, сол себепті бұл күйді контроллерді 3Т немесе 2Т күйіне периодты түрде қайтарып отырып қысқа уақытқа ғана қолданады.

5Т күйінде моторлы вагондар барлық вагондарда бір мезетте ЭПТ қосылуымен қалыпты тағайындамамен электрлік тежелу режимінде жұмыс істейді. Сондай-ақ машинист краны контроллерінің тұйықталған контактілері арқылы 44 сымының бойымен (+50 В) басты және тіркемелі вагондардың ЭАТ ВТ катушкалары қозатын 47 сымына кернеу беріледі. Бір уақытта 47 сымының бойымен барлық вагондардың ТБР (тежеуішті бақылау релесі) релесінің катушкасына кернеу беріледі. Моторлы вагондардағы ТБР релесі 40 сымы бойымен өзіндік қоректенуге көшеді және ЭАТ ВТ катушка тізбегінде өз контактісін тұйықтайды. Осылайша, моторлы вагондардағы ЭАТ ВТ катушкасы ТБР тұйықталған контактілері арқылы 47 сымының бойымен қорек алады. ТБР ажыратылған контактісі сүйрегіш электрқозғалтқыштарының қозу тізбегін шунттауды басқаратын Ш контакторын өшіреді, ал тежеуші цилиндрлер қысымы $1,3...1,5 \text{ кгс/см}^2$ артық кезде АВТ басқарудың пневматикалық ажыратылуы іске қосылады, оның контактілері де Ш контакторының тізбегінде ажыратылады. Сонымен қатар электр тежеуіштер тізбектерінің бөлшектенуі орын алады, ал барлық пойызда тек ЭПТ жұмыс істейді.

5Т күйінің негізгі мақсаты – жылдамдығы 30...40 км/сағ кем кезде Электрлік тежеу режимінде ЭПТ-ның пойызды жылдам тоқтатуы (пойыздың барлық вагондарының ЭПТ жұмыс істеп тұрғанда), яғни электр тежеуішіне қарағанда ЭПТ эффективтірек жұмыс істесе.

ҚБР қосу тізбектері. Машинист краны контроллеріне қорек ВУ басқаруды ажыратқашпен ППТ-1 контактілері және «Қорғанысты қайтару» батырмасының тұйықталған контактілері арқылы келесі тізбек бойымен беріледі: +АБ (110 В), 15 сымы, ВУ контактілері, Пр54 сақтандырғышы, тежеуіш ауыстырып қосқыштың ППТ-1 контактілері, «Қорғанысты қайтару» батырмасы, 22А сымы, 22В сымы, «Алға» (Вп) немесе «Артқа» (Нз) күйлерінде тұйықталған машинист краны

контроллерінің реверсивті білігінің контактілері.

Қауіпсіздік батырмасы ҚБ басылған кезде ҚБР релесінің катушкасы келесі тізбек бойынша қорек алады: +АБ (110 В), 15 сымы, Пр51 сақтандырғышы, 15А сымы, тұтқыштың нөлдік күйі кезінде тұйықталатын машинист қраны контроллерінің контактілері, ҚБ батырмасының контактілері, ҚБР катушкасы, 30 сымы.

ҚБР релесі өзінің бір тұйықталған контактісі арқылы (15А-15АС сымдарының аралығында) нөлдік күйдегі машинист қраны контроллерінің контактілерін шунттай отырып өзіндік қоректенуге көшеді, ал басқа тұйықталған контактісімен 30-30ТВ сымдарының арасында суырмалы клапан СК катушкасына теріс тізбек жасайды.

СК қосу тізбектері.Машинист қраны контроллерінің реверсивті тұтқышының нейтралды күйі кезінде, контроллер тұтқышының нөлдік күйінде және МКшарт. № 395 пойыздық күйінде (АБ қосылған және СК тізбегінде В26 ажыратқыш контактілері тұйықталған, бұл сөндірілген ЭПТ-ға сәйкес) СК катушкасы және К лампасы келесі электр тізбегі бойынша қорек алады: +АБ (50 В), 44 сымы, машинист қраны контроллерінің контактілері, тежеуіш ауыстырып-қосықышының ППТ-1 контактілері, Д54 диоды, машинист қраны контроллерінің контактілері МКК (сызба бойынша жоғарғылар), ТБР ажыратқыш контактілері, СК катушкасы, 30ТВ сымы, ҚРБ ажыратқыш контактілері, -30 сымы; +АБ (50 В), 44 сымы, машинист қраны контроллерінің контактілері, 44А сымы, тежеуіш ауыстырып-қосықышының ППТ-1 контактілері, 44Б сымы, К лампасы, 43 сымы, ППТ-3 (соңғы вагонның) контактілері, 30 сымы.

Машинист қраны контроллерінің тұтқышын кез-келген тежеуіш күйіне 1Т-4Т қойғанда суырмалы клапан СК катушкасы КВТ контакторын қосқан соң оның 22В —40Я сымдарының аралығындағы тұйықталған контактілері арқылы қорек алады.

КВТ контакторын қосу тізбегі: +АБ (110 В), 15 сымы, басқаруды ажырату ВУ контактілері, Пр54 сақтандырғышы, ППТ-1 контактілері, «Қорғанысты қайтару» батырмасының контактілері, 22А сымы, «Алдыға» (Вп) немесе «Артқа» (Нз) жұмыс күйлерінің бірінде тұрған машинист қраны контроллерінің реверсивті білігінің контактілері, 22В сымы, машинист қраны контроллерінің контактілер жұбы, КВТ катушкасы, 30 сымы.

СК катушкасының қоректену тізбегі: +АБ (110 В), 15 сымы, басқаруды ажыратқаш ВУ контактілері, Пр54 сақтандырғышы, ППТ-1 контактілері, «Қорғанысты қайтару» батырмасының контактілері, 22А сымы, «Алдыға» (Вп) немесе «Артқа» (Нз) жұмыс күйлерінің бірінде тұрған машинист қраны контроллерінің реверсивті білігінің контактілері, КВТ контактілері, Д53 диоды, R42 резисторы, В26 контакті, РКТ ажыратқыш контактілері, СК катушкасы, ҚКБ тұйықтаушы контактілері, 30 сымы.

R42 резисторы берілген кернеуді 50 В дейін түсіру үшін қолданылады.

Кешігу. ҚТК контакторын қосқан соң оның тұйықталған контактілері және «Тежеу» басылған баспасының контактілері арқылы 22В сымы бойымен электрлік тежелуді басқарудың негізгі сымы 40 сымына кернеу беріледі.

Электрлік тежелу режиміндегі электр пойызының қозғалыс жылдамдығын азайту кезінде жүк электр қозғалтқыштарының якорьларының тежеуші тоқтары РК реостатты контроллердің айналмалы білігімен тежеуішті қосқыш резисторлар тізбегінен шығару арқасында тұрақты болып ұсталып тұрады. РК-ң 11-ші позициясында, электр тежеуіші эффективті емес болып қалғанда (бұл 15 км/сағ-тан аз қозғалыс жылдамдығына сәйкес келеді) РК білігі басқаларынан бұрын 11-ші позицияға жететін моторлы вагондардың бірінің ПРТ1 релесінің тізбегінде РК 11—20 контактілері тұйықталады. Осы тізбекте жүк электрқозғалтқыштарының якорьларының тежеуші тоқтары ($55+10$) А-дан төмен түскенше дейін қосылып тұратын ТОБР (тежеуіштің орын басу релесі) релесінің контактілері орналасқан. ПРТ релесі, керісінше, якорь тоқтары 55... 65 А-ға түскенге дейін қосулы болып қала береді.

Осылайша, 40 сымы арқылы моторлы вагондардың бірінің ПРТ1 релесі қорек алады: +АБ (110 В), 15 сымы, ВУ бақаруды ажыратқыш контактілер, Пр54 сақтандырғышы, ППТ-1 контактілері, «Қорғанысты қайтару» батырмасының контактілері, 22А сымы, 22В сымы, ҚТК тұйықтаушы контактілері, 40Я сымы, «Тежеу» батырмасының контактілері, 40 сымы, ТБР және ҚТР1 ажыратқыш контактілері, РК 11-20 және ТОБР тұйықтаушы контактілері, ПРТ ажыратқыш контактілері, R300 резисторы, ПРТ1 катушкасы, 30 сымы.

ПРТ1 релесі 40-40ЭМ сымдарының арасындағы контактілерді қосу нәтижесінде 40 сымы арқылы өзіндік қоректенуге көшеді, 40 – 40ЭК сымдарының арасындағы ажыратқыш контактілермен ҚТР3 катушкасын тоқтан ажыратады, ал 44-44ЭБ арасындағы тұйықтаушы контактімен кернеу 50 секционды сымға, яғни берілген секцияның моторлы және тіркемелі вагондарының ЭАТ ВР катушкаларына түседі. Шамамен 1 с-тан соң ҚТР3 релесі тоқсызданады және 44ЭБ – 50 сымдарының арасындағы өз контактілерімен 44 сымынан 50 сымына дейін тізбекті үзеді. ЭАТ ВТ катушкаларының қоректену уақыты 1 с ішінде шамамен 1 кгс/см² тежеуші цилиндрлердегі қысымға сәйкес келеді.

Пойыздың барлық секцияларында кешігу осыған ұқсас болады, себебі РК білігінің 11-ші позицияға жеткен алғашқысынан ПРТ1 сәйкесінше релелерінің катушкаларынан қорек алатын, тек моторлы вагондарды қосатын 9 сымына кернеу беріледі.

Осылайша, барлық пойыз ТЦ-дағы 1 кгс/см² жуық қысыммен, электр тежеуішінің әрекетін бір мезетте босатқан кезде ЭПТ-мен кешігеді.

Электропневматикалық тежеуіш толық тоқтағанға дейін немесе машинисттың контроллер тұтқышын нөлдік күйге ауыстырған моментіне дейін әрекет етеді, бұл кезде 49 сымы тоқсызданады..

Орын басу. Егер машинист краны контроллерінің тұтқышын тежеуші күйге (2Т немесе 3Т) қойса, моторлы вагондардың бірінде тізбек жиналмай қалса, онда ТОВР релесі қосылмайды, соның нәтижесінде 40ЭТ-40ЭЖ сымдарының арасындағы ТОВР контактілері тұйықталған болып қалады, ал 40ЭЛ – 9 сымдарының арасындағы ТОВР контактілері тұйықтамайды, бұл ПРТ1 реле катушкасын қоздыру үшін басқа моторлы вагондарға 40 сымы бойымен 9 сымына тоқ өтуін тоқтатады. Осы кезде ТОВР 40ЭТ-40ЭЖ контактілері ПРТ реле қорек тізбегін дайындайды, себебі, 2Т күйінен бастап машинист краны контроллерінің сәйкес контактісімен 42 сымына кернеу алынып тасталынады, және сәйкесінше, ҚТР1 релесі тоқсызданады, оның контактілері ПРТ тізбегінде 3,0...3,5 с-тан соң тұйықталады. Осылайша, ПРТ релесі келесі тізбек бойымен қорек алады: 40 сымы, ТБР тізбектей қосылған тұйықталған контактілері, ҚТР1, ТОВР, ПРБ және ПРТ1, R60 резисторы, ПРТ релесінің катушкасы, 30 сымы.

ПРТ релесі өзінің ажыратқыш контактілерімен ҚТР2 релесінің қорек тізбегін үзеді, ол 1,8.2,0 с қосылып тұрады. Осы уақыт аралығында 44 сымының бойымен ПРТ (44 – 44ЭА) тұйықталған контактілері және әлі ажыратылмаған ҚТР2 контактілері арқылы 50 сымына және ары қарай берілген секцияның моторлы және тіркемелі вагондарының ЭАТ ВТ катушкаларына түседі: 44 сымы, ПРТ тұйықталған контактілері, ҚТР2 контактілері, 50 сымымоторлы вагонның ВТ ЭВР катушкасы, 4 сымы, 43 сымы, ППТ-3 контактілері, - 30 сымы, 50 сымы, РТП ажыратқыш контактілері, 50ПА сымы, диод, 50А сымы, тіркемелі вагонның ЭАТ ВТ катушкасы, 43 сымы, ППТ-3 контактілері, 30 сымы.

Осылайша 1,8...2,0 с бойы тек жөнделмейтін секцияның ЭАТ ВТ катушкалары қозады, бұл осы секциядағы ТЦ-дағы 1,8...2,0 кгс/см² қысымға сәйкес келеді.

1Т күйінде кешігу және орын басу болмайды, себебі машинист краны контроллерінің контактілерімен 42 сымына кернеу беріледі, сәйкесінше, 40ЭВ – 40ЭТ сымдарының арасындағы контактілерімен ПРТ және ПРТ1 релелерінің қорек тізбегін үзетін ҚТР1 реле катушкалары қорек алады.

Электр пойызының электр сызбасы берілген секцияда кешігу және орын басу үрдісінің бір мезеттік әрекетін алып тастайды.

Мысалы, егер белгілі бір секцияда электр тежеуішінің кешігуі орын алып, ТЦ-дағы қысым 1,8...2,0 кгс/см² жетсе, онда осы секцияда кешігу болмайды, себебі ПРТ1 релесі 9 – 40ЭЕМ сымдарының арасындағы ПРТ релесінің контактілерімен ажыратылатын оның қорек тізбегінің үзілу нәтижесінде қосылмайды. Басқаша айтқанда, бұл секцияда ТЦ-да қысымның 1,0 кгс/см²-қа қосымша көбеюі орын алмайды.

Электрлік тежеу режимінде ЭПТ жіберу үшін машинист краны

контроллерінің тұтқышын нөлдік күйге орнату қажет, немесе «Жіберу» батырмасын қолдану керек (машинист краны тұтқасының пойыздық жағдайында шарт. № 395), оны басу кезінде 49 жіберу сымына кернеу берілуі жойылады, яғни ЭАТ ВО катушкалары тоқсызданады.

Машинист кранымен шарт. № 395ЭПТ басқару. Машинист кранымен шарт. № 395ЭПТ-ны машинист краны контроллерінің тұтқышының кез-келген күйінде және В26 ажыратқышының «ЭПТ» жағдайы қосулы болғанда басқаруға болады, бұл машинист краны контроллері тізбегінде (МКК) оның контактілерінің тұйықталған күйіне сәйкес келеді. МКК-дағы кернеу жүріс және нөлдік күйлерде +50 В кернеу көзінен беріледі, ал 1Т—5Т тежеуші позициларда – R42 төмендеткіш резистор арқылы +110 В кернеу көзінен келесі тізбек бойымен: +АБ (50 В), 44 сымы, машинист краны контроллерінің контактілері, 44А сымы, ППТ-1 контактілері, Д54 диоды, 40Н сымы, МКК; +АБ (110 В), 15 сымы, ВУ ажыратқышының контактілері, Пр54 сактандырғышы, ППТ-1 контактілері, «Қорғанысты қайтару» батырмасының контактілері, «Алға» (Вп) және «Артқа» (Нз) екі жұмыс күйінің біріне орнатылған машинист краны контроллерінің реверсивті барабанының контактілері, 22В сымы, ҚТК тұйықтаушы контактілері, 40Я сымы, Д53 диоды, R42 резисторы, 40Н сымы, МКК.

Жабындау. № 395 машинист краны контроллерінің тұтқасының III және IV күйлерінде РЖ жіберу релесі келесі тізбекпен қорек алады: 40Н сымы, МКК ортаңғы (сызба бойынша) контактілері, РЖ катушкасы, В26 (ЭПТ) ажыратқышының контактілері, 43 сымы, ППТ-3 контактілері, 30 сымы.

РЖ релесінің контактілері арқылы кернеу 44 сымының бойымен ЭАТ ВО катушкалары қозатын 49 жібергіш сымға беріледі. Бір мезетте 49 сымының бойымен соңғы вагонның ППТ-3 контактілері арқылы алдыңғы және соңғы вагондардың ЖБР релесінің катушкалары қорек алады және екі кабинада да О лампалары жанады. ЖБР контактілері соңғы вагонның ППТ-3 арқылы 47 тежеуші сым мен 45 сымын қосады.

Тежеу. шарт. № 395 машинист краны тұтқасының VA, V және VI күйлерінде МКК төменгі (сызба бойынша) контактілері тұйықталады, және РЖ-мен қоса 40Н сымының бойымен РТ тежеуші реле катушкасы қорек алады, оның тұйықталған контактілері арқылы 44 сымы бойымен 47 тежеуші сымына кернеу беріледі. Сондай-ақ алдыңғы және тіркемелі вагондардың ЭАТ ВТ катушкалары қозады. Моторлы вагондарда 47 сымының бойымен ТБР релесінің катушкалары келесі тізбекпен қорек алады: +АБ (50 В), 44 сымы, РТ контактілері, алғашқы вагонның 47 сымы, моторлы вагонның 47 сымы, диод, 47Э сымы, диод, ТБР релесінің катушкасы, 43 сымы, ППТ-3 контактілері, 30 сымы.

47Э – 50 сымдарының аралығында орналасқан ТБР контактілері арқылы моторлы вагондардың ЭАТ ВТ катушкаларына қорек беріледі, ал 3 – 3А сымдарының аралығындағы ТБР ажыратқыш контактілерімен III контакторының тізбегі үзіледі, бұл электр тежеуішін қолдану мүмкіндігін шектейді. 47 сымының бойымен ППТ-3 контактілері

арқылы соңғы вагонның Т лампасы қосылады. Алғашқы вагонның Т лампасы 45 сымының бойымен ТБР тұйықтаушы контактілері арқылы қосылады.

47 сымының бойымен басты және соңғы вагондардың ТБР реле катушкалары қозады, оның ажыратқыш контактілері СК қорек тізбегін үзеді. Дегенмен суырмалы клапан өшпейді, себебі бір мезетте соңғы вагонның ЖБР релесінің контактілері және алдыңғы вагондағы ТБР (45 – 45А) релесінің тұйықтаушы контактілері арқылы келесі тізбек жиналады: +АБ (50 В), 44 сымы, РТ контактілері, 47 сымы, ППТ-3 контактілері, ЖБР контактілері, 45 сымы, ТБР контактілері, СК катушкасы, 30ТВ сымы, ҚБР контактілері, 30 сымы.

Тежеуші цилиндрлерді толтыру үрдісі ТЦ манометрі және ТЖС лампасы бойынша бақыланады. Келесі тізбекті қараңыз: +АБ (110 В), 15 сымы, ВУ ажыратқышының контактілері, Пр52 сақтандырғышы, ТЖС лампасы, 51 сымы, ТЖС сигнализаторының контактілер, 30 сымы.

ЭПТ басқару тізбектерінің ақаулары кезінде МК-дан шарт. № 395 ЭАТ ВО және ВР катушкаларын қоздыру үшін ЭПТ «Апаттық» батырмасының қолданады. Бұл батырманы басқан кезде АТР реле катушкасы қорек алады, оның тұйықталған контактілері 44 сымының бойымен 49 жібергіш және 47 тежеуіш сымдарына кернеу береді. сондай-ақ барлық вагондарда ЭАТ ВО және ВР катушкалары қозады, бұл электр пойызының ТЦ-ның қысылған ауаға толуына алып келеді.

ЭПТ істен шығуы кезінде оны В26 ажыратқышымен өшіру керек. Бұл ажыратқыштың контактілері РЖ және РТ катушкаларының теріс тізбек бөлігін 43 сымынан ажыратады және бір мезетте 44 сымы бойымен суырмалы клапан катушкасының келесі қорек тізбегін жинайды: +АБ (50 В), 44 сымы, нөлдік күйде машинист қраны контроллерінің контактілері, 44А сымы, ППТ-1 контактілері, Д54 диоды, 40Н сымы, В26 контактілері, ТБР ажыратқыш контактілері, СК катушкасы, 30ТВ сымы, ҚБР контактілері, 30 сымы.

Кезекті шығарылымдардағы электр пойыздарының, көбінесе ЭТ2 сериясындағы, тежеуші электр сызбаларында аз айырмашылықтар бола алады, олар сызба жұмысының ортақ сипаттамасын өзгертпейді.

Бақылау сұрақтары

1. Электр пойыздарының және локомотивті жүгі бар жолаушы пойыздарының ЭПТ электр сызбаларының негізгі айырмашылықтары қандай?
2. ЭПТ-ның артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
3. ЭПТ құрамына қандай қосымша құралдар мен құрылғылар кіреді?
4. Электр ауа бөлгіштің шарт. № 305-000 құрылымы мен қолданылу қағидасы қандай?
5. Өмбебап бастиегі бар шарт. № 369А біріктіруші түтік және

түтіктің оқшауланған аспа құрылымы қандай?

6. Машинист қраны тұтқасы әртүрлі күйлерде болған кезде локомотивті жүгі бар жолаушы пойыздардың ЭПТ қос жетекті электр сызбасы қалай жұмыс жасайды?

7. Шарт. № 395-005 машинист қранымен жабдықталған электр пойыздарының ЭПТ электр тізбегінің жұмыс істеу сызбасын сипаттап беріңіз.

8. Автоматты кешігу мен орын басу кезіндегі электрлік тежеуіші бар электр пойыздарының ЭПТ электр тізбегінің жұмыс істеу сызбасын сипаттаңыз.

9. шарт. № 395-005 машинист қранымен басқару кезіндегі электрлік тежеуіші бар электр пойыздарының ЭПТ электр тізбегінің жұмыс істеу сызбасын сипаттап беріңіз.

ТЕЖЕУШІ РЫЧАГТІ БЕРІЛІСТЕР

8.1. Рычагті берілістердің мақсаты және оларға қойылатын талаптар

Тежеуші рычагті беріліс тежеуші қалыптарға әсер ететін, тежеуші цилиндрдің сояуышында арттырылатын күшті жіберуге арналған. Рычагті беріліс құрамына тоспамен және тежеуші қалыппен траверстер немесе триангельдер, күштер, тетіктер, аспалар, сақтандырғыш құрылғылар, біріктіруші және қатайтушы бөлшектер, сондай-ақ тежеуші цилиндрдің сояуыш шығысының автоматты регуляторы кіреді.

Рычагті берілулерді дөңгелекке қалыптарды бір және екіжақты басумен ажыратады. Рычагті беріліс конструкциясын таңдау тежеуші қалыптар санына байланысты, ол тежеуішті қажетті басумен және қалыпқа рұқсат етілетін қысыммен анықталады.

Дөңгелектерге қалыптарды екіжақты басумен тежеуші рычагті беріліс біржақты басумен тежеуші рычагті беріліспен салыстырғанда артықшылықтарға ие. Қалыптарды екіжақты басу кезінде дөңгелектер жұбы қалыптарды басу бағытында буксаларда аудару әрекетіне тап болмайды; әр қалыпқа қысым азырақ, және сәйкесінше қалыптар тозуы азырақ; қалып пен дөңгелек арасындағы үйкелу коэффициенті көбірек. Дегенмен, екіжақты басу кезіндегі рычагті беріліс конструкциясы бойынша айтарлықтай күрделірек, және біржақты кезіндегіге қарағанда ауырырақ, ал тежеу кезіндегі қалыптардың қызу температурасы жоғарырақ. Композиционды қалыптарды қолданумен біржақты басу кемшіліктері әр қалыпқа азырақ басу нәтижесінде және жоғарырақ үйкелу коэффициентінің әсерінен азырақ байқалады.

Тежеуіштің механикалық бөлігіне келесідей талаптар қойылады: рычагті беріліс күштердің барлық тежеуші қалыптармен (қаптама) біркелкі үлестірілуін қамтамасыз ету керек;

күш іс жүзінде тетіктердің иілу бұрышына, тежеуші цилиндр сояуышына (онда қысылған ауаның есептік қысымы сақталған кезде) және тежеуші қалыптардың (қаптамалардың) тозуына тәуелді болмау керек;

рычагті беріліс қалыптар мен дөңгелектердің (қаптамалар мен дисктердің) арасындағы саңылауларды тозуға тәуелсіз берілген шектерде сақтап тұратын автоматты регулятормен қамтамасыз етілуі керек;

рычагті берілістің автоматты реттеу барлық тежеуші қалыптардың шекті тозуға дейін біліктерді қолмен орнатусыз қамтамасыз етілуі тиіс.

Біліктерді қолмен қайта орнату дөңгелектер тозуының компенсациясы үшін рұқсат етіледі;

автоматты регулятор оның жетегін реттеусіз тежеуші цилиндр сояушының шығысының кішіреюін аса жоғары тартпа түсулерінде рұқсат етуі керек;

тежеуші жіберілген кезде тежеуші тартпалар дөңгелектердің сырғанау жазықтығынан біркелкі ажырауы тиіс;

жөндеу жұмыстарын жеңілдету және қызмет ету уақытын өсіру үшін тежеуші рычагті берілістің топсалы қосылыстары тозуға тұрақты төлкелермен қамтамасыз етіледі;

рычагті беріліс жеткілікті беріктікке, қаттылыққа және қажет болса, діріл әсерінен рычагті беріліс бөлшектерінің сынуларды болдырмайтын демпферлеуші құрылғыға (мысалы, жүк вагондарының тоспа аспасының топсаларындағы резенке төлкелер) ие болу керек;

қозғалмалы құрамда жолға құлауды, рычагті беріліс бөлшектерінің ажырату кезінде габариттерінің шектен шығуын, сыну немесе басқа да ақауларды болдырмайтын сақтандырғыш құрылғылар болуы керек;

рычагті берілістің қалыпты жағдайында сақтандырғыш құрылғылар, олардың сынуына алып келуі мүмкін күштерге шалдықпауы керек.

8.2. Рычагті берілістің беру саны және ПӘК

Вагонның немесе локомотивтің тежеуші қалыптарына суммарлы басу

$$\sum K = P_{ш} m, \quad (8.1)$$

онда $P_{ш}$ – тежеуші цилиндрдың поршень сояушымен арттырылатын күш, кгс, немесе тежеушінің қол жетегінің тұтқышына түсірілген күш, есептеу бойынша 30 кгс болып алынған; n – рычагті тежеуші берілісінің беріліс саны; η – рычагті тежеуші берілісінің пайдалы әсер коэффициенті, онымен шарнирлі қосылыстардағы үйкеліске және басқа да кедергілерден өтуге күш жоғалтуларын есептейді.

Тежеуші цилиндрдің поршенінің сояушымен арттырылатын күш:

$$P_{ш} = p_{т.ц} F \eta_{т.ц} - P_{пр}, \quad (8.2)$$

онда $p_{т.ц}$ – тежеуші цилиндрдегі қысым, кгс/см²; F — тежеуші цилиндр поршенінің ауданы, см²; $\eta_{т.ц}$ – үйкелумен жоғалтуларды сипаттайтын тежеуші цилиндр поршенінің ПӘК, оны 0,98 тең деп алуға болады; $P_{пр}$ – тежеуші цилиндр поршенінің максималды рұқсат етілетін жүрісі кезінде жібергіш серіппе күші, кгс.

$P_{ш}$ күші тежеуші тізбектің фрикционды тізбектеріне шарнирлардағы және рычагті берілісті автоматты реттеу құрылғыларындағы үйкеліске кейбір жоғалтулармен беріледі.


Рычагті тежеуші берілістің пайдалы ісер коэффициентің тәжірибелік жолмен анықталады. Эксперименттік зерттеулер

нәтижелері бойынша пойыз қозғалысы кезінде қалыптарды біржақты басумен төртосьті вагондардың рычагті берілістері үшін $\eta = 0,95$, ал екіжақтымен – $\eta = 0,9$;

Тұрақта рычагті берілістердің барлық түрлері үшін $\eta = 0,75$.

Қол жетегі кезінде рычагті беріліс ПӘК винт ПӘК $\eta_v = 0,6$ байланысты азаяды. Негізінде қол жетегі кезінде рычагті беріліс үшін $\eta = 0,6 - 0,9 = 0,54$.

Рычагті берілістің **берілу саны** интiректер жүйесiнiң көмегiмен тежеуiш цилиндр сояуышында артатын күштің канша есе өсетiнiн көрсетедi. Мысалы, 8.1-сурет бойынша шарнирлы қосылыстардағы үйкелiске жоғалтуларды елемей тежеуiш цилиндр поршенінің сояуышымен берілетін күштің тізбекті өзгерісін бақылауға болады. Берілген жағдайда сояуыш бағыты бойынша әрекет ететін $P_{ш}$ күші 2 нүктесінде алғашқы түрлі горизонталды тетікті бұрады және 3 – 4 жүкті осы тетіктің иініне a/b қатынастарына пропорционалды күштен ұтумен жылжытады. Тартудан алынған P_1 күш берілген уақытта екінші ретті тетік ретінде жұмыс істеп тұрған вертикалды тетікті 6 нүктесінде бұрады және тежеуіш цилиндрге жақын триангельді ($\gamma \pm v$)/ v иіндер қатынасына пропорционалды күштің жаңа өзгерісімен тартады.



8.1-сурет. Төртосьті жүк вагонының рычагті берілісінің сызбасы

Бұл P_2 күш дөңгелек центрі және қалыптың ортасынан өтетін радиус бағытымен, яғни қалыптардың қалыпты қысымының бағытымен а бұрышының пайда болуына әсер етеді. 2К тежеуіш қалыптарға басуды анықтау үшін P_2 күшін $\cos \alpha$ -ға көбейту керек. Айтылған бойынша келесіні жазуға болады

$$\begin{aligned}
 P_1 &= P_{\text{ш}} \frac{a}{b}; \\
 P_2 &= P_1 \frac{\theta + \varepsilon}{\varepsilon}; \\
 2K &= P_{\text{ш}} \frac{a}{b} \frac{\theta + \varepsilon}{\varepsilon} \cos \alpha.
 \end{aligned}
 \tag{8.3}$$

(8.3) формуласы тежеуіш қалыптардың алғашқы жұбына басуды анықтауға мүмкіндік береді, оларды қысқан соң 4 – 6 тетігі 5 нүктесінде бұрылады. 6-7 созылуы солға жылжиды да 7- 8 аспасын 8 қозғалыссыз нүктесін айналдыра қалыптардың екінші жұбын дөңгелекке қысқанша бұрады. Ереже бойынша, қозғалмалы құрамның тежеуіш рычагті берілістері барлық дөңгелектер жұбына қалыптарды бірдей басуға ие болады. Бұл $a-b$ және $\underline{e}-\Gamma$ тетіктерінің иіндерін таңдаумен қол жеткізіледі.

Қалыптарға суммарлы басуды табу үшін (8.4)-өрнегін t қалыптар

$$2K = P_{\text{ш}} \frac{a}{b} \frac{\theta + \varepsilon}{\varepsilon} \cos \alpha = P_{\text{ш}} \frac{a}{b} \frac{\theta + \varepsilon}{\varepsilon} \cos \alpha. \tag{8.4}$$

жұбының санына көбейту жеткілікті. Сонда аламыз

$$\sum K = m P_{\text{ш}} \frac{a}{b} \frac{\theta + \varepsilon}{\varepsilon} \cos \alpha. \tag{8.5}$$

$\sum K$ шамасы шарнирлы қосылыстардағы үйкеліске күш жоғалтуларын ескермей алынған, яғни $\eta = 1$ кезінде, сол себепті келесідей жазу керек

$$P_{\text{ш}} n = m P_{\text{ш}} \frac{a}{b} \frac{\theta + \varepsilon}{\varepsilon} \cos \alpha. \tag{8.6}$$

Теңдеудің оң және сол жақтарын $P_{\text{ш}}$ қысқартып, аламыз


$$n = m \frac{a}{b} \frac{\theta + \varepsilon}{\varepsilon} \cos \alpha. \tag{8.7}$$

Осылайша, рычагті берілістің беріліс саны тетіктердің жетекші және жетектелуші иіндердің қатынастарынан анықталады.

8.3. Рычагті берілістердің тұрпатты сызбалары және бөлшектері

Жүк вагондарының рычагті берілісі. 1520 мм колеясындағы барлық жүк вагондары үшін тежеуіш рычагті беріліс конструкциясының сипаттамалық ерекшеліктері дөңгелектерге тежеуіш қалыптарды бір жақты басу және шойын және композициялық қалыптарды қолдану мүмкіндігі болып табылады. Рычагті берілісті тежеуіш қалыптардың белгілі бір типіне реттеуді 1 – 2 созылу біліктерінің тежеуіш цилиндрдің көлденең тетіктердің сәйкес саңылауларға орындарын ауыстырумен орындайды (8.1-суретті қараңыз). Тежеуіш цилиндрге жақын к саңылаулар композиционды қалыптар кезінде қолданылады, ал алыс к саңылаулар – шойын кезде.

төртосыті жүк вагонының тежеуіш рычагті берілісі құрылғысын қарастырайық (8.2-сурет). тежеуіш цилиндр поршенінің сояуышы 6 және «өлі» нүкте кронштейны 7 горизонталды тетіктері 4 және 10 бар біліктермен қосылған, олар ортаңғы бөлігінде бір-бірімен 5 созғышымен байланысқан. Композиционды қалыптар кезінде 5 созғышын 8 саңылауына орнатады, ал шойын кезінде – екі тетіктің де 9 саңылауларына. 4 және 10 тетіктері қарама-қарсы ұштарында тартумен 11 және авторегулятормен 3 біліктермен қамтылған. 1 және 14 вертикалды тетіктерінің төменгі ұштары бір-бірімен кергішпен 15 қосылған, ал 1 тетіктің жоғарғы ұштары 2 тартуларымен байланысқан. 14 шеткі вертикалды тетіктердің жоғарғы ұштары арба рамаларына 13 сырғалар және кронштейндар көмегімен бекітілілген.



8.2-сурет. Төртосыті жүк вагонының интiрeктi берiлiсi:

1, 14 – вертикалды тетіктер; 2, 11 – тартқыштар; 3 – авторегулятор; 4, 10 – горизонталды тетіктер; 5 – созғыш; 6 – тежеуіш цилиндр поршенінің сояуышы; 7 – «өлі» нүкте кронштейны; 8, 9 – саңылаулар; 12 – тежеуіш тоспа; 13 – сырға; 15 – кергіш; 16 – аспа; 17 – триангель; 18 – білік; 19 – сактандырғыш бұрыш

тежеуіш тоспалар 12 орналасқан триангельдер 17 вертикалды 1 және 14 тетіктергебіліктермен 18 біріктірілген.

Триангельдердің және керткіштердің бөлінген немесе үзілген жағдайда жолға құлауынан сақтану үшін сақтандырғыш бұрыштар 19 және қапсырма қарастырылған. Тежеуіш тоспалар 15 және триангельдер 17 арба рамасына 16 аспаларымен ілінген.


Авторегулятордың 3 тартқыш серіппесі сол жақ көлденең тетіктің 4 төменгі ұшымен қосылған, ал реттеуші винт – тартқышпен 2. Тежеу кезінде авторегулятор 3 корпусы созғыш арқылы горизонталды тетікпен 4 қосылған тетікке тіреледі.

Тек горизонтальды тетіктер өлшемімен ғана ажыратылатын ұқсас рычагті берілісті жартылай вагондарда, платформалар мен цистерналарда және т.б. байқай аламыз.

Төрт осьті вагонның рычагті берілісінің әрекеті жоғарыда қарастырылған рычагті беріліс әрекетіне ұқсас (8.1-суретті қараңыз). Рычагті берілісте қолмен реттеу үшін тартуларда 2, сырғаларда 13, керткіште 15 және созғышта 5 қосалқы саңылаулар болады.


Қол тежеуішінің жетегі күш әсерінен 4 көлденең тетігімен тежеуіш цилиндрдің 6 сояуышымен қосылу нүктесінде қосылады, сол себепті рычагті беріліс әрекеті дәл автоматты тежеу кезіндегідей болады, бірақ үрдіс баяуырақ болады.

Жүк вагондарының рычагті берілістерінің маңыздырақ бөлшектері тежеуіш тоспаларының 3 біртұтас кондырмасымен триангельдер 1 болып табылады (8.3-сурет). Бетбелгіні 2 тоспаның ішкі жағынан орнатады. Тоспадан кейін ілінген сақтандырғыш ұштық 5 аспа




8.3-сурет. Жүк вагоны арбасының тоспаны тұтас орнатумен триангель бөлшектері:

1 – триангель; 2 – бетбелгі; 3 – тежеуіш тоспа; 4 – аспа; 5 – сақтандырғыш ұштық; 6 – мұрындық; 7 – шойын қалып; 8 – тәжді сомын; 9 – сірге



8.4-сурет. Жүк вагонының тежегіш тоспасының аспасын арбаның бүйірлік рамасына бекіту:

1 – рама кронштейны; 2 – резеңке төлке; 3 – білік; 4 – тоспа аспасы




8.5-сурет. Төртосьті жүк вагонының тежеуіш рычагті берілісінің вертикалды тетіктері:

1 – жолақтар; 2 – планка; 3 – жақтар

4 үзілген жағдайда арбаның бүйірлік бөрене сөресіне түседі және триангельдің жолға түсуінен сақтайды. Шетмойындарда құрастырылған бөлшектер тәжді сомындармен 8 бекітіледі, және сіргетермен 9 бекітеді. Шойын қалыптарды 7 тоспаларда мұрындықтармен 6 бекітеді. Триангель арбаның бүйір бөренелерімен аспаларды 4 шарнирлі біріктіреді.

Барлық жүк вагондары саңылауларда резеңке төлкелермен тежеуіш тоспалар аспасына ие болуы тиіс (8.4-сурет). Бұл аспадан жарылуларға себеп болатын жүктемені алып тастауға мүмкіндік береді, сынуларды және бөлшектердің жолға құлауын ескертеді.


Рычагті беріліс сенімділігін көтеру үшін және созылулар мен тартулардың құлауын ескерту үшін әрбір вертикалды және көлденең тетіктердің екі жолақтарн 1 (8.5-суретті қараңыз) бір-біріне планкалармен 2 пісіреді. Біріктіргіш біліктерді саңылауларға осындай тетіктер қойған кездедистетрі 8 мм болатын сіргепен және шайбамен



8.6-сурет. Тік тетік біліктерінің сақтандырғыш шплинтері:


1 – планка; 2 – шплинт; 3 – тік тетік; 4 – білік; 5 – триангель кергіші; 6 – кергіш тартылу бекітеді. Біліктің басы жағынан арнайы пісірілген жақтарды 3 негізгі сірге жоғалған жағдайда біліктің құлауын болдырмау үшін дәл осындай диаметрлі сақтандырғыш сіргеке (8.6-сурет) қояды. Тартылыстар мен көлденең тетіктерцилиндр маңайында сақтандырғыштармен және ұстап тұрушы қапсырмалармен камтылған.

Саңылауы бар тежеуіш қалыптарды дөңгелектің сырғанау бетіне қатысты триангель кергіштері 2 (8.7-сурет) мен вертикалды тетік 4 арасында жіберу жағдайында ұстау мақсатында кергіш 5 пен вертикалды тетікті 4 ажыратып кигізілетін қапсырма 6 түріндегі бағыттаушы құрылғы орнатады. Білікпен 1 кергіш пен қапсырма 6 теті-



8.7-сурет. Дөңгелектердің сырғанау жазықтығынан тежегіш қалыптарды ажыратуға арналған құрылғы:

1, 3 – біліктер; 2 – кергіш; 4 – вертикалды тетік; 5 – кергіш ; 6 – қапсырма




8.8-сурет. Сегізосьті жүк вагонының арбасының иіктіректі беріліс (жс-дағы баланси́рмен) сұлбасы

гін біріктірген соң триангельді бұрыштан 3 білігіне қатысты ұстайды және дөңгелек пен қалып арасында саңылауды қамтамасыз етеді.

Сегіз осьті вагондардың рычагті беріліс конструкциясының ерекшелігі (8.8-сурет) тежеуші күштің екі арбаға үлестірілуін қамтамасыз ететін (жс) баланси́рдің болуы.


Көптеген жүк вагондары вагонның бүйір жағына шығарылған штурвалмен тұрақтық немесе қолдық тежеуішпен қамтылған.

Жолаушылар вагондарының рычагті берілісі. Тұтас металл жолаушы вагондарының негізгі бөлігі диаметрі 356 мм болатын цилиндрмен және қалыптарды екіжақты басумен қалыптық тежеуіштің рычагті берілісімен қамтылған (8.9-сурет).



8.9-сурет. Төртосьті жолаушы вагонның иіктіректі беріліс сұлбасы:
а,б,в,г – тартулар

to



8.10-сурет. Толық металды жолаушы вагонының иінтіректі берілісі: 1, 2, 5, 13 – тартулар; 3, 12 – тетіктер; 4, 9, 11 – сақтандырушы қапсырмалар; 6 – автоматты регулятордың серішпелі жетегі; 7 – горизонталды тетік; 8 – автоматты регулятор; 10 – аралық тетік; 14 – тартпа жалғастырғаш; 15 – тоспа; 16 – винт; 17 – траверса; 18 – қол тежеуішінің тұтқышы; 19 – серіппе; 20, 22 – аспалар; 21 – тежеуіш қалып; 23 – созғыш; 24 – тік тетіктер

Жолаушы вагонның иінтіректің берілісі жүк вагондарының рычагті берілісінен айырмашылығы триангельдердің орнына траверстер 17 (8.10-сурет) қолданылғанында, олардың шетмойындарына тежеуіш қалыптарымен 21 тоспалар 15 орнатылған. Вертикальді тетіктер 24 жәнәсозғыштар 23рамаға 22 аспаларымен ілінген.

Тежеуіш қалыптарды басу екіжақты; вертикальді тетіктер дөңгелектердің жанында бүйір жақтарда екі қатарда орналасқан.

Траверстер 17 тоспалармен және қалыптармен дара аспаларға 20 ілінген, олардың құлақшалары тоспалар борттарының арасымен өтеді. Көлденең тетіктерден 7 басқа, вертикалды тетіктермен тартулармен 2 біріктірілген аралық тетіктер 10 бар.

Тежеуіш тоспалар серіппелі мойыншадан 19, сомыннан және сіргетен тұратын бекіткіш құрылғымен қамтылады. Бұл құрылғы арқылы қалыппен тоспа тежеуіш жіберілген кезде дөңгелек жазықтығынан белгілі бір қашықтықта ұсталып тұрады.

Тартулардың, тетіктердің және траверстердің ажырауы немесе олардың сынуы жағдайында жолға бөлшектердің құлауын ескерту үшін сақтандырғыш қапсырмалар 4, 9 және 11 қарастырылған.


Рычагті берілісті реттеу серіппелі жетегі 6 бар автоматты регулятормен 8 жүзеге асырылады. Рычагті берілісті қолмен реттеу үшін тартулар басында саңылаулар және созылмалы жалғастырғыш 14 қарастырылған.

Жүк вагонына қарағанда әр жолаушы вагоны жолсерік купесі жағынан тамбурда орналасқан қолдық тежеуіш жетегімен қамтылған. Қолдық тежеуіш жетегі өзіне вагон тамбурында орналастырылатын тұтқышты 18, винтты 16, бірнеше конустық тегершіктерді және 12 тетігімен қосылған тартуды 13 қосады. Соңғы біріктіру 1 тартуының 3 тетігімен және 5 тартуының 7 көлденең тетігімен.

Композиционды қалыптарды қолданған кезде 7 көлденең тетіктердің жетекші иіндерін кергіш біліктерін тежеуіш цилиндрлерге жақын саңылауларға ауыстырып қоюмен өзгертеді.

2ТЭ10Л, М62, ТЭМ2 тепловоздарының арба тежеуішінің иінтекті берілісі. Тепловоздың әр арбасында диаметрі 254 мм-ден екі тежеуіш цилиндрлер орналастырылған. Тежеу кезінде тежеуіш цилиндрдің сояуышы көлденең тетікті 5 (8.11-сурет) көлденең тарту 7 білігінен айналдыра бұрады. Тетіктің ұшы, бұрылып тежеуіш тоспамен 2 және қалыппен аспаны 1 бандажға жақындататын вертикальді тетікпен 4 шарнирлі байланысқан. Басқа дөңгелектердің тежеуіш қалыптарына күш қалай берілетіні суретте көрсетілген. Тежеуіш цилиндрлердің сояуыштарының шығысы винттік созылулардың 3 жалғастырғыштарын реттейді.

Тежеуіш қалыптың тоспаға және тоспаның аспаға бекітілуі 8.12-суретте көрсетілген. Дөңгелек бандажына қатысты (көлденең бағытта)




8.11-сурет. 2ТЭ10Л, М62, ТЭМ2 тепловоздарының тежегіш интiрeктi берiлiс сұлбасы:

1 – аспа; 2 – тежегіш тоспа; 3 – винттік созғыш; 4 – тік тетік; 5 – көлденең тетік; 6 – тежегіш цилиндр; 7 – көлденең тартылу; 8 – көлденең балансиры; а – бастик

тоспаның дұрыс орналасуы арба рамасына бекітілген тіректермен қамтамасыз етіледі. Тежеуішрычагті берілістің беріліс саны М62, ТЭМ2 тепловоздары үшін 10,77 құрайды, және 15,1 - 2ТЭ10Л үшін.

Бұл тепловоздар қол тежеуішімен қамтылған, оның әрекеті алдыңғы арбаның екі артқы осіне таралады. Штурвалдан, тізбектер мен тартулардан тұратын қол жетегі арбаның тежеуіш рычагті берілісінің 8 көлденең балансирылерінің а бастиктерімен қосылған (8.11-суретті қараңыз).



8.12-сурет. Тежеуіш қалыппен тоспаны аспаға бекіту:


1 – аспа; 2 – кронштейн; 3 – тоспа; 4 – тежеуіш қалып; 5 – мұрындық; 6 – серіппе

Қол тежеуішімен тепловозды тежеу кезінде жетек тізбегі штурвалмен созылады және көлденең балансиірлерді 8 бұрады, соның нәтижесінде тежеуіш қалыптар дөңгелек бандажына қысылады. Цилиндр сояуышы бұл кезде жылжымайды, сол себепті тежеуші күштер арбаның алдыңғы дөңгелектер жұбына берілмейді. Тепловоздардатарак қалыптар қолданылған

2ТЭ116 тепловозының арба тежеуішінің рычагті берілісі.


Беріліс жұп бойынша триангельдермен байланысқан алты топтан тұрады. Әр топ арба рамасының сыртқы шеткі жағынан бекітілген тежеуіш цилиндрден 1 қозғалысқа келтіріледі (8.13-сурет). Диаметрі 203 мм болатын тежеуіш цилиндрді қысылған ауамен толтыру кезінде оның сояуышы көлденең тетікке әсер етеді. Аспаның жоғарғы шанышқысы және вертикальді тетігі 3 арқылы ол тежеуіш қалыпты дөңгелектер жұбының бандажына қысады. Ары қарай күш тежеуіш қалып аспасының тетігінің ұшы және триангельдің төменгі шанышқысы арқылы реттелетін көлденең тартуды 5 және екінші триангельді қозғалысқа келтіреді. Әр тежеуіш қалып тежеуіш тоспаға мұрындықпен бекітілген және тежеуіш қалып бетінің дөңгелектің сырғанау жазықтығына параллельді болуын қамтамасыз ететін жаппа механизммен жабдықталған. Барлық тежеуіш цилиндрлер синхронды жұмыс істейді. Тежеуіш рычагті берілістің берілу саны 7,8.

Қол тежеуіші тек алдыңғы арбалардың екі дөңгелек жұптарына (екінші және үшінші) әсер етеді және машинист кабинасының артқы қабырғасының сол жағында орналастырылған штурвал айналымымен жұмысқа келтіріледі.



8.13-сурет. 2ТЭ116 тепловозының тежеуіш рычагті берілістің сызбасы:

- 1 – тежеуіш цилиндр; 2 – тетік; 3, 6 – вертикальді тетіктер; 4 – тежеуіш цилиндр сояуышының шығыс регуляторы; 5 – көлденең реттелетін тарту



8.14-сурет. 2ТЭ116 тепловозының тежегіш цилиндр сояуышының шығысының регуляторы:


1 – көлденең тартылу; 2 – қорғаныс құбыры; 3 – төлке; 4 – сомын; 5 – серіппе;

Рычагті берілісті көлденең созылумен қалыптарды ауыстыру кезінде олардың ескіруіне қарай реттейді. Сояуыштардың шығысын кішірейту үшін регулятормен көлденең тежеуіш тартуды қысқарту керек. Ол үшін қапсырмаларды 8 алып тастау керек (8.14-сурет) және қорғаныс құбырына 2 және сомынға 4 орап (алдымен құбыр, содан соң сомын) сояуыштың қажетті шығысын орнатып тартуды азайту қажет. Реттеген соң қапсырмаларды 8 орнату керек, ол үшін сомын шектерін бір жазықтықта қапсырмалар оны қамтитындай етіп орналастыру керек. Серіппелер 5 қапсырмаларды сомындар контурланатындай етіп ұстап тұруы керек.

Тепловоздың тежеуіш жүйесінде тараксыз қалыптарды қолданғандықтан арбаның оң және сол жақтарының тежеуіш тоспалары триангелдермен қосылған.

ТЭП70 тепловозының арба тежеуішінің рычагті берілуі. ТЭП70 тепловозында күш бір тежеуіш цилиндрден бір дөңгелектің екі қалыптарына жіберіледі, 2ТЭ116 тепловозындағыдай (8.13-суретті қараңыз). ТЭП70 тепловозының рычагті берілісінде тарак ілгіші бар шойын тежеуіш қалыптар қолданылған. Диаметрі 254 мм болатын тежеуіш цилиндр сояуыш шығысын орнатылған реттеумен ТЦР-10 моделінің дөңгелектердің және тежеуіш қалыптардың автоматты қолдауын қамтамасыз етеді.

Тежеуіштің рычагті берілісі (8.15-сурет) бандаждар мен тежеуіш қалыптар арасындағы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.




8.15-сурет. ТЭП70 тепловозының тежеуіштік рычагті берілісі:
1, 4 – біліктер; 2 – тежеуішті тарту; 3 – серіппесі бар реттелетін тарту

Әр қалыптың контуры мен бандажы арасындағы біркелкі саңылауларын алу үшін серіппесі бар реттеуші тартулар 3 қызмет етеді, оның тартуын сомынмен реттейді.

Бұрама типті қол тежеуішінің жетегі машинисттің екінші кабинасының артқы қабырғасында орналастырылған. Қолмен тежеу немесе жіберу маховик айналысымен жүзеге асырылады. Винттен басқарушы біліктермен жүргізілген тізбек арқылы тежеуші күш, тепловоздың төртінші және алтыншы остерінің оң жағының төрт қалыптарына беріледі. Жетек қолдан ыңғайлылығы және штурвал габариттерін кішірейту үшін онда кілт-трещотка жасалған. Тежеуішті алдын-ала созу маховикпен жүзеге асырылады. Бұл үшін храповиктің ілмегін босату керек, ол үшін оны соңына дейін көтеріп 90°-қа бұру керек. Содан соң қол тормозын кілтпен тартады. Кілт тұтқышына түсірілген күш 35 кгс кезінде төрт қалыпқа тежеуіштік басу 17тс құрайды, бұл тепловозды 30 % иілуде ұстап тұруды қамтамасыз етеді.

ЧМЭЗ тепловозы арбасының тежеуіштік рычагті берілісі. Беріліс диаметрі 254 мм болатын төрт тежеуіш цилиндрлермен 1 іске қосылады (8.16-сурет). Цилиндрлер арба рамасының оң жақ және сол жақтарында орналасқан кронштейнмен бекітілген. Рычагті берілістің берілу саны 5,4 құрайды.

Тежеуіш тарақ қалыптардың 3 аспасы өз аспаларынан 7 және 9



8.16-сурет. ЧМЭЗ тепловозының тежеуішті рычагті берілісінің сызбасы:

1 – тежеуіш цилиндр; 2 – тежеуіш тоспа; 3 – тежеуіш қалып; 4 – тежеуіш цилиндр сояуышы; 5 – тарту; 6 – тетік; 7, 9 – аспалар; 8 – винттік созғыш


тұрады, оларға біліктің көмегімен тежеуіш тоспалар 2, және қалыптардың ескіруі кезінде олардың дұрыс орналасуына арналған құрылғы жасайды. Шойын тежеуіш қалып мұрындық арқылы тоспамен біріктірілген және шешілмелі бөлшек болып табылады. Ұшында шанышқысы бар 1 тежеуіш цилиндрдің 4 сояуышының жылжуы бтетіктері және 5 тартулары көмегімен 7 және 9 аспаларына беріледі. Қалып пен бандаж арасындағы саңылау жіберілген жағдайда 8 винттік созғышымен реттеледі.

Қол тежеуіші артқы арбаның екі осіне әсер етеді. Қол тежеуішінің маховигының айналуы тісті жұп және жұлдызшалар арқылы артқы арбаны 6 тетігімен байланысқан тізбекке беріледі. Маховик айналуы кезінде тізбек тартылады, және қалыптар артқы арбаны ортаңғы (бір жағынан) және шеткі (екі жағынан) дөңгелек жұптарының бандаждарына қысылады. Тежелген күйде маховикты ілмекпен және храповикпен бекітеді.

ВЛ80^С және ВЛ10 электровоздарының рычагті тежеуіш жүйесі.

Тежеуішрычагті беріліс конструкциясы шойын немесе композиционды қалыптарды қолдану және дөңгелекке қалыптардың екіжақты басу мүмкіндігі ескеріліп орындалған. Шойын қалыптар кезіндегі рычагті берілістің берілу саны 5,76 құрайды.


Диаметрі 254 мм болатын тежеуіш цилиндрлер 6 (8.17-сурет) арба рамасының шүберінді дінгекке пісірілген кронштейнерлерде бекітілген. Тежеуіш цилиндрлер сояуыштарынан күш 7 тартуымен төменгі нүктелерде байланысқан басты балансиерлерге 5 беріледі. 5 балансиерлердің жоғарғы ұштары 8 біріктіруші сырғалар арқылы күшті 1 аспа-тетіктерге және ішкі тежеуіш қалыптарға және ары қарай 9 тартуларымен сыртқы аспаларға және 1 аспа-тетіктермен біріктірілген 2 тежеуіш тоспаларға мұрындық көмегімен бекітілетін 3 тежеуіш қалыптарына беріледі. Сыртқы аспа-тетіктер арба рамасының қоссырығының ұшына бекітіліген, ал ішкілер –



арбаның рамасының бүйіріндегі кронштейнерлерге қосылған 10 аспаларымен білікпен қосылған. Аспаның төменгі жағындағы бейнелі кесулер арқылы әр дөңгелек жұбының сыртқы жағында орналасқан жұптармен 9 тартуларына біріктірілген тежеуіш бөренелер өтеді.

Тежеуіш бөренелер, аспа-тетіктер 1, тартулар 7 арба рамасы кронштейнерінде және тежеуішцилиндрде бекітілген тростармен үзілу кезінде жолға құлауынан сақтандырылған. Үзілуден сақтандыру үшін трос ұзындығы оны бекіту нүктелерінің арақашықтығынан 20...25 мм-ге көбірек болуы керек.

Рычагті жүйенің шарнирлі қосылыстары жазықтығы 2...4 мм тереңдікке бекітілген біліктер көмегімен және ұштастырылған бөлшектер саңылауларына нығыздалған жоғары марганцовты болаттан төлкелермен орындалған.



8.18-сурет. ВЛ80° электровозы рычагті берілісі тежеуіш тоспасының аспасы:
1 – мұрындық; 2, 9 – аспалар; 3 – тежеуіш калып; 4 – тоспа; 5 – білік; 6 – табанды болт; 7 – серіппе; 8 – тежеуіш бөрене


Тежеуіш цилиндр сояуышының шығысын 4 жалғастырғышының айналуы кезінде 9 тартуының ұзындығын өзгерті арқылы реттейді. Тежеуіш цилиндр сояуышын жалғастырғыш 4 көмегімен реттеу мүмкіндігі жоғалғанда, біліктердің ауыстырып-қоюмен осы осы тартулардың кезекті тартуларын сатылы реттеу қолданылады. Қалыптар мен бандаж арасындағы саңылаулар әр дөңгелектер жұбының соңында 7 серіппелері және 6 табанды болт көмегімен біліктерде 5 бұрылуымен өзгертіледі (8.18-сурет). саңылаулар әртүрлілігінің шектік мәні 5 мм-ден аспау керек, сондай-ақ үлкен саңылау қалыптың төменгі ұштарында болуы керек.

ЧС2^Г электровозының рычагті берілісі. Электровоздың әрбір дөңгелек жұбы диаметрі 356 мм болатын 3 тежеуіш цилиндріне ие (8.19-сурет). Оны арба рамасына пісірілген кронштейнде бекітеді. Күш тежеуіш цилиндр сояуышынан 1 басты тетігіне беріледі, оның жоғарғы ұшы арба рамасының консоліне бекітілген. 1 тетігінен күш көлденең балансир және екі 2 тартулар арқылы траверсаға беріледі және ары қарай 4 тетігі арқылы тоспаға беріледі, оның әрқайсына екі тежеуіш қалыптарымен бекітіледі. 8 тежеуші серіппесі 1 басты тетігін жібергіш күйге бұруға үнемі тырысады.

Бірінші және үшінші рычагті берілістің берілу саны 6,29 құрайды, ал екінші дөңгелек жұбы – 6,42. Рычагті берілістің ПӘК-і 0,9-ға тең.

Рычагті беріліс тежеуіш цилиндр сояуышының шығысының төрткілдеш авторегуляторына 7 ие, ол 10 ажыратқыш-ілмегімен қамтылған және 9 тетігімен қосылған (авторегулятор әсері төменде сипатталған).

Тежеуіш цилиндр сояуышының шығысын 6 көлденең тартуды реттеумен қолмен реттейді. Дөңгелектер мен қалыптар арасындағы саңылау тежеуіш жіберілген кезде 7 мм-ді құрау керек.




8.19-сурет. ЧС2^Г электровозының тежеуіш рычагті берілісінің сызбасы:

1, 4, 9 – тетіктер; 2 – тарту; 3 – тежеуіш цилиндр; 5 – қол тежеуішінің тартуы; 6 – көлденең тарту; 7 – төрткілдеш авторегулятор; 8 – тежеуші серіппе; 10 – ажыратқыш-ілмек

8.20-сурет. Секционды қалыптарға ие тежеуіш тоспа:


1 – балансир; 2 – тоспа; 3 – мұрындық; 4 – қалып; 5 – сірге; 6 – білік; 7 – серіппе



Арбаның бірінші дөңгелектер жұбын қол тежеуішімен тоқтатуға болады. Бұрандамен білікпен бекітіліген маховиктің айналуы кезінде сомын жоғары көтеріліп, бірінші осьтің рычагті берілісімен қосылған 5 тартуын жылжытады.

4 тежеуіш қалыптарды (8.20-сурет) 3 мұрындықтарының көмегімен 2 тоспаларға орнатады. Тоспаларды 6 біліктерімен 1 балансиріне бекітіледі, ал балансирды рычагті беріліс тетігіне бекітеді. Мұрындықтардың олардың тесіктеріне түсуді ескерту үшін 5 сіргетері қойылған.

Электр пойызының тежеуіш рычагті берілісі. ЭР2Т электр пойызының әр вагонында екі 1 тежеуіш цилиндрлері (8.21-сурет), екі көлденең бөренелердің ұштары бойынша әр арбаның сыртқы жағына олардың поршеньдері бір бағытта арба бойымен жылжитындай орналастырылған. Цилиндрлерді көлденең бөренелерге жабыстырылған арнайы тақталарға бекітеді.



8.21-сурет. Пневматикалық регуляторы бар ЭР2Т электр пойызы вагонының арбасының тежегішті рычагті берілісінің сұлбасы:


1 – тежеуіш цилиндр; 2, 3, 5, 7, 11 – тетіктер; 4, 10 – тартылыстар; 6 – тоспа; 8 – созығыш; 9 – аспа; 12 – РВЗ типті авторегулятор; 13 – ортақтаушы кран; а – д – тетіктер иіндері

Өр цилиндр поршенінің сояуышы бастиек көсегімен а және б иіндері бар екінші ретті 2 тетігімен қосылған. Бұл тетіктің екінші ұшы арба рамасының бөренесіне пісірілген кронштейнға бекітілген. 2 тетігі қысқа тартумен в және г иіндерімен бірінші ретті 3 тетігімен қосылған. 3 тетігінің екінші ұшы 4 тартуымен күшті тежеуіш қалыппен 6 тоспасына беріп жіберетін вертикалды 5 тетігімен қосылған. Тоспалармен тежеуіш траверс сапалары – жазық, жолақтық болаттан таңбаланған.

Дөңгелектер жұбы мен раманың көлденең бөренелері арасында орналасқан орта тежеуіш тоспалар қорапты қосылыстың массивті аспаларына ілінген. Тоспаға біржақты консольді тежеуіш күштің түсірілуінен туындайтын айналдырушы момент, аспалардың жоғары қаттылығының арқасында тежеуіш жұмысына әсер етпейді.

Вертикалды 5 және 7 тетіктерінің орталары 8 созылулармен жұп бойынша біріктірілген. Орта тежеуіш тоспалар 9 аспаларындағы біліктермен сомындар бекітілген. Орта вертикалды тетіктердің жоғарғы ұштары орта 10 тартуымен байланысты. Лсы элементтер арқылы тежеуіш күштер бір дөңгелектер жұбынан келесісіне беріледі. 11 вертикалды тетіктері тежеуіш цилиндр сояуышы шығысының 12 авторегуляторына қосылған, ол бөрененің ұшында бекітілген. 12 жөнделмейтін авторегулятор 13 ортақ кранымен ажыратылған болуы мүмкін.

Тежеуіш қалыптар мен дөңгелектердің сырғанау жазықтығы арасында қажетті саңылау ұсталып тұру үшін қаптамалы құрылғы қолданылады. Ол 8 мойыншасынан (8.22-сурет), оның құлақшасы 7 білігімен 9 тоспасының жоғарғы ұшымен қосылған, 5 қаптамалы серіппесінен, 6 аспасындағы тіреуші пластинадан, 4сомынынан тұрады. Сомынды тартып немесе жібере отырып дөңгелектің сырғанау жазықтығына қатысты тежеуіш тоспаның орнын өзгертіге



8.22-сурет. Жолаушы вагонының тежеуіш траверсасындағы монтаждалатын бөлшектер:

1 – траверса; 2 – шайба; 3 – сірге; 4 – сомын; 5 – серіппе; 6 – аспа;
7 – білік; 8 – мойынша; 9 – тоспа; 10 – мұрындық; 11 – тежеуіш қалып

болады. Тежеуішті жіберу кезінде барлық тетіктер жүйесін қайтару тежеуіш цилиндрдің ішкі серіппелерінің әсерінен болады.


Тежеуіш рычагті беріліс шойын фосфоритты қалыптрамен, сондай-ақ композиционды қалыптармен электр пойыздарын эксплуатациялау мүмкіндігін қарастырады. Тежеуіш қалыптарды басу беріліс санының өзгерісін моторлы вагонда иілген тетіктердің қосалқы саңылауларына ауыстырып қою жолымен реттейді және де тіркемелі және алғашқы вагондардағы горизонталды тетіктерді орналастырады. Бір электр пойызында әртүрлі типтегі қалыптарды эксплуатациялау тыйым салынады.

Пневматикалық жетектен басқа тежеуішрычагті беріліс қол жетегімен байланысты (8.23- сурет). Моторлы вагондарда қол тежеуішін әрекетке келтіру бағана, иілгіш болат трос және тетіктер жүйесі көмегімен жүзеге асырылады.

Тіркемелі және алғашқы вагондардың қол тежеуіші маховик, бағаналар көмегімен бүгілмелі тетік арқылы әрекетке келтіріледі.

8.23-сурет. ЭР2 электрпойызының қол тежеуішінің жетегі:

1- иінді білік; 2 – тік тарту; 3- ілгек; 4- болат арканы; 5 – сермер; 6- тежеуіш бұранда; 7 – шетмойыны бар сомын



Қол тежеуіші колнкасын алғашқы вагон машинистінің кабинасына немесе басқа вагондардың артқы қабырғасына орнатады.

8.4.Тежеуіш рычагті берілісті реттеу

Қозғалмалы құрамның рычагті берілістері шойын қалыптарда 5,4-тен 18-ге дейінгі аралықта өзгертін және композиционды қалыптарда 2,53-тен 9,2-ге дейінгі аралықта өзгертін беріліс сандарына ие. Үлкен берілу сандары кезінде шағынырақ тежеуіш цилиндрларды қолдану рұқсат етіледі, бірақ бұл кезде рычагті беріліс эксплуатациясы үшін нашар жағдайлар туындайды, себебі тежеуіш қалыбының кішігірім ескіруі тежеуіш цилиндр сояуышының шығысының айтарлықтай үлкеюіне алып келеді. Дөңгелек пен қалып арасындағы саңылауды белгіленген шектерде ұстап тұру үшін рычагті берілісті реттейді.

Қолмен реттеу кезінде біліктерді тежеуіш тартулардың косалқы саңылауларына ауыстырып қояды (жүк вагондарында) немесе тартылатын жалғастырғыштар қояды (жолаушы вагондарында).

Жартылай автоматты реттеуді винт немесе тісті рейка түріндегі құралдар көмегімен жүзеге асырады, олар тетіктердің «өлік» нүктелерінің жанына орнатылады, және қалыптар ескіруінің орнын тез жабуға мүмкіндік береді.. (ЧС электровоздарында және 2ТЭ116 тепловоздарында).

Автоматты реттеу арнайы регуляторомен тежеуіш қалыптардың ескіруіне қарай жүргізіледі.

Рычагтітежеуіш беріліс реттелуі келесідей деңгейлерде болуы керек:

тежелген жағдайда көлденең тетіктер тежеуіш цилиндрдің перпендикулярлы сояуышына жақын күйді алады;


вертикалды тетіктер әр дөңгелек жұптарында бірдей дерлік иілулерге ие болады;

аспа мен қалыптар аспа осі мен дөңгелек радиусы бағытымен тік бұрыш құрайды.

Қолмен реттеу күрделі үрдісі қозғалмалы құрамды тежеуіш рычагті берілістің автоматты регуляторымен қамтуда рұқсат етілмейді. Оларды қолдану кезінде тежегенде қысылған ауа үнемдірек шығындалады, барлық пойыз бойымен тежелу үрдісі бірқалыпты өтеді, және тежеуіш эффективтілігін жоғалтулар болмады.

Жетекке байланысты авторегульсторлар механикалық және пневматикалық болып бөлінеді. Механикалық авторегуляторлар серіппелі және рычагті жетектермен қамтамасыз етіледі.Серіппелі жетек (8,24,а-сурет) конструкциясы бойынша қарапайым және қызмет көрсетуде ыңғайлы, бірқ авторегулятордың қайтармалы серіппесін қысуға жоғалтулар тежеуіш эффективтілігінің айтарлықтай түсуіне

алып келеді, әсіресе композиционды қалыптарда. Рычагті жетекті қолдану авторегулятордың қайтармалы серіппесінің әсерін кішірейту ынтасынан туындаған.



8.24-сурет. Тежеуіш рычагті берілістің авторегулятор жетегінің сызбасы:
 а – серіппелі; б – рычагті; 1 – авторегулятор; 2 – тежеуіш цилиндр; 3 – жетек серіппесі;
 4 – жетек тетігі; а, б, с – тетіктер иіндері; а – винттің қосалқы жұмыс қадамы; А – нормалаушы өлшем

жолаушы вагондарында ол тежеуіш күшінің кішігірім бөлігін құрайды және тежеуіш басуын азайтпайды. Композиционды қалыптармен жүк вагондарында бұл күш тежеуіш басуын 30...50%-ға азайтады. Сол себепті жүк вагондарында тек рычагті жетек қолданылады. Ықтырмалы жетек Ресей темір жолдарында кең қолданыс таппады.

Пневматикалық жетек рычагті берілісті тежеуіш цилиндр сояушының шығысы авторегулятор конструкциясымен шартталған


белгілі бір шамадан асқан соң тартады.

Пневматикалық регуляторлар әдетте біржақты әрекетті болады, ал механикалықтар бір және екіжақты әрекетті болады.

Екіжақты әрекетті авторегулятор жұмысы қалыптар мен дөңгелектер арасындағы саңылаулар азайған жағдайда рычагті берілісті белгілі бір өлшемге автоматты түрде түсіруге және саңылаулар үлкейгенде оны автоматты тартып алуға негізделеді.

Біржақты әрекетті авторегулятор рычагті берілісті тек тартып алады, егер қалыптар мен дөңгелектер арасындағы саңылаулар белгілі мәннен асып кетсе және қарапайымдырақ конструкцияға ие болса.

шарт. № 574Б авторегулятор құрылғысы. Авторегулятор 6 бастиегі және 19 қақпағы бар 18 корпусан (8.25-сурет), 20 серіппесі бар 14 тартқыш стаканынан және 17 қайтарғыш серіппесінен және 1 реттеуші винттен тұрады. 6 бастиегі 18 корпусқа аударылған және 8 болтымен бекітілген. Бастиекке 7 тиекті сақинасымен және 5 резеңке сақинасымен бекітілген 4 қорғаныс құбыры қойылған.



8.25-сурет. шарт. № 574Б тежеуішрычагті беріліс авторегуляторының бастапқы күйдегі механизмы:

1 – реттеуші винт; 2 – капронды сақина; 3 – жалғастырғыш; 4 – қорғаныс құбыры; 5 – резеңке сақина; 6 – бастиек; 7 – тиекті сақина; 8 – стопорлы болт; 9, 15 – винттер; 10 – қосалқы сомын; 11, 13 – табанды дөңгелекті мойынтіректер; 12 – реттеуші сомын; 14 – тарту стаканы; 16 – төлке; 17 – қайтарушы серіппе; 18 – корпус; 19 – қақпак; 20 – тартпалы серіппе; 21 – жетек табандылығы; 22 – құлақша; 23 – сақтандырғыш сомын; 24, 25 – серіппелер; Л, 5, Г – нормалаушы өлшемдер

Сақтандырғыш құбырдың соңында авторегуляторды кірленуден сақтайтын 2 капронды сақинамен жалғастырғыш 3 орнатылған. Авторегулятор корпусында табанды мойынтіректермен 11 және 13 өзінің серіппелерімен 14 және 25 сәйкесінше, қосалқы 10 және реттеуші 12 сомындары орналасқан тартпалы стакан 14 орналасқан. Тартпалы стаканға қақпақ пен төлке 16 аударылған, олар 9 және 15 винттарымен бекітілген. Серіппенің 20 конусты бөлігі тартпалы стаканға кіреді, ал серіппені басқа жағы 22 құлақшасы аударылған. Қайтармалы серіппе 17 тартпалы стакан төлкесінің конустық жазықтығына және корпустың қақапағына 19 тіреледі. Реттеуші винт оны механизмнен шығып кетуінен сақтайтын тойтармамен бекітілген сақтандырғыш 23 сомынмен аяқталады.

Жиналған авторегуляторда барлық серіппелер қысылған күйде болады, және күш пайда болдырады: қайтармалы серіппе – 150 кгс, қосалқы сомын серіппесі – 30 кгс, реттеуші сомын серіппесі – 80 кгс.

Рычагті берілісті автоматты реттеу кезінде шарт. № 574Б авторегуляторының корпусы айнамайды. Бұл оның механизмін ылғал мен шаң түсуден сенімді қорғайды, шарт. № 536 екіжақты әрекетті авторегуляторында орын алған үлкен қозғалыс жылдамдықтарында реттеуші винт иілуін болдырмайтын қорғаныс құрылғыларын орнатуға мүмкіндік береді. қолмен реттеу кезінде тежеуіш цилиндр сояуышының шығысы шарт. № 574Б авторегулятор корпусының қарапайым айналуымен кішірейеді.

Авторегулятордың қалыпты жұмыс істеуі үшін А өлшемін сақтау керек – бұл тозбаған қалыптарда (8.24-суретті қараңыз) жетек табандылығы мен авторегулятор корпусының арасындағы қашықтық, ол тежеу кезінде тежеуіш цилиндр сояуышының шығыс шамасын анықтайда. А өлшемі авторегулятор жетегінің типіне, рычагті берілістің беріліс санына, горизонталды тетіктер иіндерінің өлшеміне және тежеуішті жіберген кездегі дөңгелек пен қалып арасындағы саңылауларға тәуелді. Оны келесі формулалар бойынша анықтайды:

рычагті жетек кезінде

$$A = nk \frac{b - c}{a + c} - m; \quad (8.8)$$

серіппелі жетек кезінде

$$A = nk \frac{b}{a} - m, \quad (8.9)$$

мұнда n – рычагті берілістің берілу саны; k – тежеуішті жіберген кездегі қалып пен дөңгелек арасындағы саңылау; a, b, c – тетіктер иіндерінің өлшемі; m – тетіктер шарнирлеріндегі саңылаулар суммасы.


Екінші бақыланатын өлшем a – бұл винттің қосалқы жұмыс жүрісі (біріктіргіш жасғастырғыш пен қорғаныс құбырына дейінгі қашықтық). Жолаушы вагондарда винттің жұмыс жүрісінің қоры 150 мм-ден кем және жүк вагонында 250 мм болғанда тежеуіш қалыптарды ауыстырып рычагті берілісті реттеу керек.

Мысалы, композиционды тежеуіш қалыптары бар төрт осьті жүк вагоны үшін авторегулятордың рычагті жетегі кезінде A өлшемі 35...50 мм құрайды, ал винттің жұмыс жүрісінің қоры $a = 500.575$ мм.

№ 574Б авторегуляторының әрекеті. Алғашқы күйде тежеуіш жіберілген күйде болады (8.25-суретті қараңыз). Жетек табандылығы 21 мен қақапақ кесігінің 19 арасындағы A қашықтығы дөңгелек пен қалыптардың арасындағы қалыпты саңылауларға сәйкес келеді.

Қайтарғыш серіппе 25 төлкені 6 қосалқы сомынға 10 қысады. Тартпалы серіппе кесігі 20 мен реттеуші сомынның 12 арасында G саңылауы бар, тартпалы стакан қақапағы 14 мен қосалқы сомын 10 аралығында – B саңылауы.

Тежеу. Дөңгелек пен қалып арасындағы қалыпты саңылаулар кезінде (8.26-сурет) жетек табандылығы 21 және авторегулятордың 18 корпусы A өлшемін азайта отырып бір-біріне қарай жылжиды. Тартпалы серіппеде 20 150 кгс-тан көп тежеуіш күш пайда болғанда қайтармалы серіппе 17 B саңылауын кішірейте отырып қысылады, тартпалы стакан конусы 14 реттеуші сомын 12 конусына бекітуге кіреді. Сомындарды 10 және 12 бекіту бұл кезде болмайды. Авторегулятор қатты тарту сияқты жұмыс істейді. Тежеуіш күш тартпалы серіппе 20 арқылы тартпалы стаканға 14 беріледі, содан соң реттеуші сомын 12 арқылы винтке 1 және ары қарай тежеуіш тартпаға. Егер тежеуіш цилиндр сояуышының шығысы кішірейтілген болса, онда кез-келген қысым кезінде тежеуіш цилиндрда саңылау сақталады.



8.26-сурет. Шарт. № 574Б тежегіш винтіректі беріліс авторегуляторының тежеу кезіндегі әрекеті (белгілерді 8.25-суреттің жазбаларынан қараңыз)

Автореттеуіштің корпусы мен 21 жетектің тірегінің арасында. Реттеуіш қатты тарту сияқты жұмыс жасайды.

Тежеуіш цилиндрдің сояуышы нормасынан асып шыққан кезде тіреуіш пен автореттеуіштің корпусының 19 қақпасымен жанасқанда, дөңгелектердің сырғанау бетімен тежеуіш бұғауларымен жанасуына қарағанда келтіру 21 тезірек жүзеге асады. Тежеуіш цилиндрге өспелі жігер-күш әрекет еткенде 20 күш арқауы 14 күш стақанымен бірге корпуста, сомынға, винтқа қарай оңға орналасып 17 серіппені қысады. Сонда да 14 күшті стақан 12 реттеуіш сомынмен жанасқанға дейін оңға қарай жылжып сол арқылы 1 винтті жылжытады. Қосалқы сомын 10 винтпен бірге автореттеуіштің басынан кері шегініп және серпіннің әсерінен 25 өзінің мойынтірегінде айналып, күшті стақанның қақпағымен жанасқанға дейін 14 винтқа 1 бұрамдайды. Тежеуіш бұғаудың тозуына жолаушылар вагондарына 1,0,1,5 мм және жүк вагондарына 0,5...0,7 мм сәйкес бір тежеу кезіндегі қосалқы сомынның бұрамдауының максималды көлемі 8... 10 мм құрайды.



Егер тежеуіш цилиндрдің сояуышы 10 мм аса көп көлемде нормадан шықса, тежеуіш рычагтің соңғы берілістің реттеуі кезекті тежелімдерде жүзеге асады.

Б о с а т у . Тежеуіш цилиндрдегі ауаның қысымын төмендету тартудағы күштің төмендеуіне алып келеді. Автореттеуіштің корпусымен жетектің тіреуіші 21 корпустың басы 6 серіппенің әсерінен жасағанға дейін 17 және қосалқы сомынға 10. Сосын жетектің тіреуіші 21 корпустың қақпағынан 19 саңылау жасап А (8.25 суретті қарау) жылжыған кезде, күшті стақан 14 қайтармалы серіппенің әсерінен қозғалады 17 және өзінің серіппесінің қысымынан 24 винтқа бұрамдалатын 1 реттеуіш сомынмен үйкелісті байланысуды ажыратады 12. Реттеуіш сомынның 12 жылжуы қосалқы сомынға тірелгенге дейін 10 жалғасады. Күшті стақан 14 күшті өзекшенің соңғы ұшына 20 тығынғанға 16 дейін жылжыйды, содан кейін автореттеуіштің барлық бөлшектері өз қалыптарына келеді.


Автореттеуішпен қамтамасздандырылған вагондардың жетегін жүк вагондарында белгіленген ережелердің төменгі мағынасында сояуыштың шығуына демеуге, ал жолауыш вагондарда – ортаңғы деңгейде.

Біржақты қозғалыстағы пневматикалық реттеуіш. Реттеуіш электрпойыздар орнатылып артқы вертикалды арбалы тетіктің топсалы күшпен 19 (8.27 сурет) жалғанады.

Реттеуіштің механизмі құюлы болат корпуста 5 жабық қақпақпен 6 жиналған. Қақпаққа тежеуіш цилиндрмен жалғанған саңылау арқылы 7 құбыр желісі қосылады.



A-A



8.27 сурет. Біржақты қозғалыстағы пневматикалық реттеуіш:

- 1 – ось; 2 – бұрандама; 3, 10 – ілмек; 4 – шаппа доңғлақ; 5 – корпус; 6 – қақпақ; 7 – саңылау; 8 – поршень; 9 – батырма; 11 – қайтармалы серіппе; 12, 18 – стакандар; 13 – фильтр; 14 – қаптама; 15 – тақта; 16 – реттеуіш сомын; 17 – сүмбі; 19 – күш; 20 – резеңкелі қалпақ

Стақанда 12 фильтр 13 және қайтармалы серіппе 11 орналасқан, серіппе поршеньге 8 әсер етеді. Бұрандама 2 поршеньнің бойлай керіппесіне ұшымен кіріп оның қозғалыс кезінде бұрылысына бөгет жасайды.

Осы 1 поршеньдегі ілмек жасалған 3, сүмбіге 17 кигізілген шаппа доңғалаққа 4 серіппемен қысылған. Екінші ілмек 10, корпустың осіне орналасқан, ол щоппа доңғалақты қарама-қарсы бағыттағы бұрылыс кезінде ұстап тұрады. Реттеуіш сомын 16 резеңкелі металл арқылы тығынға және күшке оратылып сүмбіге 17 бекітілген.

Сомынның сфералық дөңбек төселген беті 16 тақтамен байланысып 15 оның жігеріне күш жібереді 19.

Рычагті жіберумен қолды реттеуімен тарқатуына тұтқалы стақанды 18 қолданады және тіреуіші бар дөңгелектің ілінісінен 4 ысырманы шығаратын 10 батырманы 9 қолданады. Автореттеуіш кірленуден қаппен 14, резеңкелі қалпақпен 20 және фильтрмен 13 қорғалады.


Егер тежеуіш цилиндрдің тежеу кезінде поршенінің кіруі (60 ± 5) мм асса, манжеттің шеті корпустың саңылауына кіріп кетеді де қысылған ауаның автореттеуішке қолжетімділігін арттырады. Ауа саңылау арқылы кіріп 7 стақанға тірелгенге дейін 12 серіппені қысып 11 поршеньді жылжытады 8.

Тежеуішті жіберген кезде ауа тежеуіш цилиндрден шығады, сондықтан серіппе 11 сүмбімен байланысқан 17 шаппа доңғалақты 4 ілмекпен 3 бұрып поршеньді 8 бастапқы қалпына алып келеді. Сомын 16 күштің бұрандасына бұрамданып 19, реттеуіштің бір циклінің қозғалысы кезінде реттеуіштен шығып келе жатқан бөліктің ұзындығын 2,5 мм қысқартып тежеуіш цилиндрден шығатын сояуыштың шығуын қысқартады. Күштегі жұмысшы бұранданың толық ұзындығы 250 мм құрайды. Шаппа доңғалағы бұрылған кезде ілмек екі тіске аттайды.

Рычагті берілістің қолмен жасауға көшкен кезде батырманы 9 басып ілмекті 10 шаппалы доңғалақтан 10 шығарып, сосын стақанды 18 айналдырумен иінбілікті берілістің ажырату.


Төрткілдеш реттеуіш. ЧС2, ЧС2^г электровоздарында әр үш өстік арбада бір жақты қозғалысты (тежеуіш колонкалардың тозу компенсаторлары) иінбілікті жіберуде алты төрткілдеш реттеуіш орналасқан. Реттеуіш тежеуіш тетікпен байланысқан корпусқа 4 ие (8.28 сурет). Корпустың ішінде тежеуіш күштің жалғасы болып табылатын 1 тісті төрткілдеш және өшіргіш 7 орналасқан. Ілмек төрткілдешке 3 серіппемен 6 жапырыстылады. Реттеуіштің корпусының қуысы дақ пен шаңнан нығыздаумен 2 қорғалған. Реттеуіш құралдың жиынтығына бір ұшымен кронштейнде 10 орнатылған, ал екінші ұшынан (сопақша саңылаумен) – белдікке 8 емін-еркін орнатылған түзетуші деңгейлер 9 кіреді. Деңгейдің бұндай орналасуы валипен планкадағы төмендетілген тежеуіш кезінде сопақша саңылаулы беттің арасында 7 мм тең саңылауды қамтамасыз етеді.

Тежеуіштердің іс-қимылын тексеру кезінде олардың тиімділігі егер машинист магистралдағы қысымды төмендету мәнін, белгіленген орында тексеру басталар алдындағы жылдамдықты дәл ұстаса, сағатына 10 шақырымға жылдамдықты төмендеткен кезде нақты тежеуіш жолын дұрыс айқындаса, оны осы орын үшін жергілікті нұсқаулықпен белгіленгенмен салыстырса, барынша дұрыс айқындалады.

Электр поезы тежеуішінің сенімді жұмыс істеп тұрғанына көз

жеткізу үшін машинист жүру жолында олардың іс-қимылын, бірінші кезекте, автоматты тежеуіштерді, сосын ЭПТ-ны тексеруі тиіс.

Тежелудің басында жылдамдық кемі сағатына 40 шақырым, ерекше жағдайларда сағатына 25 шақырымға рұқсат етіледі.

Белгіленген орындарда жүру жылдамдығын кемі сағатына 25 шақырым шектеумен учаскеде тежеуіштердің іс-қимылын пойыздың толық тоқтағанға дейін тежеумен тексереді, сосын жылдамдыққа шектеу қойылмаған учаскеге қайталау тексерісін жүргізеді.

Машинист көмекшісі тежеуіштер іс-қимылын тексеру сапасына машинистпен тең жауапты болады.

Электродинамикалық тежеуіш іс-қимылын тексеруді осы тежеуішті пайдалану басталатын бірінші аялдамалық платформа алдында орындайды. Электродинамикалық тежелу кезінде ЭР2Т және ЭТ электр пойызарында басқару пультінде «Тежеу» түймесі қолсылуы тиіс.

Электродинамикалық тежеуіштің іс-қимылын машинист кранының контроллерінің тұтқышын 1Т және сосын 2Т жағдайында орналастырумен тексереді. Жылдамдықты сағатына 10 шақырымға төмендетіп, тежеу жолын есептегеннен кейін машинист кранының контроллерін «О» жағдайына қоюмен тежеуішті толық босатуды орындайды. Тежеуіш сапасын автоматты тежеуіштердің іс-қимылын тексеру кезінде тежеуіш жолын есепке алып бағалайды.

Егер:

тежеуіш екі және одан көп секцияларда ажыратылып тұрса;

тұйық жолға кірген кезде;

тежеу жылдамдықты шектеу дабылына жақындаған кезде жылдамдықты төмендету үшін немесе тоқтату үшін жүзеге асырылғанда;

маневрлі жылжыған кезде электродинамикалық тежеуішті пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

Жүру жолында автотежеуіштердің іс-қимылын тежеуіштерді толық немесе қысқартылған сынаудан кейін; жекелеген вагондардың автотежеуіштерін ажыратқаннан кейін; егер пойыз ЭПТ-да 20 мин және одан көп жүрсе, электродинамикалық тежеуіштердің автоматты тежеуішке ауысуы кезінде; электродинамикалық тежеуіштерді ажыртқаннан кейін, егер пойыз автоматты тежеуіштерді қолданбай 1 с артық жүрсе, қысқы кезеңде тексереді.

Жүру жолында автоматты тежеуіштерді тексеру мақсатында жергілікті нұсқаулықта белгіленген орында тежеуіш магистралындағы қысымды $0,3 \dots 0,5 \text{ кгс/см}^2$ -ға төмендетеді. Тежеуіш әсері пада болып, жылдамдық сағатына 10 шақырымға төмендегеннен кейін машинист тежеуішті машинист краны тұтқасының I дағдайымен босатады.

Сағатына 10 шақырым жылдамдықты төмендетуі тиім арақашықтық тежелу басы – «ТБ» және тежелу соңы «ТС» белгілерімен белгіленеді.

Машинист көмекшісі жылдамдық сағатына 10 шақырымға

төмендеген нақты ара-қашықтықты есептеуі тиіс. Егер бақыланып отырған мәнге жылдамдық төмендеуі белгіленген ара-қашықтықты $1/3$ және одан көпке асып түссе, онда машинист поеды тоқтаатып тежеуіштің қанағаттанарлықсыз жұмысының себеін анықтауы тиіс.

Егер тежеуіштер іс-қимылын белгіленбеген жерде тексерсе немесе тежеуді бастау жылдамдығы жергілікті нұсқаулықта көрсетілгеннен ерекшеленсе, тежеуіштер тиімділігін сағатына 10 шақырымға жылдамдықтың төмендеу уақыты бойынша бағалауға рұқсат етіледі. Бұл уақыт тәжірибелі сапар негізінде жергілікті нұсқаулықта белгілейді.

Егер тежелудің бірінші сатысынан кейін тексеру уақытында 10 с ішінде бастапқы тежеуіштік әсер алынбаса, онда шұғыл тежеу жүргізіліп, пойызы тоқтату үшін барлық шараларды қабылдау қажет.

Тежеуіштерді толық немесе қысқартылған сынау жүргізілгеннен кейін жүру жолында электропневматикалық тежеуіштерді текесереді. Тексеру уақытында тежеуіш магистралін бәсеңдетпей тежелу сатысын жазғы кезеңде тежеуіш цилиндрін $0,3 \dots 0,5 \text{ кгс/см}^2$ -ге, қысқы кезеңде $1,5, 2,0 \text{ кгс/см}^2$ -ге толтыра отырып машинист кранымен орындайды. ЭПТ тексеруін жүргізу тәртібі автоматты тежеуіштерді тексеруге ұқсайды.

Маневрлік жылжуды орындау уақытында автоматты тежеуіштердің іс-қимылын сағатына 5.10 шақырым жылдамдықпен толық тоқтағанға дейін тежелудің бірінші сатысының шамасына тежеуіштік магистралді бәсеңдетумен жүргізеді. Бұл тексеру электр поезын жұмыс жағдайына келтіргеннен кейін, депоға бару үшін басқару кабинасын ауыстырған соң, сондай-ақ жебелік көрсеткішке шыққанға дейін станцияда маневрларды жүргізу кезінде орындалады. Жебе электр пойызының басына тікелей жақын орналасқан жағдайларда жүргізілмейді.

12.2. Қалыпты құрастырылған жүк пойыздары мен жолаушылар пойыздарының тежеуіштерін басқару

Тежеуіш түрлері. Жүк және жолаушылар пойыздарында қызметтік тежелудің бір сатысын қолданады, кейіннен босатумен екі сатысын сирек қолданады. Егер тежелудің екінші сатысынан кейін тежеуіш әсер алынбаса, онда шұғыл тежелуді қолданады. Бір қабылдауда толық қызметтік тежелуді пойызы тоқтату немесе сатылы тежелуді орындауға қарағанда, барынша қысқа ара-қашықтықта оның жылдамдығын төмендету қажет болған ерекше жағдайларда орындайды.

Шұғыл тежелу:

егер тежелудің бірінші сатысынан кейін жолаушылар пойызында 10 с ішінде, ұзындығы 400 оське дейін жүктік бос пойызда және жүк-жолаушылар пойызында 20 с ішінде, қалған жүк пойызарында 30 с ішінде бастапқы ісер алынбаса, жүру жолында тежеуіштер іс-қимылын тексеру кезінде;

жылдамдықты төмендету уақыты бойынша олардың іс-қимылын

бағалау кезінде автотежеуіштердің қанағаттанарлықсыз жұмысын анықтаған жағдайда;

автостоп ЭПК іске қосылған кезде, сондай-ақ жолаушылар поезын стпо-кранмен тежегенде немесе оның тежеуіш магистралінен ажырауы салдарынан;

пойызда автотежеуіштер істен шыққанда (тежелудің екінші сатысынан кейін тежелу әсері болмаған немесе тежеуіштер өздігінен босатылған кезде);

пойызды дереу тоқтату қажет болған кезде (қозғалыс, адам өмірінің қауіпсіздігі кезінде, жолда немесе пойызға тоқтату дабылын берген кезде)

егер тыйым салынған белгіге немесе электропневматикалық тежелу режимінде шекті бағанға кіреберіс жолда ЭПТ тізбегін бақылау сигнал шамы сөніп қалса жолаушылар поезында;

егер тежелудің бірінші сатысынан кейін жеткілікті тежеуіштік әсер алынбаса станцияға және тыйым салынған белгілерге жақындаған кезде қысқы кезеңде;

жылдамдықты сағатына 60...80 шақырымға арттырғаннан кейін құрамның 100 тс салмағына пойызың тежеуіштік басумен нақты қамтамасыз етілуін айқындау мақсатында жүру жолында тежеуіштерді бақылау тексеру кезінде жүзеге асырылады.

Станцияға келген кезде жүк пойызарына қайта тежелу, яғни тежелуді алмастыру және тежеуіштерді босату жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ қозғалыс жылдамдығын реттеу үшін ұзақ еңістерде тежеуіштерді басқарады. Бұл тежелуді реттеуші, ал дабыл беру үшін тоқтау мақсатындағы тежелу – тоқтату тежелуі деп аталады.

Үнемді режимді және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп пойызы дұрыс жүргізу үшін мынадай тежеуіштерді басқару қағидасын сақтау қажет.

Тежелу. Жай тежелу және дөңгелек жұбының тайғанау ықтималдығын азайту үшін тежеуіш магистралда қысымды кемі бірінші сатыдағы мәнге (12.1-кесте) төмендетеді, ал жылдамдықты бастапқыдан 25.50%-ға азайтқаннан кейін қажет болған жағдайда тежелуді күшейтеді.

Егер пойыз электропневматикалық тежеуішпен немесе жүк пойызында ауа таратқыштар таулы режимге қосылып тұрса, онда қозғалыс жылдамдығын азайту үдерісінде пойызы қажетті рында тоқтату және дөңгелек жұбының сыналануының алдын алу үшін теежегішті сатылы босату жүзеге асырылады.

Жолаушылар және жүк пойыздарындағы тежелудің келесі сатыларын бір қабылдауда магистралдағы қысымды пойыз жүргізу жағдайына қарай 0,3-тен (қыста 0,5) 1 кгс/см²-ға дейінгі шамаға төмендетумен орындайды.

Тежеуіш магистралында қысымды төмендетудің бірінші сатысы

Пойыздың түрі	Қысымды төмендету сатысы, кг/см ²	
	жазда	қыста
Жолаушылар пойызында: ЭПТ-ға тежеуіштерді пневматикалық басқару кезінде (тежеуіш	0,3 ...0,5	0,5,0,6
	0,8... 1,5	1,5,2,0
Жүк пойызында: Жүктік (350 оське дейін) Бос (400 оське дейін)	0,6,0,7	0,8,0,9
	0,4,0,5	0,6,0,7

№ 254 қосалқы тежеуіш кранымен пойызы тежеуді үлкен бойлық-динамикалық реакцияларды болдырмау үшін сатылармен (шқғыл телеуден басқа) жүзеге асырады. Бұл ретте бір қабылдауда локомотивтің тежеуіш цилиндрлерінде қысым кемі 0,5 мин ұсталыммен 1,5 кгс/см² (артқы емес) артады.

Композициялық тежелгіш қалыптармен вагондардан тұратын пойыздарда сағатына 40 шақырымнан кем жылдамдық кезінде тежелудің бастапқы тиімділігі шойын қалыптармен пойызарға қарағанда төмен. Бұл қозғалыстың төменгі жылдамдықтары кезінде композициялық қалыптарды баяу жылытуға байланысты. Сондықтан мұндай қалыптармен тежеуішті шойын қалыптармен тежегішке қарағанда, біршама ертерек іс-қимылға келтіру қажет.

Дөңгелектің рельстермен ілінісетін қолайсыз жағдайлары кезінде, әсіресе рельстер бастиегінің бетінде тұтқыр заттардың болуы кезінде тежеуіш күшін ұлғайту дөңгелек жұбының сыналауына алып келуі мүмкін. Оның алдын алу үшін ЭПТ тежеген кезде магистралдағы қысымды 1 кгс/см²-нан астамға төмендету немесе локомотивтің тежеуіштің цилиндрлерінде ауа қысымын 2,5 кгс/см² астамға арттыру алдында локомотивтің дөңгелек жұбының астына құм себеді.

Шұғыл тежелуді қосалқы тежеуіш краны мен құмсалғышты қолданып, машинист кранымен орындайды. Қозғалыстың болмашы жылдамдығы кезінде (жеке локомотивтерден басқа) құм берууді тоқтатпау маңызды, өйткені дәл осы жылдамдықта аса үлкен тежеуіш күші туындайды.

Пойыздың толық тоқтауын күтпей, машинист кранының тұтқасын шұғыл тежелу жағдайынан III – VA жағдайына ауыстырумен магистралды бәсеңдетуді тоқтатуға рұқсат етілмейді. Өйткені бұл тежеуіштерді босатуға және пойыза ауқымды реакциялардың туындауына алып кетуі мүмкін.

Тежеуіштердің әлсіреуінің алдын алу мақсатында жүк пойызарында қайта тежеуді 1...2 мин кем емес аралықпен орындайды. Егер

тежелулер арасындағы уақыт 1 минуттан кем болса, магистралда қысымның төмендеуінің кезекті сатысын бұрын орындалған сатыдан көбірек 3 кгс/см^2 жасайды.

Жолаушылар пойызы үшін қайта тежелулер арасындағы уақыт 15.20 с-дан кем болмауы тиіс, ал егер ол ұсталмаса, қайта тежелуді тежеуіш магистралында қысымды кемі $0,6 \text{ кгс/см}^2$ төмендетумен орындайды.

Ұзақ еніс бойынша жүрген кезде жиі тежелуге жол бермеу маңызды, себебі ондай кезде артқы вагондар тежеуішінің зарядталуы артады. Қайта тежелуді орындаған кезде I жағдайдағы (әсіресе тежеуіш желісінде ауа көп кеміген кезде) машинист краны тұтқасының жеткіліксіз ұсталымы да күллі пойыз тежеуіштерінің зарядтау уақытын ұлғайтады.

Жабуды алу үшін жүк пойызарында тежегішпен басқару кезінде машинист краны тұтқасының IV жағдайын ғана пайдаланады. Кран тұтқасын III жағдайына магистралдың тұтастығын тексергенде және ол ажыраған жағдайда тежеу сатысын орындау кезінде 5...7 с қысқамерзімге ғана ауыстырады.

Жолаушылар поезында машинист кранының тұтқасын тыйым салынған белгілерге, жылдамдықты азайтатын белгілерге жақындаған кезде және станцияларға тоқтар алдында (батысеуропалық түріндегі тежеуіші бар вагондармен пойызардан басқа) III жағдайында (тежеуіш магистралынан ауаны шығарғаннан кейін IV жағдайында) орнатады.

Егер бұл жағдайларда кран тұтқасы IV жағдайында болса, онда пойызға стоп-кранның қысқамерзімді ашылуы кезінде тежеуіштің босау немесе машинист кранының ақауы салдарынан магистралда қысымның арту қаупі пайда болуы мүмкін. Барлық басқа реттеуші тежеулер кезінде машинист кранының тұтқасын IV жағдайында орнатады, оны магистралдағы ауаның кемуі толықпайтын III жағдайға ауыстыру тиімсіз.

Жазғы кезеңде тежелудің екінші сатысын қолданар алдында жүк және жолаушылар пойызарында кран тұтқасын жабу жағдайында кемі 5...6 с ұстайды. Бұл уақытты пойызың барлық ұзындығы бойынша тежеуіштердің іске қосылуын есеп келып таңдады.

Қажет болған жағдайда жолаушылар пойызында тежелудің екінші сатысы бірінші сатыны орындағаннан кейін машинист краны арқылы тежеуіш магистралынан ауа шығару аяқталғаннан кейін, ал жүк пойызында – машинист краны арқылы магистралдан ауа шығару тоқтатылғаннан кейін кемі 5 с өткеннен соң ғана орындалуы мүмкін.

Жүк пойыздарында тежеуіштердің әлсіреуі мен өздігінен босатылуының алдын алу үшін машинист кранының тұтқасын жабу жағдайында тежелу сатысынан кейін 2,5 мин аспайтын уақыт ұстайды. Барынша ұзақ ұстау қажет кезінде $0,3...0,5 \text{ кгс/см}^2$ сатымен тежеуіш магистралын бәсеңдетуді ұлғайтады.

Тежеуіштерді босату. Тежеуіштерді толық босату машинист краны тұтқасын I жағдайына ауыстырумен жүзеге асырылады және теңестіруші резервуардың манометрі бойынша бақылайды. Босату

соңында теңестіру резервуарындағы қысым зарядты қысымға, ауа таратқыш типіне, тежелу түріне және оның жиілігіне байланысты (12.2-кесте).

12.2-кесте

Тежеуіштерді босату кезінде кран тұтқасының жағдайында теңестіргіш резервуардағы қысымның артуы

Пойыз түрі	Тежелгеннен кейін қысымның артуы, кгс/см ²		Ескертпе
	қызметтік	шұғыл	
350 оське дейін ұзындықпен жүк тиелген жүктік (зарядтыққысым 4,8...5,0 кгс/см ²)	0,5... 0,7-ге зарядтықтан жоғары	6,5,6,8	Зарядтықтан жоғары қысымды жойғаннан кейін машинист краны тұтқасының пойыздық жағдайында қажет болған жағдайда теңестіргіш резервуарда қысымды қайта арттырады
350 осьтен асатын дейін ұзындықпен жүктік бос (зарядтық қысымы 4,8.5,0 кгс/см ²)		6,0.6,2	
350 осьтен асатын ұзындықпен жүк тиелген жүктік (зарядное давление 5,0.5,5 кгс/см ²)	0,5... 1,0-ге зарядтықтан жоғары	6,5.6,8	
Жолаушылар вагонымен жүктік	5,2	5,2	Зарядтағаннан кейін (қызметтік тежелуден кейін) ТР-да қысымды 5,6 дейін, ШТ кейін ЭТ 6 кгс/см ² арттырады
7 дейін вагондар санымен жолаушылар	5.0. ...5.2	5,0	Шұғыл тежелуден кейін ТР зарядтауды жабылған құрама кранда орындайды
8-11	5.0. ...5.2	1,5,2,0	
12-20	5.0. ...5.2	3,0.3,5	
21-32	5,2	3,5	

Пойызы орнынан қозғаған кезде бойлық серпінді реакциялар мен дөңгелек жұбының сыналануын болдырмас үшін тоқтағаннан кейін пойызы қозғалысқа келтіргенге дейін машинист кранының тұтқасын босату жағдайына ауыстырған сәттен бастап уақытты ұстау қажет (12.3-кесте).

Жолаушылар пойызында қызметтік тежелуден кейін машинист кранының тұтқасын теңестіргіш резервуарда қысымды зарядты деңгейге дейін арттырып, сағатына 4...6 шақырым жылдамдық кезінде босату жағдайына қояды. Егер презда композициялық калыптар немесе дискілік тежеуіштер болса, онда босатуды пойыз толықтай тоқтағаннан кейін ғана орындайды.

Егер жолаушылар поезы $0,3 \text{ кгс/см}^2$ сатымен тежелсе, онда босату алдында тежеуіш магистралын бәсеңдетуді $0,5 \text{ кгс/см}^2$ -ға дейін арттыру қажет.

Шұғыл тежелгеннен кейін тежеуіштерді жақсырақ босату үшін зарядтықтан жоғары қысымды жойғаннан кейін арттыруды қайталау немесе машинист кранының тұтқасын I жағдайдан кейін IV жағдайында 40.60 с ұстап, сосын II жағдайына ауыстыру ұсынылады.

Жолаушылар поезын электропневматикалық тежеуіштермен басқару. ЭПТ тізбегінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын О жанып тұрған сигнал шамы көрсетеді. Сатылы тежелу машинист кранының тұтқасын VA жағдайына қоюмен орындалады.

Бірініші сатыда тежеуіш цилиндрлерінде қысымның тежелуі $0,8.1,5 \text{ кгс/см}^2$ құрауы тиіс. Тежелуден кейін № 395 кран тұтқасын IV жағдайына келтіреді.

12.3-кесте

**Жазғы кезеңде тежеуіштерді босату үшін пойыздардың тұратын
минималды уақыты**

Пойыз түрі	Тежелуден кейін тежеуіштерді босату уақыты, мин		
	сатымен	толық	шұғыл
350 оське дейін ұзындықпен тегіс режимдегі жүк көлігі	1,5	2	6
Бұл да, таулы режимде	2	3,5	9
350 осьтен астам ұзындықпен жазық режимде жүк	3	4	8
20 вагонға дейін 21-ден до 36 вагонға дейін ұзындықпен жолаушылар поезы	0,25 0,7	0,5 1	1,5 3

Ескертпе. Қыста жүк пойызарында босату уақыты 1,5 есеге ұлғайтылады

Тежеуіштерді сатылы босату пойызы тежеуіш цилиндрлерде аз қысым кезінде тоқтату есебімен орындалады. Тежеуіш цилиндрлердегі қысым бойынша босатудың минималды сатысы $0,2...0,3 \text{ кгс/см}^2$ құрайды.

Бір қабылдауда ЭПТ толық босатуды теңестіргіш резервуарда қысым $5,2...5,4 \text{ кгс/см}^2$ дейін артпайынша, машинист кранының тұтқасын I жағдайда ұстай отырып, жүзеге асырады. Сосын кран

тұтқасын пойыз жағдайына қайтарады.

Тыйым салынған белгілер алдында ЭПТ токтату тежеуі кезінде тежелу тежеуіш магистралін бәсеңдетумен және одан әрі машинист кранының тұтқасын III жағдайына қою арқылы орындалады. ЭПТ қосарлы қорекпен жабдықталған локомотивтерде тежелу үнемі тежеуіш магистралін бәсеңдетумен жүзеге асырылады.

Қосарлы қорктену кезінде ЭПТ әс-қимылын амперметр бойынша бақылайды. Жабу жағдайында ЭПТ тізбегіндегі ток пойызы жөнелту кезінде айқындалатын мәнмен салыстырғанда, 20%-дан артық азаймауы тиіс.

Егер ЭПТ тізбегінде ток 20%-дан артық азайса (қосарлы қорекпен жүрген кезде) немесе ЭПТ қарек көзінің қысымы тежелу жағдайында 40 В-дан төмен болса, ЭПТ іс-қимылы тиімділігінің төмендегені немесе тежелудің жатық еместігі анықталады, сондай-ақ егер сигнал шамы сөніп қалса, онда олардың іс-қимылын қосымша тексеріп, бірден пневматикалық басқаруға ауысу талап етіледі.

12.3. Электр пойыздардың тежеуіштерін басқару

Автотежеуіштерді басқару. Қызметтік тежеудің бірінші сатысын орындау үшін №395 машинисі кранының тұтқасын II жағдайынан V жағдайына ауыстырады және теңестіргіш резерварда қысымды 0,3.0,5 кгс/см²-ге төсепдетеді, сосын кран тұтқасын қоректендірумен жабу жағдайына қояды. Қажет болған жағдайда тежеудің келесі сатысын машинист краны арқылы тежеуіш магистралдан ауаның шығуы аяқталған соң ғана орындайды.

Жүру жолында тыйым салынған белгілерге немесе станциялар мен аялдау платформаларында тежеуді №395 машинист кранының тұтқасын II жағдайдан V-ге, одан әрі IV жағдайға ауыстыруды жүзеге асыруы қажет. Машинист краны арқылы тежеуіштік магистралдан ауа шығаруды аяқтағаннан кейін оның тұтқасын III жағдайға ауыстыру қажет. Егер пойыз 0,3 кгс/см² сатымен тежелсе, онда босатуды бастамас бұрын тежеуіштік магистралды бәсеңдетуді 0,5 кгс/см²-ге дейін ұлғайту қажет.

Токтатуға есепсіз тежеу кезінде автотежеуіштерді машинист краны тұтқасын пойыз жағдайына және пойыз жылдамдығын тұрақтандырғаннан кейін талап етілген орында тоқтау үшін қайта тежеуді орындау әзірлігімен оны III жағдайға ауыстырумен жүргізуге рұқсат етіледі.

Қызметтік тежеуден кейін автотежеуіштерді босатуды №395 кранының тұтқасын теңестіргіш резервуарда оны кейіннен пойызық жағдайға ауыстырумен белгіленген зарядты қысымды алғанға дейін I жағдайға ауыстырумен орындайды.

Электр пойыздарының автотежеуішті басқару тәсілдері мен әдістері локомотивтік тартқышпен жолаушылар поезының автотежеуіштерін басқару тәсілдері мен әдістеріне ұқсас.

Егер локомотивтік бригада құрамда ұшқын немесе тежеуіш босатылып тұрған кезде СОТ (СНТ) шамы күтпеген жерден жанып кетсе, онда ол пойызы дөңгелек жұбының жағдайын тексеру және ұшқын туындатқан ақауды жою үшін қызметтік тежеумен токтатуы тиіс.

Вагонның тежеуішін сөндіру қажет болған жағдайда машинист тежеуіштік магистралдан №292 ауа таратқышқа қарай бұрмада ажыратылған кранды жабуға, вагонның қосалқы резервуарынан ауаны шығаруға және шығару клапанын ашық қалдыруға міндетті.

№ 404 қысым релесін ажыратқан кезде қосалқы резервуардан ауаны шығармайды. Егер тежеуіштік цилиндрде қысым релесін ажыратқаннан кейін ауа қалып қойып, тежеуіш босатылмаса, онда тежеуіштік цилиндрдің немесе оған апаратын шлангының тығынын босатады.

Электрпневматикалық тежеуіштерді басқару. Басқару жұмыс кабинасында №395 машинисі кранының тұтқасы ІІ жағдайда болуы тиіс. Бұл ретте пультта ЭПТ қорек көзінің дұрыстығын және артқы вагонның тежеуіштік адыратып-қосқышы дұрыс жағдайда екендігін көрсететін К бақылау шамы жануы тиіс.

Арқалық бойынша пойыз қозғалысы кезінде жылдамдықты және станциялар мен аялдау платформаларындағы тоқтауды реттеу үшін сатылы тежеуді және тежеуіштерді сатылы босатуды орындайды.

Жылдамдыққа және дөңгелектің рельстермен ілінісу жағдайларына қарай тежелудің бірінші сатысын тежеуіштік цилиндрлерде қысымды кейіннен қажет жағдайда сатылармен $3,8,4,0 \text{ кгс/см}^2$ толық қысымға дейін дейін арттырумен $1,0...1,5 \text{ кгс/см}^2$ мәнге дейін арттырып, жүзеге асырады.

Сатылы тежеуді № 395 машинисі кранының тұтқасын ІІ жағдайдан VА жағдайға қысқамерзімді орналастырумен орындайды. Тежеуіштік цилиндрлерде талап етілген қысымға жеткенде №395 кранының тұтқасын IV жағдайына ауыстырады.

Тежеуіштерді сатылы босатуды машинист кранының тұтқасын жабу жағдайынан пойызық жағдайға және кері қысқамерзімді орналастырумен, толық босатуды – машинист кранының тұтқасын кейіннен №395 кранын ІІ жағдайға ауыстырумен І жағдайға қоюмен алады. Тежеуіштерді босатуды бас вагонның тежеуіштік цилиндрінің манометрі және сигнализатордың сөнген шамы бойынша бақылайды.

Станцияларға, аялдау платформаларына, тыйым салынған белгілерге және жылдамдықты шектеу орындарына жақындаған кезде тежеу қосылған ЭПТ кезінде тежеуіштік магистралды бәсеңдетумен және кейіннен кран тұтқасын тежеуіштік магистралдық кемуін қоректендірмей жабу жағдайына аударумен жүзеге асыру қажет.

Бастырмалық ажыратып-қосқыш көмегімен электропневматикалық тежеуіштерді басқару уақытында машинист кранының тұтқасы пойыздық жағдайда болуы тиіс. Маневрлік, бағдаршамның тыйым салынған белгісінде тежеу кезінде, тұйық жолға кірген кезде бастырмалық ажыратып-қосқышты пайдалануға тыйым салынады.

12.4.Қысқы кезеңде тежеуіштерді басқару ерекшеліктері. Тежеуіштік жабдықтардың қатып қалуының алдын алу

Жалпы мәліметтер.Тежеуіштердің қатуы жылы температурадан суық температура ауысу кезеңдеріне неғұрлым ықтимал, +5 °С температурасы кезінде де орын алуы мүмкін.

Тежеуіштердің қатуының ықтималдығын азайту үшін компрессорлар мен айдалатын ауаны шектен тыс қыздыруға жол берілмеуі тиіс, ауаның қысымын азайтатын ылғалжинағыштар мен аспаптардан ылғалды уақтылы жою қажет (машинист краны, ЭПК-150И, №° 254 краны, № 367М бұғаттау құрылғысы, редукторлар және т.б.).

Қысқы уақытта тежеуіш жұмысы резеңе бқйымдардың, бұрандалы қосылыстардың нығыздайтын қасиеттерінің төмендеуінен, майдың қоюлануынан, иінтіректі берілісте, тежеуіштік қалыптарда мұздың пайда болуы нәтижесінде нашарлайды.

Тежеуіштік жабдықтардың қатуына мынадай жағдайлар алып келеді:

бас резервуарлардан, машинист крандарынан, локомотивтің тежеуіштік және қоректік желілерінен, ЭПК-150И және т.б. ылғалды уақтылы алып тастамау;

локомотив пен құрамның тежеуіштік және қоректік желілерінен ауаның көп кемуі;

екеудің орнына бір компрессордың жұмыс істеуі немесе компрессорлардың өнімділігінің төмендігі;

тежеуіштік аспаптарды ұстау және оны жөндеу қағидаларын сақтамау (аспаптардың үйкелген бетінде майдфң болмауы немесе сәйкес келмейтін марка майын, лас сүзгілерді, май айырғыш, майды айдау құбырынау тастау және т.б.);

иінтіректі берілістен мұз бен қарды уақтылы тазаламау;

Ылғал мен дымқыл құмсалғыш бункеріне түсуі, оларды ұстау қағидасының бұзылуы.

Тежеуіш жабдықтарының істен шығуын талдау қысқы уақытта барынша осал орындар мыналар екенін көрсетті:

секцияаралық қосылыс (біріктіргіш жең, әсіресе калибрлі шайбамен, аяққы кран, құбырөткізгіштердің иілу орны, тепловоз қысымын реттеуіштерді бұғаттау орны);

ылғал жинағыш және олардың төмен түсіргіш крандары (әсіресе компрессордан кейін бірінші бас резервуар, компрессор тоназытқышы);

бас резервуарлардан №367М бұғаттау құрылғысына немесе машинист кранына қоректік құбырөткізгіш және осы аспаптардан тежеуіштік магистраль құбыры (әсіресе машинист кабинасы астындағы);

№° 304 (404) қысымының релесі, № 367М бұғаттау құрылғысы, АК-11Б қысымының реттеуіші, тежеуіштік цилиндрлер;

ажыратылған крандар, бас резервуарлардың қайта өткізу құбырлары, оны резервуарға енгізу орнындағы айдау құбыры.

Тежеуіштік жабдықтардың қатуының алдын алу және жою шаралары. Локомотивті қабылдау. Локомотивті деподан шығарған кезде ауаның бар кемуі жойылуы тиіс, жарамсыз резеңке элементтер ауыстырылып, бас резервуарлар мен пневматикалық жүйе тазартылады. Үйкелісті және топсалы қосылыстар майлануы қажет.

Локомотивті қабылдаған кезде машинист ТУ-152 нысанды журналдағы соңғы жазбалармен танысып, белгіленген олқылықтардың жойылғанына көз жеткізуі тиіс. -30°C төмен температура кезінде локомотив ұзақ тұрғаннан кейін компрессорды іске қосар алдында оның қартерінің жылыту құрылғысын қосады, ал мұндай құрылғы болмаған жағдайда қартерге қыздырылған май құяды.

Сосын бас резервуарлардың тұндырмаларын (компрессорға жақын тұрғанынан бастап), содан кейін қоректендіру желісін, екі кабина жағынан да тежеуіштік магистралді, секцияаралық қосылыстарды үрлеу орындалады. Соңында машинист кранының тұтқасын I жағдайдан VI жағдайға бірнеше рет ауыстырумен оны үрлейді, содан соң екі кабинаның автостоптарының іске қосылуын тексереді.

Егер үрлеу тәртібін бұзса (мысалы, қоректендіру желісінен бастаса), сулы-майлы эмульсияның бөлігі тұндырмадан машинист кранына түседі.

Ылғал жинағыш, ылғал-май бөлгіш, оның ішінде компрессор тоназытқышының иректүтігі, резервуарлар мен локомотивтерді басқару тізбегінің ылғал-май бөлгіш құрылғыларының барлығы тыңғылықты үрленуі тиіс (бұл ретте электровоздарда ондағы қысымның көтеріңкі тоқ қабылдағышы кезінде кемі 4 кгс/см^2 мәнге дейін төментеуге рұқсат етілмейді).

Суықтан қатып қалған крандармен және үрлеу резервуарларымен, осы крандардың жұмыс істемейтін жылыту құрылғыларымен деподан шығуға қатаң тыйым салынады.

Үрлеуді әдетте, қол жетегінің көмегімен, ал ол болмаған жағдайда – үрлеу шұрасының клапанын басып немесе басқару пультіндегі түймені қосудан орындайды.

Сосын қоректік, тежеуіштік магистральдан және локомотивтің екі жағынан да №367М бұғаттау құрылғысы арқылы ауаның өтуін тексеруге кіріседі.

Тежеуіштік және қоректендіру магистралінің өтімділігін бақылаудың басқа да тәсілі бар. Жұмыс істемейтін кабина жағынан ашық артқы кранда және жұмыс істеп тұрған компрессорларда машинист кранының тұтқасы 5 с ішінде I жағдайда болған кезде тежеуіш магистраліндегі қысым $2,0...3,0 \text{ кгс/см}^2$ ұсталуы тиіс.

Қысымның $4,0...5,0 \text{ кгс/см}^2$ шегінде болуы тежеуіштік магистральда дроссельді саңылаумен мұз кептелісі, ал $0,5, 1,0 \text{ кгс/см}^2$ шегінде – қоректендіру магистралінде тарылу пайда болу ықтималдығын көрсетеді.

Локомотивті қабылдау кезінде төмен түсіргіш кранды электрлік

жылыту тізбегіне баса көңіл бөледі. Көмекші пультіне вольтметр тілін орналастыру тізбектің жарамдылығын көрсетеді.

Машинист компрессордың талап етілген өнімділігімен жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізуі тиіс. Бұл арқылы компрессордың жарамдылығы ғана емес, сонымен бірге қайта өткізу және айдау құбырлары, ажыратылған крандар, коректендіру құбырөткізгішінің иілімі арқылы ауаның өтуі де бақыланады.

Қысқы уақытта локомотивті қабылдау кезінде машинист кранының жарамды жұмысына (теңестіргіш поршенінің сезімталдығы мен оның тығыздығы, қызметтік тежеу қарқыны, теңестіргіш резервуардың тығыздығы, онда қысымның артуының болмауы, теңестіргіш резервуар мен тежеуіш магистралінің зарядтау уақыты) баса назар аударады.

Тежелуге, босатуға ауа таратқыштың сезімталдығын тексереді, №° 304 (404) қысымының релесі іске қосылған кезде тежеуіштердің босатылғанына көз жеткізеді.

Құрамнан ағытпай локомотивті қабылдаған кезде дәйекті түрде компрессор тоңазытқышын, ылғал жинағышты және бас резервуарлардың ылғал-май бөлгішін үрлейді. Жұмыс кабинасы жағынан тежеуіштік желінің біріктіретін жеңінің өтімділігін тексереді, жұмыс істемейтін кабина жағынан аяққы крандарды жабады, жеңдерді ажыратады. Құрам мен локомотивтің тежеуіштік магистралін үрлейді.

Осы уақытта туындаған ауа тегуірінінің күрт төмендеуі машинист краны мен аяққы кран арасындағы құбырөткізгіштің тарылу нәтижесі болуы мүмкін.

Составпен жүру. Локомотивті құрамға тіркеп, тежеуіштерді зарядтағаннан кейін бас резервуарлардың тұндырмаларын тағы бір рет үрлейді, өйткені оларда компрессорлардың одан әрі жұмысы кезінде көп ылғал жиналып қалады.

Электровоздарда ылғал-май бөлгіштер мен ылғал жинағыштардан жиналып қалған конденсатты жою үшін әр 20...30 мин сайын (компрессорды әлсін-әлсін қосуына және қоршаған орта температурасына қарай) оларды үрлеуді жүзеге асырады. Тепловоздарда бас резервуарларды үрлеуді резервуардың бірінші компрессорынан бастап тұрақтарда орындайды.

Конденсатты жою үшін үрлеу кранын жайлап, шағын шамада ғана ашады, өйткені оны күрт және толықтай ашқанда саңылаудан «шығып кететін» су-майлы эмульсия қабықшасы тесіледі, сөйтіп ылғал толықтай жойылмай қалады. Жүру жолында көтерілгенде немесе байтарап салғы алдында (электровоздарда) резервуарларды үрлеуге рұқсат етілмейді. Себебі бұл пойыз тежеуішінің іске қосылуына алып келуі мүмкін.

Машинист көмекшісі алдыңғы және артқы кабина манометрі бойынша тежеуіштік желіде және бас резервуарлардағы қысымды әлсін-әлсін салыстырып отыруы тиіс, ал машинист – пойыздың тежеуіштік желісінің тығыздығын тақылауы қажет. Электровоздарда коректендіру магистралінің секцияаралық біріктіргіш жеңінің қатып қалуының алдын алу үшін аз уақыт аралығына әлсін-әлсін жетекші

секциядағы компрессорды ажыратып отырады.

Бұл ретте жең бойынша секциялар мен қарқынды қозғалыс арасындағы қысым түсе бастайды. Компрессордың жұмыс істеп тұрған кезеңінде конденсатты жою үшін секциялардың біреуінде ғана осы секцияның бас резервуарларын үрлейді. Ылғал жинағыш крандарын қыздыру құрылғысын 30.40 мин қосады, содан кейін бас резервуарларды үрлейді.

Қыздыру құрылғысын ұзақ уақытқа қосу ұсынылмайды, өйткені олардың шектен тыс қызуы салдарынан үрлегіш клапандары зақымдануы мүмкін. Осы себептен қоршаған орта температурасы $+3.5^{\circ}\text{C}$ -тен жоғары болған кезде крандардың өыздыру құрылғысын қоспаған жөн.

Бас резервуарларды, қайта өткізу құбырларын, айдау және қоректендіру магистралін олардан тығыздалған ауаны шығарғаннан кейін ғана отпен жылытуға болады. Шығару крандары жабық болуы тиіс. Крандарды отты сөндіргеннен кейін ғана ашуға рұқсат етіледі.

Ашық жалынмен қатып қалған резеңке бұйымдары бар тежеуіш аспаптары мен олардың тораптарын қыздыруға тыйым салынады. Ауа таратқыш қатып қалған кезде оны сөндіріп, жұмыс көлемдерінен тежеуіштік цилиндр штогы толық шыққанға дейін ауа шығару қажет.

Локомотивте тежеуіш цилиндрлерінің бірі қатып қалған жағдайда ауа таратқышты қосулы күйде қалдырып, қалған тежеуіштік цилиндрлермен жұмысты жалғастыру қажет. Депоға келгенде қатып қалған тежеуіштік цилиндрді тексерген жөн.

Локомотивті тапсыру. Локомотивті құрамнан ажыратқаннан кейін алдымен бас резервуарлардың ылғал-май бөлгіші мен ылғал жинағышын, сосын біріктіргіш жең арқылы тежеуіштік және қоректендіру магистралін үрлейді. Егер үрлеу тәртібін өзгертсе, онда барлық жиналып қалған конденсат машинист краны және № 367М бұғаттау құрылғысы арқылы тежеуіштік желіні лаптап, соған қарай ығысады.

Уақыт жетіспеген жағдайда үрлеудің толық циклін локомотив депоға кіргеннен кейін орындайды, сосын сол жерде иіңтіректі берілісті мұз бен қардан тазартады. Екі кабинадан құм берілісті тексереді, үрлеу кранының қыздыру құрылғысын ажыратады.

Электровоз немесе электр поезын тұнбаға қойған кезде де ылғал-май бөлгіштің краны ашып қойып, қосалқы компрессор жұмысына назар аударады.

Бандаж дөңгелегіне тежеуіш қалыптарының қатып қалуын болдырмас үшін тежеуішті босатқан күйде қалдырады, ауаны ашық қалдырылған үрлегіш крандар арқылы шығарады. Үрлеу крандары мен басқа да қатқан орындарды локомотивтік немесе жөндеу бригадасы қыздырады.

Қыста тежеуіштерді басқару ерекшеліктері. Қоршаған орта температурасы төмендеген кезде тежеуіш аспаптарының резеңке бұйымдары ішінара өзінің икемділік қасиетін жоғалтады, соның салдарынан тежеуіш жабдығы бөлшектерінің нығыздалу сапасы

төмендейді. Бұл тежеуіштерді басқаруды нашарлатып, тежеуіштік магистралдан ауаның кемуін ұлғайтады.

Тежеуіш қалыптарына қар жабысып, мұз қатып қалғанда, тежеудің бастапқы кезеңінде тежеуіштік қалыптың үйкеліс коэффициенті төмендейді. Майдың қоюлануы, тежеуіштік цилиндрлердің қатуы, иінтіректі берілісте мұздың қатуы оның ПӨК-ін төмендетеді, сондықтан оны орналастыру үшін қосымша күш талап етіледі.

Қыста егер пойыз осы уақыт аралығында автотежеуіштерді қолданбай жүрсе, ал тежеуді алдын ала және тежеуіштік магистральда қысымның аса төмендеуімен жүзеге асырса, жол бойында тежеуіш әрекетін әр сағат сайын тексеруі қажет.

Қысқы кезеңде кейде тежеуіштер іс-қимылын тексерген кезде тежеуіштік қалыптың үйкеліс бетіндегі мұз қабыршығы тежеуіштік жолды ұлғайтуға алып келеді. Сондықтан қар қалың жауғанда, оппы қар басқанда композициялық қалыптармен пойызарда тежеуіштер іс-қимылын тексерер алдында қалыптың үйкеліс бетінен қар мен мұзды жою үшін алдын ала тежеуді орындау қажет (қалыптың үйкеліс бетінен мұз қабыршағын 20...25 м сайын алып тастайды).

Егер мұндай тежеу тежеуіштердің іс-қимылын тексергенге дейін мүмкін болмаса, онда жылдамдықты сағатына 10 шақырым төмендету үдерісінде пойыздың жүріп өткен ара-қашықтығын есептеуді пойызын тежелу басталғаннан кейін 200...250 м ара-қашықтықты жүргеннен кешікпей, жылдамдықты төмендеткеннен бастап жүргізу қажет.

Қар қалың түскенде, боранда, деңгейі рельс бастиегі биіктігінен асатын қар жауғанда, станцияға кірер алдында немесе қия беріс бойынша жүрер алдында тежегенге дейін егер пойызын бұған дейін тежелусіз жүру уақыты 20 минуттан асса, автотежеуіштер жұмысын тексеру үшін тежеуді орындау қажет.

Тежеуді күшейту қажет болғанда жүк пойызында екінші сатыны магистральды кемі $0,5 \text{ кгс/см}^2$ бәсеңдетумен жүзеге асырады.

Егер тежеудің бірінші сатысынан кейін станцияға және тыйым салынған белгіге жақындаған кезде жеткілікті тежеуіштік әсер алынбаса, шұғыл тежеуді қолданады.

1 кгс/см^2 асатын тежелу сатысы немесе тежеуіштік цилиндрде $2,5 \text{ кгс/см}^2$ қысым кезінде, рельстері ластанған учаскелерде және төмен қысым кезінде тиімді тежелу және дөңгелек жұбының сыналануының алдын алу үшін локомотивтің дөңгелек жұбының астына алдын ала құм себу қажет.

Белгіленген қысымға дейін тежеуіштерді босатуды машинист кранының тұтқасын I жағдайына ауыстырумен ғана орындайды. Машинист кранының тұтқасын босату жағдайына ауыстырған сәттен пойызы тоқтағаннан кейін қозғалысқа келтіргенге дейінгі уақытты ұлғайтады (12.3-кестені қараңыз).

Тұрақта аса қажеттілік болмаса, пойызы тежелген жағдайда ұзақ ұстап тұру ұсынылмайды, өйткені бұл қалыптардың, дөңгелек бетінің қатуына, қозғалған кезде тайғанауына алып келеді.

Бақылау сұрақтары

1. Локомотивтік тартқышпен пойыздарда жолда автоматты тежеуіштер мен ЭПТ іс-қимылын қандай жағдайларда орындайды?
2. Электр пойызарында қандай жағдайларда электродинамикалық тежеуіштерді пайдалануға тыйым салынады?
3. Шұғыл тежелуді қандай жағдайларда қолданады?
4. Жолаушылар пойызында тежеуіштерді басқару кезінде қандай жағдайларда жабу ретінде №395 машинист кранының тұтқасын III жағдайда пайдалану қажет?
5. Жолаушылар пойызында шұғыл тежеуден кейін тежеуіштердің босатудың ерекшеліктері қандай?
6. Тежеуіштік жабдықтарды ұстауда қандай бұзушылықтар оның қатуына алып келеді?
7. Тежеуіш жабдықтарын қыздыру бойынша операцияларды орындаған кезде қандай қауіпсіздік техника қағидаларын сақтау қажет?
8. Қысқы кезеңде тежеуіштерді басқару ерекшеліктері қандай?

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМДЕРІ

1. Албегов Н. А., Фокин М. Д., Ясенцев В. Ф. Электропневматикалық тежеуіш. – М.: Көлік, 1974. – 232-бет.
2. Астахов П.Н., Гребенюк П. Т., Скворцова А.И. Тартымдық есептер бойынша анықтама. – М.: Көлік, 1973. – 255-бет.
3. Завьялов Г.Н. Локомотивтер мен мотор-вагондық жылжымалы құрамның тежеуіштік жабдықтарын жөндеу. – М.: Көлік, 1971. – 271-бет.
4. Иноземцев В.Г., Казаринов В. М., Ясенцев В. Ф. Автоматты тежеуіш. – М.: Көлік, 1981. – 463-бет.
5. Иноземцев В. Г. Темір жол жылжымалы құрамның тежеуіштері. – М.: Көлік, 1979. – 423-бет.
6. Иноземцев В.Г., Абашкин И. В. Жылжымалы құрамның тежеуіштік және пневматикалық жабдықтары. – М.: Көлік, 1984. – 341-бет.
7. Темір жол жылжымалы құрамның тежеуіштерін пайдалану жөніндегі нұсқаулық (ЦТ-ЦВ-ЦЛ-ВНИИЖТ/277). – М., 2002. – 160-бет.
8. Вагонов вагондардың тежеуіштік жабдықтарын жөндеу жөніндегі нұсқаулық (ЦВ- ЦЛ/945). – М., 2003. – 128-бет.
9. Локомотивтер мен мотор-вагондық жылжымалы құрамның тежеуіштік жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және сынау жөніндегі нұсқаулық (ЦТ/533). – М., 1998. – 213-бет
10. КПД-3 деректерін жинау және тіркеу құралдары кешендерін пайдалану, диаграммалық лентаны шешу жөніндегі нұсқаулық (ЦТ/397). – М., 1996. – 75-бет.
11. Ресей Федерациясы темір жолдарында пойыздар қозғалысы мен маневрлық жұмыс бойынша нұсқаулық (ЦД/790). – М., 2000. – 317-бет.
12. Ресей Федерациясы Темір жолдарда сигнал беру жөніндегі нұсқаулық (ЦРБ/757). – М., 2000. – 128-бет.
13. Ресей Федерациясы Салмағы мен ұзындығы артық жүк пойызарына қарауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (ЦД-ЦТ/851). – М., 2001. – 32-бет.
14. Крылов В. И., Крылов В.В., Лобов В.Н. Тежеуіштерді басқару аспаптары. – М.: Көлік, 1982. – 136-бет.
15. Крылов В. И., Крылов В. В. Жылжымалы құрамның автоматты тежеуіші. – М.: Көлік, 1983. – 359-бет.
16. Крылов В.В., Ефремов В.Н., Демушкин П. Темір жол жылжымалы құрамның тежеуіштік жабдығы: Анықтама. – М.: Көлік, 1989. – 494-бет.
17. Меренцев С. П. Локомотивтер компрессорлары. – М.: Көлік, 1974. – 79-бет.
18. Пархомов В. Т. Тежеуіштер құрылысы және оларды пайдалану. – М.: Көлік, 1994. – 208-бет.
19. Ресей Федерациясы Темір жолдарды техникалық пайдалану қағидасы (ЦРБ/756). – М., 2000. – 189-бет.
20. Ресей Федерациясы темір жол жылжымалы құрамның әуе резервуарларын қадағалау қағидасы (ЦТ-ЦВ-ЦП/581). – М., 1999. – 53-бет.

Кіріспе	3
1-тарау. Тежелудің негізгі теориясы	5
1.1. Тежеуіштерді тағайындау.....	5
1.2. Қозғалысты баяулатуды құру тәсілдері	5
1.3. Тежеуіштер сыныптамасы.....	6
1.4. Тежеуіш күш қалыптастыру.....	7
1.5. Тежеуіштік қалыптардың үйкеліс коэффициенті.....	9
1.6. Ілінісу коэффициенті	10
1.7. Тайғанамай тежелу жағдайы	11
1.8. Тежеуіш күшін реттеу тәсілдері	12
1.9. Тежеуіш жолы	14
2-тарау.	
Жылжымалы құрамның пневматикалық тежеуіштік жабдығының схемалары	19
2.1. Тежеуіштік жабдық аспаптарының сыныптамасы	19
2.2. Тежеуіштік жабдықтың пневматикалық схемалары	20
3-тарау. Тығыздалған ауаны көректендіру және сақтау аспаптары	51
3.1. Компрессорлар.	
Жұмыстың жалпы ережелері және негізгі көрсеткіштері	51
3.2. КТ-6, КТ-7, КТ-6 Элкомпрессорлары	55
3.3. ПК-5,25 және ПК-3,5 компрессорлары	63
3.4. ЭК-76 және ЭК-7в компрессорлары.....	67
3.5. К-2компрессоры.....	69
3.6. Қысым реттеуіші.....	71
3.7. ГБас резервуарлар.....	76
4-тарау. Тежеуіштерді басқару аспаптары	79
4.1. Машинист краны. Машинист кранының қолданылуы және түрлері....	79
4.2. № 395 машинистінің пойыздық краны	80
4.3. № 395 машинисті крандарының электр контроллері.....	90
4.4. № 254 қосалқы локомотивтік тежеуішінің краны.....	92
4.5. № 377 қосалқы тартымының краны және №114 құрама краны.....	97
4.6. Тежеуіштерді бұғаттаудың №367М құрылысы	98
4.7. № 418 датчигімен тежеуіштік магистралінің үзілуінің сигнализаторы.....	102
4.8. КПЭ-99 электрлік бұғаттау клапаны	104
4.9. Тежеуіштерді босату сигнализаторы.....	107
4.10. Басқарудың пневматикалық ажыратқышы	109
5-тарау Тежелу аспаптары мен авторежимдер	112
5.1. Ауа тартқыштар. Жалпы ережелер	112
5.2. № 292-001 ауа тартқышы	113
5.3. № 483.000 (483.000м) ауа таратқышы.....	119

5.4. № 304 және № 404 қысымының релесі (қайталаушы)	133
5.5. режимдерді автоматты реттеуіш торможения (авторежимдер)	135
5.6. Тежеуіштік цилиндрлер	142
5.7. Қосалқы резервуарлар	148
6-тарау. Ауа өткізгіш және оның арматурасы	151
6.1. Магистральдар	151
6.2. Крандар	152
6.3. Клапандар	155
6.4. № 348 редукторы	167
6.5. Біріктіргіш жөңдер	169
6.6. Ылғал-май бөлгіш, сүзгіштер мен шаң тазалағыштар	171
7-тарау. Электропневматикалық тежеуіштер	174
7.1. Электропневматикалық тежеуіштер схемалары және олардың жұмыстарының жалпы қағидаттары	174
7.2. ЭПТ артықшылығы мен кемшіліктері	176
7.3. Екісымды ЭПТ құрылымдық схемасы және тежеуіштік аспаптардың қолданылуы	177
7.4. № 305-000 электр ауа таратқышы	178
7.5. Вагонаралық қосылыс	184
7.6. Оқшауланған аспаптар мен ұстатқыш қораптар	185
7.7. Локомотивтік тартыммен жолаушылар пойыздарының ЭПТ электр схемасы	187
7.8. Электр пойыздарының ЭПТ жабдығы	192
8-тарау. Тежеуіштік иінтіректі беріліс	207
8.1. Иінтіректі берілістің қолданылуы және оларға қойылатын талаптар	207
8.2. Иінтіректі берілістің беріліс саны және ПӘК	208
8.3. Иінтіректі берілістің типтік схемалары мен егжей-тегжейі	211
8.4. Тежеуіштік иінтіректі берілісті реттеу	228
9-тарау. Автоматты локомотивті сигнализация, автостоптар мен жылдамдық өлшеуіш	239
9.1. Жалпы мәліметтер	239
9.2. АЛСН құрылымы және жұмыстың жалпы қағидаты	240
9.3. автостоптың электропневматикалық клапаны	244
9.4. КПД-3 электрондық жылдамдық өлшеуіші (деректерді беру кешені)	248
10-тарау. Тежеуіштік жабдыққа техникалық қызмет көрсету	256
10.1. Локомотивті депоға қабылдау кезінде тежеуіштік жабдықты қарау және тексеру	256
10.2. Құрамнан локомотивті ажыратпай бригадалардың ауысымы кезінде тежеуіштік жабдықты тексеру	258

10.3. Басқару кабинасын ауыстыру тәртібі. Локомотивті құрамға тірек және құрамнан ажырату	259
11-тарау. Пойыздарды тежеуішпен қамтамасыз ету	263
11.1. Жүктік және жолаушылар пойыздарына арналған тежеуіштік нормативтер. Тежеуіштік басу жетіспеген кездегі пойыздардың жүру тәртібі	263
11.2. Пойыздарда тежеуіштерді сынау түрлері мен тәртібі	265
11.3. Пойыздарды тежеуіштермен қамтамасыз ету және олардың жарамдылық іс-қимылдары туралы ВУ-45 нысанды анықтама және оларды толтыру тәртібі	274
11.4. Жұмыс істемейтін локомотивтерде тежеуіштерді қосу	276
11.5. Тежеуіштерді бақылау тексеру	276
12-тарау. Тежеуіштерді басқару	281
12.1. Жүру жолында тежеуіштердің іс-әрекетін тексеру	281
12.2. Қалыпты құрастырылымдағы жүк пойыздары мен жолаушылар пойыздарының тежеуіштерін басқару	284
12.3. Электр пойыздары тежеуіштерін басқару	290
12.4. Қысқы кезеңде тежеуіштерді басқару ерекшеліктері. Тежеуіштік жабдықтың қатуының алдын алу	292
Әдебиеттер тізімі	298

Учебное издание

**Афонин Геннадий Сергеевич,
Барщенков Владимир Николаевич,
Кондратьев Николай Витальевич**

**Жылжымалы құрамның тежеуіштік жабдығының
құрылысы және оны пайдалану**

Оқу құралы

8-шібасылым, стереотипті

*Редакторы Н.А. Голованова, **Ә. Шапауов**
Техникалық редактор О. Н. Крайнова
Компьютерлік түптеу: В.А.Қрыжко
Корректорлары Е. В. Соловьева, Т. Н. Морозова*

Басылым. № 108105582. 10.02.2014 басылуға жіберілді. Форматы 60 х90/16.
Қағазы офсеттік. № 1. «Таймс» гарнитурасы. Баспа офсеттік. **Шартты баспа табағы. 19,0.**
Таралымы 1 200 дана, Тапсырыс №

«Академия» баспа орталығы» АБҚ. www.academia-moscow.ru129085,
Мәскеу, Мир даңғылы, 101В, 1-бет.
Тел./факс: (495) 648-0507, 616-00-29.
№ РОСС RU. АЕ51. Н 16474 от 05.04.2013 санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды.

Баспа ұсынған электрондық тасығыштармен басылды,
«Саратов полиграфкомбинат» ААҚ-да. www.sarpk.ru
410004, Саратов қ, Чернышевский көшесі, 59.